

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



Қазақстан
КОММУНИСТІ

6

ИЮНЬ

1969

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

6 ИЮНЬ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

М А З М Ұ Н Ы

ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

- Бас мақала — Идеологиялық жұмыстың жетекші принциптері 3
А. Мамырбаев — Лениндік партия — интернационалдық партия 9

ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

- Ш. Қоспанов — Дарқан Орал алқабы 15

КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

- В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі 22
Ж. Бектепов — Көсемнің жұмыс кабинеті мен пәтері 31

БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

- Колхоз құрылысының құдіретті күші 36

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

- Ш. Қабылбаев — Қоғамдық тәртіптің қырағы сақшылары 41
Ә. Қуандықов — Маркстік-лениндік теорияны терең үйренейік 46
Ә. Құдайбергенов — Мәдени-бұқаралық жұмыс орталығы 51

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫШҚА

- И. Горбенко — Аудандық комитет және экономика мәселелері 55
Н. Фелифоров — Өндірісті басқару негіздері 60
Ю. Лихачев — Табыс кепілі 64
Б. Қайымов — Совхоз астырының өзіндік құны 68

ҒЫЛМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

- Ә. Зұлқарнаев, Ж. Боданов — Мешеуліктен асқар шыңға 72
Г. Жүсіпбекова — Қазақстанда жер-су мәселелерінің шешілуі 74

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

- Ә. Герасимова — Пугачев көтерілісіне қазақтар да қатысқан 78
Партия ұйымдарында 79

СОДЕРЖАНИЕ

ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

- Передовая — Руководящие принципы идеологической работы 3
А. Мамырбаев — Ленинская партия — партия интернациональная 9

ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

- Ш. Коспанов — Благодатная земля Приуралья 15

СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДЯ

- Краткий биографический очерк о В. И. Ленине 22
Ж. Бектепов — Здесь жил и работал Ильич 31

НА ТЕМЫ ДНЯ

- Могучая сила колхозного строя 35

ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

- Ш. Кабылбаев — На страже общественного порядка 41
А. Куандыков — За глубокое изучение марксистско-ленинской теории 46
А. Кудайбергенов — Центр культурно-массовой работы на селе 51

НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

- И. Горбенко — Райком и вопросы экономической работы 55
Н. Фелифоров — Основы управления производством 60
Ю. Лихачев — Залог успеха 64
Б. Каюмов — Себестоимость совхозного хлеба 68

НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

- А. Зулхарнаев, Ж. Боданов — От отсталости к вершинам прогресса 72
Г. Джусупбекова — Разрешение вопросов землепользования и землеустройства в Казахстане 74

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

- Э. Герасимова — Участие казахов в восстании Пугачева 78
В партийных организациях 79

ГОС. БИБЛИОТЕКА
С. Пушкин
Инв. № 16959



ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕТЕКШІ ПРИНЦИПТЕРІ

Коммунистік партия, совет халқы социализм мен коммунизм жолына бірінші болып түсті. Адамзат қоғамының дамуында, тарих барысында тыннан тұңғыш жол тартуда партиямыз бен халқымызға күш-қуат беріп, жолын нұрландырып тұрған мәңгі өшпес шамшырақ бар, ол — маркстік-лениндік ілім. Әрбір коммунист, әрбір совет адамы күнделікті өмір тіршілігінде, еңбекте ленинизмнен нәр алып, В. И. Лениннің өсиеттерін бұлжытпай орындауға ұмтылады. Өйткені «ленинизм — революциялық күрестің және жаңа қоғам орнатудың аса күрделі мәселелерін шешудің теориялық негізі». Ленинизм қағидаларының бірі, ұлы көсем өсиеттерінің бірі — маркстік-лениндік теорияның қіршіксіз тазалығын сақтау, буржуазиялық идеологияның қандай да болсын көріністеріне қарсы принципті, ымырасыз күрес жүргізу.

Марксизмнің тазалығы жолындағы, буржуазиялық идеологияға қарсы ымырасыз күрестің үлгісін Владимир Ильичтің өзі көрсетіп берді. В. И. Ленин партиямыздың идеологиялық негізін қалап, революциялық күрестің барысында оны дамытып отырды. Әйгілі «Не істеу керек?» деген еңбегінде сонау 1902 жылдың өзінде ұлы көсеміміз былай деп жазды: «Не буржуазиялық идеология, не социалистік идеология. Бұл жерде аралық идеология жоқ. Сондықтан социалистік идеологияның маңызын кемітушіліктің қандайы болса да, одан шеттеушіліктің қандайы болса да буржуазиялық идеологияны күшейткендік болып табылады». Социалистік идеологияны осылай «кемітушілікке», одан «шеттеушілікке» душар болмаудың жолын да көрсетіп берді Владимир Ильич. Бұл жол — идеологиялық жұмыста партиялық принципті әрдайым басшылыққа алып, оны қатаң сақтау. Осы партиялық принциптің негіздерін Владимир Ильич «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» деген еңбегінде айқындап берді.

Сөйтін екі тап — буржуазия мен пролетариат таптары және екі идеология — буржуазиялық және коммунистік идеология бар. Оның біріншісі аттөбеліндей азшылықтың, үстем таптың мүддесін көздейтін қанаушылар идеологиясы болса, екіншісі — адамзаттың асыл арманын — тапсыз да қанаусыз қоғам — коммунизм орнатуға мензейтін, соған қызмет ететін қалың бұқараның идеологиясы. Табиғатында адамға, оның бақытына қарсы идеология болғандықтан буржуазиялық идеология өзінің түпкі мәні мен таптық табиғатын қаншама жасыруға тырысып бақса да, оның өз табына, қанау мен езупшілікке негізделген құрылысқа қызмет ететіні қазірде баршаға аян. Оған қарама-қарсы социалистік идеология өзінің партиялық, таптық негіздерін қастерлеп,

жұмысшы табына, барлық еңбекшілерге қызмет ететінін ашықтан-ашық жариялайды. Міне сондықтан да буржуазияны жақтаушылар таптық, партиялық принцип атаулыға өршелене қарсы шығып отыр.

Империализмнің идеологтары мен саясатшылары бұл күндері нелер қилы «теориялар» мен «ілімдерді» уағыздауда. Бұлардың әлеуметтік түп тамыры мен мақсаты біреу-ақ, бұл — капитализмнің «прогресшілдігі» мен «өміршендігі» деген жалған тезисті дәйектеу. «Бірегей индустриялық қоғам», «жаппай көркею қоғамы», «демократиялық капитализм» — олардың қазір неше саққа жүгіртіп таратып отырған теориясымақтарының сиқы міне осындай. Алайда көркейіп, өркен жайып отырған социализмнің қалың еңбекші бұқараға пәрменді әсеріне тосқауыл қояр амалы құрыған соң олар енді капитализм мен социализмнің ұласуы жайында қисынсыз, миға қонбайтын «теорияларды» ойлап шығаруда.

Коммунистік партиялық принцип буржуазиялық идеологияның осы залымдық әрекеттерін әшкерелеп, олардың теорияларының жалған негізін еңбекшілер бұқарасына кеңінен түсіндіріп отыруды талап етеді.

Партия ұйымдары буржуазиялық идеологияның адамгершілікке жат мән-мазмұнын, оның адам адамға қас деген шірік моралін, аюандық сыр-сипатын нақтылы фактілермен әшкерелеп отыруға міндетті. Империализм насихатына қарсы бағытталған баспасөз материалдарынан, әдебиет пен өнер туындыларынан, ауыз-екі үгіттен әрбір совет адамының жүрегінде, сана-сезімінде өткір өшпенділік, қайнаған кек тудыратындай жалынды леп есуге тиісті. Бұл күдіретті сезімді жауыр болған сылдыр сөздер мен жаттанды қағидалар тудыра алмаса керек. Осыған орай мынаны мықтап ескеру қажет. Идеология майданының әрбір жауынгері буржуазиялық идеологияның бүкіл айла-амалын, империализмнің іріп-шіріген табиғатын жетік білуге тиісті. Тек сонда ғана дұшпанның талмау жерін, осал буынын дәл тауып, өлтіре әшкерелеуге болады.

Идеологиялық жұмыста лениндік партиялық принципті сақтау дегеніміз — марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау, коммунистердің идеялық сенімділігін нығайту деген сөз. Партия оқуының соңғы жылдары қалыптасқан жүйесі осы талап деңгейіне көтерілуде. Қазір партиялық насихаттың басқа бұқаралық түрлерін жетілдіре түсу міндеті қойылып отыр. Соның бірі — саяси хабар. Саяси хабар коммунистік сенімді нығайтуға, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм сезімін дамытуға, буржуазиялық насихаттың ойдан шығарылған өтірігін әшкерелеуге үнемі көмектесіп отыруға тиіс. Саяси хабаршы — партияның идеялық жауынгері. Ол халықаралық тақырыпқа арналған әрбір әңгімесінде империализмнің халыққа қарсы мән-мазмұнын, капиталистік қоғамда ұлғайып келе жатқан рухани және әлеуметтік дағдарысты терең де батыл әшкерелеуге тиісті.

Буржуазия идеологтары «таза», «таптан тыс» идеология дейтінді уағыздап, соңғы уақытта «шынайы», «ізгі» социализм принциптерін қалыптастыруға жанашыр болғанып жүр. Мұның барлығы социализмнің идеялық қаруын мұқалтуға, реті келсе оны жұлпып алуға, яғни идеологиялық қарусыздандыруға бағытталған айла-шарғылардың түрлері. Осыған орай империалистер коммунистік идеологияға, социализмге қарсы нақтылы қимыл-әрекет те жасап отыр. Бұл тұста буржуазия өзінің бай тәжірибесі мен қолындағы бар құрал-қаруын да, күш-қаражатын да аямай-ақ жұмсауда.

КПСС Орталық Комитеті апрель Пленумының қаулысында атап көрсетілгеніндей, антикоммунистік насихаттың орасан үлкен бүкіл аппараты қазір социалистік елдердің, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін әлсіретіп, нашарлатуға бағытталған. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында коммунизмге қарсы насихат жүргізуші 100-ден аса ұйым арандату жұмысына жыл сайын 500 миллион доллар жұмсайды. Антикоммунизм уытын таратушы ЮСИА-да 12 мыңнан аса

адам қызмет етеді, осының 9 мыңы сол басқарманың 112 елдегі 239 бөлімшесінде жұмыс істейді. Оның үстіне АҚШ жыл сайын антикоммунистік мазмұндағы 600 фильм шығарып, 38 тілдегі радио программасын 98 елге таратып отыр. Ал «Америка үні», «Азат Еуропа», «Би-би-си», «Неміс толқыны» радио станциялары — «бостандық әлемінің», буржуазиялық идеологияның уағызшылары.

Міне осыдан кейін партиясыз, «таптан тыс», «таза» әрі «азат» идеология деген көпірме сөздердің мейлінше жалған екенін ажырату қиын емес. В. И. Ленин былай деп атап көрсеткен болатын: «...тегінде тап қайшылықтары жегідей жеген қоғамда ешуақытта таптан тыс немесе таптан жоғары идеология болуы мүмкін де емес».

Идеологиялық күрес аттөбеліндей шағын теоретиктердің ғана ісі деп топшылау ағаттық болар еді. Қазіргі кезде саяси сана-сезімі өсіп жетілген қалың бұқара идеялық өмір мен күреске қатыспай отыра алмайды. Бұған жоғарыда келтірілген фактілер толық дәлел бола алады. Белгілі бір идеяны халыққа кең таратып жеткізу үшін қазір насихаттың радио мен телевизия, театр мен кино, баспасөз бен живопись сияқты бұқаралық түрлері кең қолданылады. Демек, буржуазиялық идеологияға қарсы күресте советтік баспасөзге, оның әдеби күшіне аса жауапты міндет жүктеледі. Бұл күресте совет баспасөзі революцияның от-жалынында, пролетариат дұшпандарына қарсы күресте шындалып, өсіп жетілген лениндік «Искра» мен «Правдадан» үлгі алады, солардың партиялықты сақтау дәстүрінен үйренеді. Қазір совет баспасөзі ең бұқаралық және ең жауынгер баспасөзге айналды, бұл — лениндік партиялық принципті берік сақтап, пролетариатпен ашық байланыс жасаудың, оған адал қызмет етудің тікелей нәтижесі. В. И. Ленин үйреткендей, баспасөз «жалпы пролетарлық істің», «партиялық жұмыстың құрамды бір бөлігіне...» айналды... Партия лениндік дәстүрді берік сақтай отырып, өзінің баспасөзіне әрдайым қамқоршы болып, нақтылы басшылық жасауда. КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» 1968 жылғы сентябрьдегі қаулысы осының айғағы. Нақтылы басшылық дегеніміз — газеттердің идеялық дәрежесін арттыруға көмектесіп, партиялық принципті берік сақтауын қадағалау деген сөз.

Социализм мен капитализм арасындағы саяси және идеологиялық күрес шиеленіскен қазіргі жағдайда ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қызметкерлері бұл күресте партияның белсенді көмекшілері болып отыр. Олар лениндік партиялық принциптерге сүйене отырып, өздерінің дарыны мен білімін, шеберлігі мен тәжірибесін социалистік идеологияны нығайту, совет адамының коммунистік сенімін арттыру жолына бағыттауда.

Әдебиеттегі партиялық туралы әңгіме қозғағанда, алдымен әдебиет пен өнердің таптық сипаты жөнінде сөз болады. Партия, совет халқы мәдениет саласында істеліп жатқандардың бәріне де таптық тұрғыдан баға беру принциптерін үнемі басшылыққа алады. Көп ұлтты, алып арналы советтік әдебиетіміздің іргелі отауының, терең тамырлы тармағының бірінен саналатын қазақ совет әдебиеті мен оның қайнарының мөлдір көзін ашқан қайраткерлеріміз өздерінің алғашқы қадамын, Сәбит Мұқановтың сөзімен айтқанда:

Табым десем бұлақтай таудан аққан
Өнбойымды шымырлап билейді ағын,
Қияға өрлеп, қырандай қанат жайып,
Табым десем — қозады «әруағым».
Көзсіз көрдей басыма күндер туса,
Табым — қолда жарық қып ұстар шамым.
Менің табым — еңбекші — еңбек ері.
Онсыз менде көрген күн бұлдыр-сағым, —

деп бастады.

Совет әдебиетінің, социалистік реализмнің міне осы негізгі арқауын, түп қазығын ұмыта бастаған сарындар кейде бой көрсетіп қалады. Мұның өзі, әлбетте, «жаңаға», бұрын-сонды құлақ естіп, көз көрмеген «соны соқпаққа» әуестердің, қиын да күрделі әдебиет сапарына марксизм-ленинизм теориясымен, маркстік-лениндік эстетикамен мықтап қаруланбай шыққан майдагер суреткерлердің шығармаларында ұшырайтын жәйт. Біздің әдебиетіміздің жарты ғасырлық жолы мен қалыптасу тарихы оның әрбір кезеңдегі бел-белестері мынаған үйретеді. Қандай да болсын ірі шығармалар, «Құрыш қалай шынықты?», «Тынық дон», «Абай жолы», «Жас гвардия» сияқты эпикалық туындылар таптық көрік оттығында қыздырылып соғылады да, лениндік идеялар, жалынды партиялық рухтың пәрменімен шындалып, суарылады. Осы таптық принцип пен осы тәжірибені ұмытуға болмайды.

Лениндік партиялылықтың әдебиет пен өнерге қоятын басты талаптарының бірі — халықтық, бұқаралық принцип. Халықтық мұраттарды білдіруші болу, совет халқының барған сайын арта түскен эстетикалық талаптарын қанағаттандыру әрбір совет жазушысының жоғары да құрметті міндеті. В. И. Ленин рухани байлықты жасаушы да, әсемдікті, жақсыны бағалай білуші де халық деп үйретеді. Әдебиет бұқараның тәжірибесімен, оның күнделікті тіршілік-әрекетімен тығыз байланыста болуға тиісті деп үйретті Ленин. Коммунизм құрылысы кең құлаш жайып, күн тәртібіне жаңа қоғамның адамын тәрбиелеу міндеті қойылып отырған қазіргі шақта әдебиеттің бұқарамен байланысын нығайту, оны еңбекшілер бұқарасын тәрбиелеуші құралға айналдырудың ерекше зор маңызы барлығы баршаға аян. Суреткерлер жаңа қоғам адамының мақсаттары мен мұраттарының ұлылығын зор шабытпен әрі жарқын бояумен көрсете білуге тиіс.

Біздің әдебиет пен өнер жайраткерлері өз замандасының образын, қаһарман дәуірінің ерлік істерге толы кең тынысты тіршілігін жырлау жөнінде халқы алдында үлкен қарыздар болып отырғаны жасырын сыр емес. Бұл әсіресе алдағы даңқты күндерге — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Қазақ ССР-інің 50 жылдық торқалы тойына әзірлік тұсында айқын сезіліп отыр. Егер бүгін Совет өкіметінің орнауы мен социализмнің алғашқы қадамдары туралы және кешегі Ұлы Отан соғысындағы халық ерлігі жайында айтарлықтай туындылар, кесек шығармалар жасалды десек, халқымыздың қазіргі қаһармандық еңбегі мен коммунистік рухын тереңнен толғап, талант шыңына шырқата бейнеленген шығармалар әлі жасалған жоқ. Тыңдағы ерлік, тың эпопеясы — ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып қалатын ерлік! Ал коммунистік партия мен совет халқының сол ерлігі жөнінде кесек туынды жазылды ма? Жоқ. Коммунистік қоғам орнатып жатқан совет адамының әрбір қарапайым күнінің өзі ерлікке, шабыт шалқарын бұрқантарлық оқиғаларға толы. Әңгіме соны көре, түсіне, қиял қанатына іліктіре білуде болса керек. Күні кеше Даман аралында маошыл қаскүнем арандатушыларға тойтарыс берген ержүрек шекарашыларымыз: И. Стрельников, М. Бубенин, Ю. Бабанский біздің арамызда болған жоқ па? Олар да біз жүрген көшелермен біз барған паркке серуенге барды емес пе? Қар жастанып, мұз төсенген тың түлектері мен шекарашы қаһармандардың ерліктерін суар-

ған неткен алып күш, неткен асыл патриотизм, халқына қалтқысыз адал берілгендік десенізші!

«Партия творчество қызметкерлерінен өмірді бейнелеуде өзінің тереңдігі мен шыншылдығы арқылы, идеялық шабыттың күші, асқан көркемдік шеберлігі арқылы адамды баурап алатын, коммунизм құрылысшыларының рухани бейнесін қалыптастыруға белсене көмектесетін шығармалар күтеді» деп атап көрсетілген КПСС XXIII съезінің қарарында. Бұл талапты орындау үшін Қазақстан суреткерлері әлі де көп еңбек сіңіруге тиісті. Бұл жайлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің биылғы март айында болып өткен пленумында да келелі әңгіме қозғалды. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев өзінің Пленумда жасаған баяндамасында былай деп көрсетті:

«Біздегі творчестволық интеллигенцияның өкілдері Лениннің мерекесін лайықты қарсы алу ісіне өз үлесін қосуға тиіс. Біз суретшілерімізден, композиторларымыз бен кино қызметкерлерімізден заманның талабына, халықтың рухани қажетіне сай келетін жаңа жақсы кітаптар, кинофильмдер, спектакльдер, картиналар күтеміз. Мұнда лениндік тақырыпқа жазатын сөз зергерлеріне, мәдениет шеберлеріне айрықша жауапкершілік жүктеледі. Олар бүгінгі күні лениндік тақырып, — біздің өміріміздің өзі, ол лениндік партиямыздың қажымас ұйымдастырушылық қызметі, ленинизмнің планетамыздағы жеңісті қадамы екенін әрқашан да есте ұстауға тиіс. Республиканың өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының қарыштап өркендеуі, ғылым мен техниканың дамуы — міне осының бәрі мәдениет қызметкерлеріміз үшін аса игілікті тақырып болмақ».

Біз жазушыларымызға, өнер қызметкерлерімізге көркем шығармада бейнелеп көрсететін тақырыптар бойынша әлеуметтік заказ беруге хақымыз бар, — деді онан әрі Қонаев жолдас, — бұл тақырыптар біздің бұқараны коммунистік мұраттар рухында тәрбиелеуімізге көмектесетін болуы шарт. Біз осындай бағыт жүргізе отырып, оқушыны шикілі-пісілі, ешкімге керексіз, тек қикым ретінде пайдалануға кететін кітаптардан, өңсіз, идеялық-мазмұны күмәнді кинофильмдерден арылтамыз.

Қазақ кинематографиясының жұмысы жұртшылықты көптен бері толғандырып келеді, өйткені тәуір фильмдер ілуде бір жарық көреді де, нашарлары туындап жатады. Мәселен, «Ұлым менің», «Ойын шыны аралас», «Жүрегіңмен ақылдас», «Арманым менің» және басқа фильмдер кезінде қатты да орынды сыналды. Бұл фильмдерде жаңа қоғам орнатушы күрескерлердің жарқын образы жасалмаған, кинематографиялық жағы да ақсап жатыр. Республика жұртшылығы қазақ кинематографиясынан идеялық дәрежесі мен көркемдік сапасы жоғары фильмдер күтеді.

Жасыратыны жоқ, әдебиет пен өнер саласында біздің құрылысымызды дағдауды, қаһарман халқымызға жала жабуды өзіне мамандық етіп алған майдагерлер де кездесіп қалып жүр.

Совет қоғамында бисаясаттыққа, идеясыздыққа ешқашан да орын берілмеуге тиіс. Творчестволық коллективтер, партия ұйымдары біздің өмірімізді, халқымыздың қаһармандық тарихын, замандастарымыздың ерлік істері мен ізгі дәстүрлерін бұрмалап көрсетушілерді жұртшылық алдында аяусыз әшкерелеп отыруға міндетті. Алайда осы айқын партиялық принципті ұмытып кетіп жүргендер бар. Кейбір баспа орындарының оқта-текте болса да идеялық дәрежесі төмен кітаптарды басып шығаруы, «Простор» әдеби журналының таптық тұрғыдан ауа жайылған кездейсоқ шығармаларды көбінесе талғаусыз жариялай салуы осыны дәлелдейді.

Таптық және партиялық принциптен жаңылған кейбір суреткерлер ең ізгі, ең прогресшіл социалистік гуманизм орнына қайдағы бір жалпылама, дерексіз гуманизм, жалпы адамгершілік, «таза» ізгілік дегендерді уағыздап жүр. Совет әдебиеті мен өнерінің ерекшелігі — олар шынайы гуманизмді, яғни социалистік гуманизмді ғана жақтайтынын маркстік-лениндік эстетиканың дәлелдеп бергені қашан. Әйтеуір гуманизм, жалпы адамгершілік, «таза» ізгілік деген нәрселер түбінде буржуазиялық бисаясаттық пен партиясыздыққа әкеліп соқпай қоймайды.

Совет қоғамының рухани өмірінде әдебиет пен өнердің ролі күн санап өсуде. Совет адамының қазіргі кезеңде, соңғы жылдары қаншалық өсіп жетілгенін бейнелеу, оның асыл қасиеттерін баянды етіп, жарқын болашаққа, коммунизмге қарышты қадам басуына көмектесу — совет әдебиетінің құрметті парызы. Совет суреткері өз халқына қызмет етуді өзінің қасиетті борышы санайды. Ал совет халқы өзінің суреткерлерін қатты қадірлейді, олардың үздік туындыларын сүйіп оқиды. Коммунистік партия өнер және мәдениет қайраткерлеріне әрдайым қамқорлық жасап келеді. Олай болса, совет суреткерлері осы бүкіл халықтық сүйіспеншілік пен қамқорлыққа лайық, өздерінің дүниені революциялық жолмен қайта құру жолындағы белсенді күрескер деген жоғары атына сай көркемдік шыңынан саналатын кесек туындылар жасауға тиісті. Бұл абыройлы істе оларды лениндік идеялар, партиялылықтың жалынды рухы жігерлендіре береді. Партиялық принципті нығайтып, одан әрі дамыту — біздің мұқалмас қайратымыз бен жеңімпаз күш-қуатымыздың сарқылмас қайнары.



ЛЕНИНДІК ПАРТИЯ— ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ПАРТИЯ

Ленинизм бірегей интернационалдық ілімге, заманымыздың марксизміне айналды. Өйткені ол — бірден-бір дұрыс және жеңімпаз ілім. Ал В. И. Ленин құрған партия ғылыми коммунизм мен жұмысшы табының революциялық қозғалысын шебер ұштастырған, сөйтіп пролетариатты революциялық шайқаста жеңіске жеткізген жаңа тұрпатты партия атанды.

Жаңа тұрпатты партияның және ленинизмнің Россия топырағында туып, өркен жаюы кездейсоқ емес. Мұның өзі тарихи, объективтік заңдылық. Жаңа дәуірде социалистік революцияны бастап, адамзатты социализм жолына түсіруді көне тарихтың өзі Россия жұмысшы табына жүктеді. «Коммунистік партияның манифесінің» орысша екінші басылымының кіріспе сөзінде сонау 1882 жылы-ақ К. Маркс пен Ф. Энгельс «...Россия Европадағы революциялық қозғалыстың алдыңғы қатардағы отряды болып отыр» деп жазған болатын. Сондықтан Россияда жаңа тұрпатты партияның дүниеге келуі ұлттық шеңбердегі ғана емес, сонымен бірге аса зор интернационалдық маңызы бар оқиға еді. Лениндік партия марксизм теориясының мызғымас берік тұғырына сүйенді, ол Батыстағы социалистік қозғалыстың барысында, сондай-ақ Россиядағы революциялық-демократиялық және жұмысшы қозғалысында тырнақтап жиналған не ізгі-жақсылықтың бәрін бойына сіңірді, солардың заңды мұрагері болды.

Лениндік Коммунистік партия дүниеге интернационалдық партия ретінде келді. Интернационализм — пролетариаттың тіршілігі мен күресінің табиғи туындысы, коммунистік қозғалысқа тән қасиет. Марксизм дүниеге келген кезден бері пролетарлық интернационализм принципі халықаралық жұмысшы қозғалысының өзекті негізіне айналды. Интернационализм идеясын ұсынған К. Маркс пен Ф. Энгельс. Пролетариаттың тап күресінің ұранын — «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген жалынды үндеуді жұмысшы табы тұңғыш рет солардың аузынан естіді. Коммунистік партияның интернационалдық міндетін Маркс пен Энгельс алғаш рет Манифесте белгілеп берген-ді. Пролетарлық күресте, — деп жазды олар, — «...коммунистер бүкіл пролетариаттың ұлтқа байланыссыз ортақ мүдделерін баса көрсетіп, соларды қорғайды».

К. Маркс пен Ф. Энгельстің жасаған қорытынды пікірлеріне сүйене отырып, В. И. Ленин пролетарлық интернационализм принциптерін онан әрі дамытып, дәйектей түсті және партия құрылымында, оның саясаты мен күнделікті қызметін белгілеген шақта сол принциптерді негіз етіп алды. Маркстік теориямен қаруланған, өз саясатында интернационализмді іске асырып отыратын партия ғана әртүрлі ұлттардың еңбекшілерін біріктіріп, күреске шығарады және жеңіске жеткізе алады деп санады В. И. Ленин.

Большевиктік партияның жаңа қалыптаса бастаған кезінде-ақ В. И. Ленин пролетарлық интернационализм қағидаларын басшылыққа ала отырып, барлық ұлттардың жұмысшылары мен социал-демократтарын партияның біртұтас интернационалдық ұйымдарына біріктіру міндетін қойды. 1902 жылы ол «Біздің ұйымдастыру міндеттеріміз туралы жолдасқа хат» деген еңбегін жазды. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұйымдық құрылымына арналған осы еңбегінде В. И. Ленин ұлттық айырмашылықтарына қарамастан социал-демокра-

тияның жергілікті жердегі барлық жұмысын, қимылын РСДРП-нің біртұтас жергілікті комитетіне бағындыру қажет екенін атап көрсетті.

Россияда маркстік партияны құру және оның жергілікті ұйымдарын қалыптастыру ісі келісімпаздық пен ұлтшылдықты жақтаушылардың ашық және жасырын топтарына қарсы шиеленіскен күрес жағдайында өтті. Мәселен, партияны ұлттық белгісіне қарай құру принципі жөнінде үлкен пікір таласы туды. Атап айтқанда, бундшылдар пролетариат партиясын территориялық принцип бойынша емес, ұлттық белгісіне қарай федеративтік негізде құру қажет деп санады.

1898 жылы РСДРП-нің I съезінде партияға автономиялық ұйым ретінде қосылған Бунд тек еврей пролетариатына ғана қатысы бар мәселені шешуде дербестік правосына ие болатынды. Ал 1901 жылдан былай Бунд енді өзінің РСДРП-мен автономиялық байланысын федеративтік байланысқа айналдыруды талап етті. Өзінің жекелеген еңбектерінде, оның ішінде, әсіресе «Еврей пролетариатына дербес саяси партияның керегі бар ма» деген мақаласында В. И. Ленин бундшылдардың дербес партия құру дегенді желеу етіп, еврей жұмысшыларын орыс пролетариатынан және басқа да ұлттардың жұмысшыларынан бөле-жарып, оқшаулап алмақ болған ұлтшылдық әрекетін зиянды әрекет деп білді. Бунд жөніндегі айтыста екі принципшіл көзқарас — пролетарлық интернационализм мен ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық бағыт бой көрсетті.

Россия сияқты көп ұлтты елде сол кезде партия мен пролетариаттың жеке отрядтарының автономиясы үшін, ұлттық дербестігі үшін өңешін жырта жар салып, өз ұлтының жұмысшы табының өкілі болғысы келген топтар аз емес-ті. Міне бұлар социал-демократия ішіндегі ұлтшылдық пиғылды, зиянды бағыттарды көбейтті. Мұндай бағытты жалғыз бундшылдар ғана емес, грузин социал-демократтарының шетелдік тобы да, армян социал-демократиялық жұмысшы партиясы да, тағы басқалар да құптады. Маркстік, жана тұрпатты партия құру жолында табанды күрес жүргізе отырып, В. И. Ленин ұйымдастырудың ұлттық принципі партияның интернационалдық негізіне қайшы келетінін, мұның өзі жұмысшы табының арасына іріткі салып, оның күшін әлсіретуге әкеліп соғатынын сан рет атап көрсетті.

«...Самодержавиемен күресу, бүкіл Россияның буржуазиясымен күресу мәселесінде, — деп жазды Ленин 1903 жылы, — біз бір ауызды, бір орталықты, жауынгер ұйым болып шығуға тиістіміз, біз тіл және ұлт өзгешелігін айырмай, теория және практика мәселелерін, тактика және ұйымдастыру мәселелерін ұдайы бірге шешумен нағыз біріккен бүкіл пролетариатқа сүйенуге тиістіміз, ал әркім өз бетімен, бөлек жүретін ұйымдарды жасамауымыз керек, өз тегеурініміздің күшін толып жатқан дербес саяси партияларға бөлшектеп нашарлатпауымыз керек» («Шығармалар, 6-том, 348—349-беттер»). Партияны құрудың лениндік қағидалары, пролетарлық интернационализм принциптері РСДРП-нің II съезінде жеңіп шықты. Бүкіл Россияның еңбекші бұқарасына, жұмысшы қозғалысына бір ғана, көп ұлтты жұмысшы партиясының басшылық жасауы — революциялық шайқаста жеңіске жетудің басшы шарты деп үйретті В. И. Ленин. Владимир Ильич құрған большевиктер партиясы еңбекші бұқараның идеялық, саяси, ұйымдық бірлігі мен интернационалдық ынтымағының үлгі-өнегесін көрсетті, көп ұлтты Россияның барлық жұмысшы табын, бүкіл еңбекшілерін сонына ерте білді.

Партия ұйымдарын құруда және оның қызметінде ұлттық ерекшеліктерді әрдайым ескеріп отыруды В. И. Ленин интернационализм принциптерін жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірінен санады. Россия Коммунистік (большевиктер) партиясының ұлттық секциялары осы ескертуден туған маңызды шараның бірі болатын. Октябрь революция-

сына дейін және әсіресе Совет өкіметінің алғашқы жылдарында РКП(б)нің ұлттық секциялары партияның ұлт саясатын жүзеге асыруда, шағын да мешеу ұлттардың еңбекшілеріне басшылық жасау ісінде зор роль атқарды.

РКП(б)-нің ұлттық секциялары бірінші орыс революциясының отжалынында туды. Патша өкіметінің өктемдігіне қарсы күреске елдегі барлық ұлттардың пролетариаты мен еңбекшілерін жұмылдырған бұл революция сонымен бірге бұқараға интернационалдық тәрбие берудің және оларды орыс пролетариатының төңірегіне топтастырудың алғашқы саяси мектебі болды.

Революция қалың жұмысшылар бұқарасының, барлық ұлттар еңбекшілерінің саяси білімге құштарлығын тудырды. Лениндік партия өмірдің осы талабын ескеріп, өз жұмысында ұлттық жайттарға жете назар аудара бастады. Мысалы, партияның Петербург комитеті жанынан ұлттық секция құрылып, оған шағын ұлттар жұмысшыларының арасында ана тілінде партиялық саяси және үгіт-насихат жұмысын жүргізу міндеті жүктелді. 1907 жылы 2 мартта «Юманите» газетінің қызметкерімен әңгімесінде В. И. Ленин мынаны атап көрсетті: ол кезде тұрған жері мен кәсібіне негізделіп құрылған (әскери секция, теміржолшылар секциясы) социал-демократиялық ұйымдармен бірге Петербургте ұлттық принципке негізделіп құрылған социал-демократиялық ұйымдар да (латыш, эстон секциялары) жұмыс істеді.

Бұл ұлттық секциялар едәуір қызмет атқарды. Мәселен, РСДРП Петербург ұйымының эстон тобы 1905 жылдың декабрінде эстон тілінде тұңғыш большевиктік «Эдази» («Вперед») газетін шығара бастады. 1907 жылы бұл топ тағы бір эстондық «Тезлине» («Рабочий») газетінің бірінші номерін шығарды. Сондай-ақ РСДРП-нің Петербургтегі латыш тобы 1907 жылы «Узвара» («Победа») газетінің бір номерін жарыққа шығарды.

Кейінде, әсіресе бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Петербург комитеті жанындағы ұлттық секциялар жұмысын кең өрістетті. Большевиктер ұйымының қызметіне эстондар мен латыштар және басқа көптеген ұлт өкілдері қатысты. Әзербайжан, татар, башқұрт большевиктерінің өкілдері де осы астаналық ұйымдардың революциялық мектебінен тәлім алды. Февраль революциясынан кейін латыш, литван, эстон секциялары өрістеп, ұлғая түсті. Россияның түрлі қалаларындағы РСДРП латыш секциясының 27 тобы төрт мыңға жуық партия мүшесінің басын қосты. Жаңа топтар пайда бола бастады. Сондықтан РСДРП-нің латыш секцияларының жұмысын үйлестіріп отыру үшін 1917 жылы Бүкіл россиялық бірінші конференция шақырылды, онда латыш секцияларының Бүкіл россиялық орталығы сайланды.

Ұлттық социал-демократиялық топтарды құру ісін бірінші болып қолға алғандардың бірі — РСДРП Баку комитеті. Комитет мүшелерінің қатарында ол кезде П. А. Джапаридзе, В. П. Ногин, И. В. Сталин, С. Т. Шаумян және басқа большевиктер бар еді. Баку большевиктері бірінші орыс революциясының кезінен бастап-ақ ұлт жұмысшылары арасында олардың ана тілінде үгіт-насихат жұмысын кеңінен өрістетті.

Партиялық саяси және үгіт жұмысына ұлттық сипат беруге РСДРП Қазан комитеті ерекше көңіл бөлді. Комитет мүшелері, көрнекті большевиктер В. В. Адоратский, А. П. Кулеша, Я. М. Свердлов, Х. М. Ямашев пролетариаттың саяси және экономикалық күресіне татар жұмысшыларын тартуға көп күш жұмсады. 1907 жылы 4 январьда Орынборда татар тіліндегі тұңғыш большевиктік газет — «Урал» жарық көрді. Газеттің редакторы большевик Х. М. Ямашев болды. Редакция РСДРП Қазан комитетімен тығыз байланыс жасап тұрды.

РСДРП мен РКП(б) ұлттық секцияларының интернационалдық дәстүрлері мен іс-тәжірибесі Совет өкіметінің алғашқы кезінде ұлт пролетариаты мен еңбекшілер бұқарасын социалистік құрылысқа жұмыл-

дыруға, ұлт аймақтарында партия ұйымдарын құруға үлкен септігін тигізді. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Украинада, Белоруссияда, Литва мен Латвияда коммунистік партиялар құрылды. Бұлардың бәрі біртұтас Россиялық Коммунистік большевиктер партиясының құрамына кірді. Бұлардың әрқайсысы пролетарлық интернационализм рухында құрылды. Мысалы, 1918 жылы ұйымдастырылған Түркстан Компартиясына қазақтар, өзбектер, түрікмендер, тәжіктер, орыстар, татарлар, грузиндер, латыштар және Түркстан жерінде тұратын басқа ұлттардың өкілдері де мүше болып кірді.

Түркстан деп аталған ұлан-байтақ өлкені ол кезде ұсақ ұлттарды айтпағанның өзінде дербес отау тігерліктей оннан аса халық мекендеді. Сондықтан да 1918 жылдың июнінде болып өткен Түркстан Компартиясының бірінші съезі жергілікті ұлт еңбекшілері арасындағы жұмысқа ерекше назар аударды. Съезд үгітті пәрменді жүргізу және мұсылмандар бұқарасын совет жұмысына кеңінен қатыстыру үшін облыстық, уездік және жергілікті Совдептердің жанынан ұлт істері жөніндегі комиссариат құру қажеттігін атап көрсетті. Бірінші съездің нұсқауына сай Түркстанның барлық облыстары мен уездерінде, қалаларында ұлт істері жөніндегі комиссариаттар (бөлімдер) құрылып, олар жергілікті халық арасында елді социалистік негізде қайта құру туралы үгіт-насихат жұмысын өрістетті.

Түркстан өлкесі халықтарының советтік ұлттық мемлекетін құрып, дамыту ісінде Наркомнац (Ұлт істері халық комиссариаты) зор роль атқарғанын атап өту қажет. Партия шешімі бойынша құрылған бұл ұйым мешеу ұлт еңбекшілерінің таптық сана-сезімін оятып, мәдениетін көтеруге, шовинизм мен ұлтшылдықтың көріністеріне тойтарыс беріп, Коммунистік партияның ұлт саясатын жүзеге асыруға елеулі үлес қосты. Ұлттық комиссариат 1922 жылы жұмысын тоқтатты, енді ұлттардың өзара қарым-қатынасы мәселелерімен республиканың Орталық Атқару Комитеті шұғылданды.

Коммунистік партия ұлттық аудандардағы жұмыс ерекшеліктерін әрдайым мұқият ескеріп отырды. Республикалар мен облыстардың партия ұйымдарына басшылық жасау үшін 1918 жылы РКП(б)-нің мұсылман ұйымдарының Орталық бюросы құрылды. 1919 жылы ол Шығыс коммунистік ұйымдарының Орталық бюросы, 1921 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің түрік халықтары арасында үгіт, насихат жүргізетін Орталық Бюросы болып қайта құрылды.

Интернационалдық бірлік және ұлттық сипат партия тұрмысында жүзеге асырылып отырған бірыңғай пролетарлық интернационализм принципінің ажырамас екі бөлігі болып табылады. Партия құрылысы мен оның қызметінде осы екі құрамды бөліктің бірін асыра бағалау немесе кемсін ұстау олардың диалектикалық бірлігін бұзар еді және социалистік құрылысқа елеулі нұқсан келтірер еді.

Шығыс халықтары коммунистерінің секциясы өзінің міндеті және партиядағы алатын орны жөнінде батыс коммунистері секцияларынан ешбір өзгешелігі болмады. Бұлар ұлт аудандарындағы РКП(б)-нің жергілікті комитеті жанынан құрылып, сол ұлт тілінде үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Түркстан республикасында РКП(б) ұлттық секциялары партияның VIII съезінен кейін құрылып, қалыптаса бастады. Тұрғын халықтардан шыққан коммунистер секцияларының жедел құрылып, іле іске кірісуіне Түркстан Коммунистік партиясының II конференциясы (1919 жыл, март) үлкен септігін тигізді. Оның жұмысына Совет үкіметінің Түркстан АССР-індегі төтенше комиссары П. А. Кобозев қатысты. Конференцияда жергілікті ұлттар еңбекшілерін Советтердің және басқа мемлекеттік органдардың жұмысына қатыстыру мәселесі қаралды. Т. Рыскулов баяндама жасады. Жергілікті халық өкілдерін мемлекет билігінің барлық саласына қатыстыру жөніндегі РКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауларын жүзеге асыру үшін Түркстан Компартиясы Ор-

талық Комитетінің жанынан арнаулы мұсылмандар бюросын құру ұйғарылды.

Түркстан КП Орталық Комитетінің мұсылман бюросы республикада РКП(б)-нің ұлттық секцияларын ұйымдастырып, нығайту бағытында едәуір еңбек сіңірді. Өзбекстан мен Тәжікстанның, Түркменстан мен Қырғыз ССР-нің едәуір бөлегін, Жетісу мен Сырдария облыстарын қамтитын үлкен өлкенің түкпір-түкпірінде партияның ұлттық секциялары жемісті еңбек ете бастады. Түркстан коммунистері пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстап, халықтардың жана, социалистік достығының үлгісін көрсете білді.

Партия халық шаруашылығын қалпына келтіріп, социалистік құрылыс міндеттерін жүзеге асыруды қолға алған шақта өздеріне жүктелген міндетті ақтаған РКП(б)-нің ұлттық секциялары 1920 жылдың екінші жартысына қарай бірте-бірте қысқартыла бастады. Түркстан АССР-ін өркендетуде қол жеткен табыс нәтижесінде Орта Азияда дербес ұлттық мемлекеттер құруға жағдай жасалды. Ұлттық советтік социалистік республикалардың құрылуына байланысты Түркстан Коммунистік партиясы өз қызметін тоқтатты.

Түркстан Компартиясының мүшелері Өзбекстан, Қазақстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан компартияларының қатарына келіп қосылды. Орта Азия мен Қазақстанның компартиялары іргелі ұйымға, Совет Одағы Коммунистік партиясының жауынгер отрядтарына айналып, бүкіл партиямыздың бай тәжірибесін бойына сіңіре отырып, еліміздегі социалистік және коммунистік құрылысқа халық бұқарасын жұмылдырып келеді және жұмылдырып та отыр.

Лениндік ұлт саясатының негізінде ұлттық қарым-қатынастар түбірімен қайта құрылды, ССРС-дің барлық халықтары қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысатын болды. Сонымен бірге партия қатары да еліміздегі барлық халықтар мен шағын ұлттардың маңдай алды жұмысшылары мен шаруалары, интеллигенттері есебінен шапшаң өсті. Бұған мына деректер айғақ. 1927 жылдан 1965 жылға дейін партия қатарындағы орыс халқының перзенттері 10,9 есе, украиндар — 15 есе, грузиндер 12 еседен аса, түркмендер 11,1 есе, қырғыздар 13,2 есе, тәжіктер 31 есе дерлік көбейді.

Лениндік партияның интернационалдық табиғаты мен құрамына Қазақстан Компартиясының құрылымы толық айғақ бола алады. Республика партия ұйымы қазір 92 ұлттың өкілінен құрылған 508 мың коммунисті біріктіріп отыр. Бұлардың 43 проценті жұмысшылар мен колхозшылар. Ленин партиясы мүшелерінің еліміздің мәдени және экономикалық тіршілігінде шешуші және басшы роль атқаратынын мына деректер бажайласа керек. Республикадағы коммунистердің 91,7 проценті халық шаруашылығының алуан саласында еңбек етеді, соның 67 проценті—тікелей материалдық игілікті жасаушылар. Қазақстан КП мүшелерінің 30 проценттен астамы жоғары және орта білімі бар мамандар. 1959—1961 жылдары республика партия ұйымдары КПСС мүшелігіне 108 590 адамды қабылдаған еді, ал 1967 жылдың бірінші жартысында ғана партия мүшелігіне кандидат болып 12 972 адам қабылданды. Қазір Қазақстан Компартиясының құрамында 16 облыстық, 35 қалалық және 175 аудандық комитет, 15 мыңға жуық бастауыш партия ұйымы бар.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ұлттық отрядтарының қатары қаулап өсумен бірге партия ұйымдарының интернационалдық сипаты да онан әрі өркен жаюда. 1927 жылы Грузия Компартиясының қатарында 46 ұлттың өкілі болған еді, 1965 жылы республика партия ұйымы 75 ұлт өкілінің басын қосып отыр. Партияның интернационалдық сипатының тереңдей түсуін КПСС съезіне қатысушылардың ұлттық құрамынан да айқын көруге болады. Мәселен, егер партияның XIX съезінің делегаттары 37 ұлттан құралған болса, XXII съезге 52, ал XXIII съезге 59

ұлттың өкілі делегат болып сайланды. Одақтас республикалар компартиялары делегаттарының құрамы да нақ осындай болып келеді.

Пролетарлық интернационализм идеялары КПСС-тің, бүкіл саяси-тәрбие жұмысының өзегі, арқауы болып келеді. «Совет Одағының Коммунистік партиясы, — деп атап көрсетілді Орталық Комитеттің XXIII съезге есепті баяндамасында, — пролетарлық интернационализм, халықтар достығы мен туыскандығы идеяларының нақты бейнесі болып отыр. Оның қатарында еліміздегі 131 ұлт пен халықтың ең тандаулы ұлдары мен қыздары бар. Өзендер суы мұхитқа келіп құятыны сияқты, партиямыздың ұлттық отрядтарының барлығы Совет Одағының Коммунистік партиясына — еркі бір, мақсаты бір, идеологиясы бір лениншіл пікірлестер одағына келіп тоғысып отырғанын мақтан етеміз». Қазір туысқан партиямыздың қатарында 14 миллионға жуық коммунист бар. КПСС 14 одақтас республика коммунистік партиясынан, 6 өлкелік және 133 облыстық партия ұйымынан (оның ішінде 28 автономиялық республика мен облыс және 10 ұлттық округ партия ұйымдарынан) құрылады. Ұлт республикаларының коммунистік партиялары әр кезде, әркілі жағдайда құрылып, дамып келеді. Олардың әрқайсысының өзіне тән тарихы, социализм мен коммунизм құрылысына қосып отырған өзіндік үлесі бар.

Партия құрамының интернационалдық сипатының барған сайын тереңдей түсуі қоғамды социализм-коммунизм негізінде қайта құруға байланысты. Коммунистік қоғам орнатуды кеңінен өрістету СССР-дегі ұлт қатынастарын дамытудағы жаңа кезең болып табылады. Мұнда ұлттар онан сайын жақындасып, олардың толық бірлігі орнайды. Коммунистік қоғам қатынастарының дамуы ұлттардың әлеуметтік біртектілігін күшейтеді, мәдениеттің моральдың, тұрмыстың коммунистік ортақ сипаттарын дамытуға, ұлттардың өзара сенімін, достығын онан сайын күшейтуге жәрдемші болады. Ұлтшылдық пен шовинизмнің қандай да болса жеріністері мен қалдықтары, ұлттық шектеушілік пен ерекшелік сарыны жойылуда, СССР халықтарының достығы мен ынтымағы нығайып келеді. Әлеуметтік өмірдің ең бір қиын да күрделі проблемасын — ұлттарды өркендету және олардың қарым-қатысы проблемаларын парасатты шешудің үлгі-өнегесін бүкіл әлемге Совет елі көрсетіп отыр. Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас былай деп атап көрсетті: «Лениндік ұлт саясатының нәтижелері бүкіл дүние жүзіне мәлім. Совет Одағындағы барлық ұлттар мен халықтар гүлденіп өркендеу жолына түсіп, индустрияны, ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті дамытуда орасан зор табыстарға жетті. Социализм біздің дамуымыздың халықтар достығы сияқты қуатты қозғаушы күшін іске қосты».

Лениндік партия пролетарлық интернационализм қағидаларын табандылықпен жүзеге асырып, халықаралық коммунистік қозғалыс отрядтарының қатарын берік топтастыру, социалистік елдер ынтымағын нығайту үшін халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігі мен революциялық рухын күшейту жолында тынбастан күрес жүргізіп келеді.

А. МАМЫРБАЕВ.


ДАРҚАН ОРАЛ АЛҚАБЫ

Ш. ҚОСПАНОВ,

Орал облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Бүкіл еліміздің өмірінде ерекше бір өрлеу, қуатты серпін бар. Өйткені совет халқы кеменгер көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесін лайықты қарсы алып, салтанатпен атап өтуге айрықша қызу әзірленуде. Ал бақыт пен шаттық бесігі — Отанымызда болған шын мәніндегі революциялық ұлы өзгерістер, зор жеңістер мен тамаша табыстардың бәрі де В. И. Лениннің есімімен тығыз байланысты. Ленинизмнің жеңімпаз идеяларымен қаруланған, заманымыздың ақыл-ойы мен ар-ожданы — Совет Одағының Коммунистік партиясының дана басшылығы арқасында совет халқы тарихи қысқа мерзім ішінде елімізде әлеуметтік-экономикалық зор өзгерістер жасады, енді міне коммунизмнің материалдық-техникалық базасының берік іргесін қалауда.

Ұлы Октябрь революциясы шын мәнінде халықтарға азаттық, теңдік әкелді. Бұрын экономикасы мешеу, мәдениеті жадау халықтар енді өз алдына отау тігіп, өзгелермен бірге іргелі ел қатарына қосылды. Сөйтіп жаңаша өмір құрып, дамудың даңғыл жолына шықты. Оның бір мысалын біз бүгінгі Советтік Қазақстан өмірінен айқын көріп отырмыз.



Туысқан совет халықтарының семьясында біздің республикамыз қарыштап дамып, алып адыммен алға басуда.

Рас, революцияға дейін облыста өнеркәсіп жоқтың қасында еді. Орал қаласында бірнеше диірмен, мия тамырын өңдейтін шағын завод, механикалық мастерской, екі кірпіш заводы болды. Империалистік соғыс кезінде бірнеше ұсақ кәсіпорын салынып, олар да соғыс мақсатына қызмет етті. Осылардың барлығы жиналып сол кездегі бағамен есептегенде жылына 4 миллион сомның өнімін зорға шығаратын.

Облыстың өнеркәсібі бірінші бесжылдық кезінде ғана құрылды десе болғандай. Екінші бесжылдықта ол өріс алды. Оралда он жеті өнеркәсіп орны мен он екі артель пайда болды. Ет комбинаты, жөндеу-трактор (қазіргі механикалық) заводы, пима-киіз фабрикасы, кеме жөндеу және паровоз жөндеу мастерскойлары іске қосылды. Механикалық (қазіргі арматура заводы), кірпіш, мия заводтары кеңейтіліп, қайта жабдыкталды. Металл, ағаш өңдейтін және құрылыс материалдарын шығаратын жергілікті кәсіпорындар салына бастады. Әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардың даму қарқыны ерекше. ТЭЦ, нан, сүт заводтары, ет комбинатында ірі тоңазытқыш, арматура, жөндеу заводтары негізінен жаңадан салынды. Механикалық завод пен былғары аяқ киім фабрикасы бүтіндей қайта жабдыкталды. Құрылыс индустриясы — панельді үй құрылысы комбинаты, темірбетон бұйымдары, асфальт және кірпіш заводтары іске қосылды.

Партия мен үкімет белгілеген шараларды жүзеге асыра отырып, облыс еңбекшілері шаруашылық пен мәдени құрылыстың барлық саласында жылма-жыл зор табысқа жетіп келеді. Жаңа бесжылдықтың өткен үш жылы да ірі-ірі жеңіс жылы болды. КПСС XXIII съезінің халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары жөніндегі Директиваларына сәйкес облыста жылына 16,8 мың тонна өнім шығаратын арматура заводы. Орал ТЭЦ-інің екі қазаны, жылына 30 мың текше метр темірбетон бұйымдарын өндіретін завод, қалалық сүт заводының бірінші кезегі салынып, пайдалануға берілді. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жабдықтау кең көлемде жүргізілді. Өндіріс қуатын ұлғайту, жаңа техниканы өндіріске енгізу — бүгінгі өмір талабы. Сондықтан да ескірген жабдықтарды ауыстыру, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру ісі барған сайын кең өріс алуда. Қазір заводтар мен фабрикаларда 100-ден астам механикаландырылған үдемелі линия, 200-ге жуық автоматты және жартылай автоматты жабдықтар, отызға тарта механикаландырылған учаске мен цехтар бар. Бұл өнеркәсіп орындарын жаңа талаптарға сай қайта құрудың, қайта жабдықтаудың алғашқы баспалдақтары ғана.

Өндірістің ұлғаюымен қатар ондағы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер де өсіп, техникалық білімдері артып, шеберліктері шыңдала түсуде. Жоғары және орта білімді мамандар мен зиялы жұмысшылар саны артуда.

Партия ұйымдары кәсіпорындардың экономикасына терең үңіліп, ең көкейтесті проблемаларды қозғауға, коллективтің күш-жігерін жаңа резервтерді іске қосуға, үнемшілдік жолындағы күреске жұмылдыруға көңіл бөліп келеді. Қызметкерлердің материалдық және моральдық ынталылығын арттыру үшін озат кәсіпорындардың тәуір тәжірибесін пайдалануда. Мәселен, Саратов облысының озат кәсіпорындарында қалыптасқан мінсіз өнім шығару және оны тоқтаусыз өткізу жөніндегі игі бастама облыстың завод-фабрикалары тарапынан кең қолдау тапты. Ворошилов атындағы машина жасау заводы мен Қлара Цеткин атындағы тігін фабрикасының, мех комбинатының коллективтері өнім сапасын арттыру жолындағы жарысты өрістетті. Қазір бұл кәсіпорындар шығарған өнімнің 90 проценттен астамы мінсіз, әрі олар тоқтаусыз өтіп кетіп жүр. Саратовтықтардың бастамасы өнім сапасын жақсартуға сеп-

тігін тигізумен бірге жұмысшыларды тәрбиелеудің, олардың өз ісіне деген жауапкершілігін күшейтудің жақсы мектебі болып отыр.

Жаңа реформа жағдайында кәсіпорынның жұмысын жақсарту үшін еңбекті, өндірісті ғылыми негізде ұйымдастырудың зор маңызы бар. Мұны озат коллективтер тәжірибесі көрсетуде. Қазір облыстың өнеркәсіп, құрылыс, транспорт және байланыс орындарында НОТ-тың лабораториялары мен бөлімшелері құрылуда. 40-тан астам НОТ Советі, 120-дан астам творчестволық бригадалар жұмыс істейді. Олар еңбекті ғылым негізінде ұйымдастыру жөнінде 90-нан астам ұсыныстар жасап, өндіріске енгізді. Мұның өзі кәсіпорындардың рентабельділігін арттыруға мүмкіндік беруде.

Жаңаша жұмыс істеу кәсіпорындарда өндіріс процестерін реттеп, еңбек тәртібін нығайтуға, маман кадрларды тұрақтандыруға, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, экономикалық жұмысты жақсартып, шаруашылық есепті енгізуге, өндірісті ғылыми негізде басқару ісін жетілдіре түсуге жағдай жасайды. Қазір облыста 29 өнеркәсіп орны жаңа жүйе бойынша жұмыс істейді.

Өнеркәсіп орындарының коллективтері бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бүкіл халықтық қозғалысқа қосылып шабытты еңбекті үдетті. Партия ұйымдары жарыстың, жаңа бастаманың жаршысы болды. Соның нәтижесінде облыс өнеркәсіп орындары жалпы өндірілген өнімді өткізу жөніндегі 1968 жылдың жоспарын 103 процент етіп орындап, жоспардан тыс 5,8 миллион сомның өнімін өткізді.

Бесжылдықтың төртінші жылын ерекше еңбек жылы, еңбек өнімділігі мен өнім сапасы жоғары жыл етуді көздей отырып, өнеркәсіп пен құрылыстың, транспорттың қызметкерлері 1969 жылға социалистік міндеттеме қабылдады. Онда жаңа техника мен прогрестік технологияны өндіріске енгізу, жұмыс процестерін оған әрі механикаландыру негізінде өнеркәсіп орындарында еңбек өнімділігін 1968 жылға қарағанда 5,5 процент арттыру, жылдық жоспарды 26 декабрьге дейін орындау, өнімнің жаңадан 32 түрін шығаруды игеріп, жоспардан тыс 2,7 миллион сомның өнімін өткізу белгіленді. Сондай-ақ еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды жүзеге асырып, жаңашылдар мен өнертапқыштардың ұсыныстарын өндіріске енгізудің нәтижесінде 1,3 миллион сом қаржы үнемдеу көзделді. Кәсіпорындар бұл міндетті жүзеге асыру үшін жыл басынан бері қажырлы күрес жүргізуде. Бұл күрес ұлы көсем мерекесін лайықты қарсы алу жолындағы жалынды жарыспен ұштасып отыр. Ал оған алғашқы тоқсанның қорытындысы дәлел бола алады. Үш айда өнеркәсіп өндірісінің көлемі (өнім өткізу) өткен жылғы осы мезгілдегімен салыстырғанда 8 процент артты, тоқсандық жоспардан тыс 2,3 миллион сомның өнімі өткізілді.

Ауыл шаруашылығы — облыс экономикасының жетекші саласы. Совет өкіметі жылдарында ауыл шаруашылығына түбегейлі өзгерістер болды.

Бұрынғы жеке шаруалар бірігіп, бірте-бірте коллективтік ірі шаруашылықтарға — колхоздар мен совхоздарға айналды. Олар техникамен жабдықталды, егістік алқапта ғылымға негізделген агротехникалық әдістер қолданыла бастады, егіншілік мәдениеті өсті. Сөйтіп жалпы егіс көлемі ұлғайды, егіннің түсімділігі артты, астық молшылығының негізі қаланды. 1940 жылы облыста егіс көлемі 541,2 мың гектарға жетіп, 188,6 мың тонна астық жиналды. Бірақ сұрапыл соғыс бейбіт өмірдің шырқын бұзды. Барлық күш Отан қорғауға жұмсалды. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері де майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуге жұмылды. Есепсіз қиындықтарды жеңе отырып, олар бұл ауыр да абыройлы міндетті атқарып шықты. Социалистік ауыл шаруашылығы өзінің өміршең екенін әлемге паш етті. Осы бір әрелі істе біздің облыс дикандары мен малшыларының да лайықты үлесі бар.

Әсіресе КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.) Пленумынан кейін ауыл шаруашылығы шұғыл өрге басты. Ғасырлар бойы тусырап жатқан тың алқаптар игеріле бастады. 1954 — 1957 жылдарда облысымызда 1 200 мың гектар тың және тынайған жер игерілді. Тың төсінде жаңа шаруашылықтар қоныс тепті. Оның сыртында экономикасы әлсіз бұрынғы ұсақ колхоздар негізінде ондаған ірі совхоздар құрылды. Шаруашылықтар қуатты жаңа техникамен мол жабдықталды. Бұған еңбекшілердің қажырлы қимылы ұласып, облыста ауыл шаруашылығы биік белеске көтерілді. Орал өңірі республикадағы астықты аймақтың біріне айналды. Қазір егіс көлемі 1 900 мың гектарға жетіп отыр, бұл 1953 жылғыдан үш есе көп. Соңғы он жыл бойы жыл сайын орта есеппен 993 мың тонна астық өндіріліп келеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Совет үкіметі еңбекшілердің астық өндіру және дайындаудағы қажырлы еңбегін аса жоғары бағалады. Облысымыз Ленин орденімен наградталды.

Жаңа бесжылдықта облыс ауыл шаруашылығы жаңа белеске көтерілді, оған өткен үш жылдың қорытындысы айғақ.

1967 жылы бұрын-соңды болып көрмеген қуаншылық болды. Жерге жөнді шөп те шықпай қалды. Соған қарамастан, село еңбеккерлері мал басын аман алып қалу жолында асқан ерлік көрсетті. Ал 1968 жылғы мол өнімнің берік негізін қалады. Күзде зябті сапалы жыртып, қыста егістік алқапқа қалың қар тоқтатты. Көктемнің қауырт күндері де босқа кеткен жоқ.

Көктем егісі қысқа мерзімде, сапалы аяқталды. Бағалы дақыл — бидайдың егіс көлемі 137 мың гектар ұлғайтылды. Жақсы бапталған құнарлы жерге себілген тұқым мол өнімнің кепілі болды. 1968 жылы дәнді дақылдар бітік өсті. Сол бітік егінді жинау да ұйымшылдықпен жүргізілді. Облыстағы 1 529 мың гектар дәнді дақыл егісінің әр гектарынан орташа есеппен 17,4 центнерден өнім жиналды. Ал егіні ерекше бітік шыққан Теректі ауданының шаруашылықтары әр гектардан 21,5 центнерден, Бөрлі ауданы — 21,4, Приурал ауданы — 20,9, Зеленов ауданы — 19,3, Жымпиты ауданы — 17,6 центнерден астық бастырды.

Бұдан аз уақыт бұрын ғана бізде егіннің әр гектарынан 100 пұт өнім жинау жекелеген озат бригадалардың үлесі саналатын. Енді мұндай көрсеткішке облыс бойынша қол жетіп отыр. Тіпті көптеген шаруашылықтар бұл деңгейден едәуір асып та түсті. Мысалы, Бөрлі ауданындағы «Урал» колхозының дикандары егіннің әр гектарынан 170 пұттан астық жинады. Ал В. И. Кишкилевтің бригадасы болса, 3 466 гектар жерге егін салған еді. Күзде жинағанда соның әр гектарынан 183 пұттан дән алды, 490 гектар арпаның әр гектарынан жиналған өнім 250 пұттан айналды. Бір бұл емес, облыстың алпыстан астам шаруашылығы осы дәрежеге көтерілді. Орал өңірінде мұндай өнім бұрын-соңды болған емес.

Облыс совхоздары мен колхоздары өткен жылы мемлекетке жоспарда белгіленген 33 миллион пұт орнына 121 миллион пұт астық сатты. Соның нәтижесінде облыс бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен екі жыл бұрын орындады. Үш жылда мемлекет қоймасына бесжылдық жоспарда белгіленген 2 705 мың тоннаның орнына 2 736 мың тонна Орал өңірінің алтын астығы кұйылды. Мұның 2 141,2 мың тоннасы бидай. Мемлекетке Бөрлі ауданының шаруашылықтары 26 миллион пұт, Теректі ауданы — 17,4 миллион, Зеленов ауданы — 15,9 миллион, Приурал ауданы — 15,4 миллион пұт астық тапсырды.

Облысымыздың барлық совхоздары мен колхоздары астық тапсыру және сату жөніндегі социалистік міндеттемелерін орындады. 26 шаруашылық Отан қоймасына 1 миллион пұттан 2 миллион пұтқа дейін, 18 шаруашылық 2 миллион пұттан 3 миллион пұтқа дейін және бес шаруашылық 3 миллион пұттан астам астық кұйды. Оның ішінде мемлекетке 3,8 миллион пұт астық өткізген Ленин орденді «Пермь» совхозы, 3,5 мил-

лион пұт астық берген «Правда» газеті атындағы және «Ульянов» совхоздары бар.

Егін орағын ұйымшылдықпен өткізу және мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру жолындағы социалистік жарыстың бастаушысы Жымпиты ауданындағы «Қызыл ту» колхозының колхозшылары айтқан сөзден шықты. Олар 27 мың гектар егіннің әр гектарынан 21,2 центнерден өнім жинап, Отан қоймасына 3 миллион пұттан астам астық құйды. Жоспардан тыс астық сатудан, қатты және әлді бидай өткізуден ғана колхоз 4,8 миллион сом қосымша табыс келтірді.

Облыс совхоздары мен колхоздарының жоспардан тыс сатқан астығы үшін алған қосымша табысы 148 миллион сомға жетті. Ал совхоздардың жоспардан тыс пайдасы 66 миллион сомға жуық болды.

Мал шаруашылығы қызметкерлерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде бесжылдықтың алғашқы үш жылының тапсырмасы ет, сүт, жүн, жұмыртқа және қаракүл елтірісі жөнінен асыра орындалды. Мал шаруашылығының өнімділігі артты. Оған берік жемшөп қорының жасалуы, жұмыс процестерінің механикаландырылуы зор септігін тигізді.

Әсіресе жемшөп базасын нығайту жөнінде көп жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы совхоздар мен колхоздар 1 301 мың тонна шөп дайындады, бұл жоспарларыдан 237 мың тонна артық, мұның сыртында едәуір мөлшерде сүрлем салынды, жем дайындалды. Осының нәтижесінде мал қыстату ойдағыдай өтті.

Товарлы сүт фермаларының қызметкерлері де табыстарын жылдан жылға үстей түсуде. Соңғы үш жылда оның алдындағы үш жылмен салыстырғанда әр сауын сиырдан алынған сүт орта есеппен 220 килограмм артты. Биыл да товарлы сүт фермаларының коллективтері сауын малының өнімділігін арттыру, Отанға сүтті көп тапсыру үшін күресуде. Сүт дайындау жөніндегі бірінші тоқсан жоспары мерзімінен көп бұрын асыра орындалды. Бөрлі, Приурал аудандарының шаруашылықтары сүтті екінші жарты жылдықтың есебіне өткізуде.

Бұл табыстар — дикандар мен малшылардың қажырлы еңбегінің жемісі, егіншілік мәдениетінің көтеріліп, мал шаруашылығын өркендетудегі шеберліктің шындалғандығының, өндіріске ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені енгізу ісінің жақсарғандығының айғағы. Сондай-ақ бұл ауыл шаруашылығы мен қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге партия мен үкіметтің қамқорлық жасап, үнемі көмектесіп отыруының игі жемісі.

Облыс дикандары мен малшылары қол жеткен табысқа тоқмейілеп қалмайды. Қайта олар шаруашылықтарды өрге бастырудың әлі де шешілмей келе жатқан проблемаларын шешуге назар аударуда, резервтер мен мүмкіншіліктерді барынша толық пайдалануға ұмтылуда.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде 1969 жылға социалистік міндеттемелер қабылдады. Облыстық партия комитеті аудандар мен шаруашылықтардың ұсыныстарын қорытындылап, жуырда болып өткен облыстық партия активінің жиналысында қарады. Партия активінің жиналысы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау жөніндегі 1969 жылға белгіленген социалистік міндеттемені мақұлдап, биыл жоспардан тыс 120 мың гектар жерге дәнді дақылдар егуді, астық өндіруді арттыру жөніндегі қосымша шараларды белгілеген болатын.

Сол меже мынадай: 1 210 мың тонна астық жиналып, оның 744 мың тоннасы мемлекетке өткізіледі. Ал егіс көлемін ұлғайтып, егін шығымын арттыру есебінен Отан қоймасына тағы да бес миллион пұт астық құюға болады. Көктемнің әрбір қолайлы сәтін тиімді пайдаланған Орал өңірінің дикандары биылғы егісті де дер кезінде сапалы аяқтап, болашақ мол өнімнің негізін қалады.

Биыл, бесжылдықтың соңғы жылында малшылардың да келелі міндеттерді шешуіне тура келеді. Үстіміздегі жылы мемлекетке 86,8 мың

тонна ет тапсырылуы және сатылуы керек. Бұл өткен жылғыдан екі есе артық. Міне сол себептен де ет малына ерекше көңіл бөлінуде. Етке тек қонды да семіз мал тапсыру міндеті қойылып отыр. Ал тәжірибе ет совхоздарының бәрі бірдей төлдің әрі жедел, әрі арзан бордақылануын ұйымдастыра алмайтынын көрсетуде. Сондықтан да біз биыл 11 мың бас 7—8 айлық баспақтарды астықты аймақтардың жем, сүрлемі мол арнаулы шаруашылықтарына беріп бордақылтуды ұйғарып отырмыз. Бұл бір. Етті молайтудың екінші жолы малды семірту және шошқа шаруашылығын өркендету негізінде жүзеге асырылмалы. Мұнда да іске қосылар ішкі резервтер бар екенін алғашқы тоқсанның қорытындысы көрсетті. Ол етке тапсырылатын әрбір ірі қараның орта салмағын 340—350 килограмға жеткізу шек емес екенін аңғартып отыр.

Сондай-ақ мемлекетке жоспардан тыс 5 800 тонна сүт, 113 тонна жүн тапсыру жөніндегі міндеттеменін орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Мал қыстату тәуір өтті. Төл алу науқаны да ойдағыдай өткізілуде. Мұның өзі жыл аяғында колхоздар мен совхоздарда мал басын өсіру жоспарын орындап шығуға кепіл болады.

Бүкіл республикадағы сияқты, облысымыздың әлеуметтік-мәдени өмірінде де зор өзгерістер болды. 1920 жылғы санақтың қорытындысы бойынша облыс территориясында тұратын барлық халықтың 11 проценті ғана сауатты екен. Ал қазір ше? Қазір жасы 50-ге дейінгілердің бәрі сауатты, жалпы білімі бар. Облыстың халық шаруашылығында 20 мыңнан астам жоғары және орта дәрежелі білімі бар мамандар істейді. Жалпы білім беретін мектептерді былай қойғанда облыста қазір екі институт, 5 техникум, кәсіби-техникалық білім беретін 19 училище, 5 музыка мектебі, бір музыка және бір медицина училищесі бар. Бұл оқу орындарында жиырма үш мыңнан астам адам оқиды.

Мектеп және балалар мекемелерінің құрылысы жылдан жылға кең өріс алуда. Соңғы он жылда тек мемлекеттік күрделі қаржы есебінен жаңадан жиырма бір мың орындық 50 мектеп, 4 314 орындық балалар бақшасы мен яслиі салынды.

Мәдениет мекемелерінің жүйесі кеңейді. Қалалар мен селоларда 350-ден астам клуб, мәдениет үйі, жалпы кітап қоры екі миллионнан астам ондаған кітапхана жұмыс істейді.

1913 жылы облыста небәрі 28 дәрігер жұмыс істеген екен. Былайша айтқанда 20 мың адамға бір дәрігер болған. Қазір облысымызда 80 аурухана бар, оларда 520 дәрігер жұмыс істейді. Емдеу мекемелері қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жарақтанған. Облыста арнаулы емдеу орындарының кең жүйесі жұмыс істейді.

Халықтың әл-ауқат, мәдени дәрежесі жылдан-жылға жақсарып келеді. Күрделі және тұрғын үй құрылысының көлемі барған сайын ұлғая түсуде. Тек бесжылдықтың үш жылында 232,5 миллион сом күрделі қаржы итерілді, 117 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылды. Күрделі қаржы есебінен 300 мың шаршы метр тұрғын үй, 7 916 орындық мектеп, 1 770 орындық сәбилер мекемелері және бірқатар коммуналдық тұрмыс объектілері салынды. Облыста ірі бес аурухана, он клуб пен кинотеатр, 4 600 орындық мектеп үйлері, екі сыра заводы, Оралда су, жылу трассасы салынып жатыр. Еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсетудің көлемі кеңейіп, түр-түрі көбеюде.

Жаңа бесжылдықтың қарқыны күшті, қадамы аршынды. Оның жемісті болуына облысымыздың экономикасы мен шаруашылығының шалқи дамып, мәдени өмірінің күлпыра түсуіне әрбір еңбек адамы мүдделі. Міне сондықтан да олар Орал өңірінің бұдан былай да гүлденіп, қойнауындағы мол байлықтың Отан игілігіне, халық игілігіне айналуына күш-жігерлерін жұмылдыруда. Бұл саладағы қуатты жарыс, қажырлы күрес ұраны — өндіріс тиімділігін арттыру, резервтерді ашып, оларды толық пайдалану, бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығу болып отыр. Ал партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары осы

күрестің ұйтқысы болуда, жалт еткен жаңалықты қолдап, игі бастама-
лардың қамқоршысы болуда.

Облыста ауыл шаруашылығы мен қоғамдық мал шаруашылығы қа-
наттаса дамуда. Осы бесжылдықтың аяғында колхоздар мен совхоздар
мемлекетке 93 мың тонна ет, 54 мың тонна сүт, 93 700 центнер жүн және
басқа көптеген ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыра алатын болады.
Мұншама өнім мен шикізатты өңдеу үшін қазіргі кәсіпорындардың
қуаты жеткіліксіз. Сондықтан облыста жаңа бесжылдықта екі ет ком-
бинатын салу, Орал ет комбинатын кеңейту көзделіп отыр.

Жүн, тері және басқа шикізат өндірудің артуы облысымызда же-
ңіл өнеркәсіпті дамытуға мүмкіндік береді. Болашақта жүнді алғашқы
өңдейтін фабрика, аяқ киім фабрикасын, қуатты нан заводын, синтети-
калық талшық заводын, тағы басқа объектілер салу мәселесі күн тәртібі-
не қойылуда. Жаңадан өнеркәсіп орындарының ашылуы облыстың
экономикалық ресурстарын толық пайдалануға мүмкіндік беретіні кү-
мәнсіз.

Қазақстанда алғаш Совет өкіметі 1917 жылдың декабрінде Орлада
орнағанын облыс еңбекшілері мақтан етеді. Совет республикасының жау-
ларымен күресте талай тамаша ерлік көрсеткен атақты 25-дивизияның,
оның командирі В. И. Чапаев пен комиссары Д. А. Фурмановтың дан-
қы біздің өмірде шықты. Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің
көрнекті қайраткерлері М. В. Фрунзе мен В. В. Куйбышевтің қызметі
Орал өңірінің тарихымен де тығыз байланысты. Оралды ерлікпен қор-
ғау азамат соғысының тарихында даңқты бет болып қалды. Оралды
қорғаушылардың ерлігін В. И. Лениннің жоғары бағалағаны белгілі.

Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл совет халқымен бірге елімізді
қорғауға облыс еңбекшілері де белсене ат салысты. Мындаған абзал
азаматтар — коммунистер мен комсомолецтер өз еріктерімен майданға
аттанды. Олардың көпшілігі қасиетті Отанын қорғауда ерен ерліктің
тамаша үлгісін көрсетті. 6 500-ден астам оралдықтар майдандағы ерлігі
үшін ордендермен, медальдармен наградталды, 27 адамға Совет Ода-
ғының Батыры деген ең құрметті атақ берілді, төрт адам «Даңк» ордені-
нің толық кавалері болды. Советтік шығыста Совет Одағының Батыры
деген атаққа тұңғыш ие болған біздің аяулы жерлесіміз Мәншүк
Мәметова!

Біздің Орал өңірі революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүр-
леріне де бай. Соның бір белгісі — облыс туындағы Ленин ордені.

Ауыл шаруашылық техникасын жөндеудегі және жөндеу ісін дамы-
тудағы жоғары көрсеткіші үшін Оралдың жөндеу заводы Ленин ордені-
мен наградталды және Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы кәсіп-
орын деген құрметті атаққа ие болды. Ал облыстағы ірі астық фабрика-
сы — «Пермь» совхозы туына Ленин орденін қадаған республикадағы
тұңғыш совхоз.

Біздің елімізде адал еңбек ер атандыратын, данк шығаратын, абы-
рой әперетін іске айналды. Мұны біздің облыс өмірінен де айқын көруге
болады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісін дамытудағы ерлік
еңбектері, тамаша табыстары үшін Орал өңірінің жетпістен астам арда-
гер азаматтарына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ордендермен,
медальдармен наградталғандар мындай саналады, республиканың ең-
бек сіңірген мұғалімі, дәрігері, мәдениет қызметкері, агрономы, жерге
орналастырушысы құрметті атағына ие болғандар да аз емес. Осының
бәрі Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің, лениндік ұлт
саясатының салтанат құруының нәтижесі.



В. И. ЛЕНИН ӨМІРБАЯНЫНЫҢ

ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЖАҢАДАН ӨРЛЕУ ДӘУІРІНДЕ

Революцияның жаңадан өрлеуі болмай қоймайды деген Лениннің болжауы көп ұзамай-ақ расталды. Ешқандай қуғын-сүргін бұқараның революциялық күресінің үдере өрлеуін тоқтата алмады. 1910 жылы Россияда жұмысшы қозғалысы қайта жандана бастады. Осы жылдың жазы мен күзінде Петербургтің, Москваның және басқа ірі қалалардың фабрикалары мен заводтарында жұмысшылардың ереуілдері, демонстрациялары, митингілері және басқа саяси аттаныстары болды. Сонан кейінгі жылдары революциялық қозғалыс үдей берді. Күреске шаруалар, армия мен флот тартылды. Большевиктік партия бұқараның революциялық қозғалысын басқарды.

Ленин жұмысшылар ішінен партия кадрларының өсіп шыққанын зор қуанышпен атап көрсетіп, олардың саяси даярлығын көтеруге қамқорлық жасап отырды. 1911 жылдың көктемінде Владимир Ильич Париждің түбіндегі Лонжюмо деген кішкене қалада партия мектебін ұйымдастырды. Партия мектебінде оқығандар ірі-ірі партия ұйымдарындағы астыртын жұмыста жүрген жұмысшылар болды. Н. К. Крупская кейініректе: Парижге алғашқы келген питерлік жұмысшыларды Владимир Ильичтің қалай қуана қарсы алғанын, олармен бүкіл кеш бойы қызу әңгімелескенін есіне түсіреді.

Ленин саяси экономияның, философияның, социализм теориясы мен практикасының ең қиын мәселелерін жұмысшыларға оңай, түсінікті етіп баяндап отырды. Мектептің сабақтары қызу әңгімелесу түрінде өтіп, тыңдаушылардың бәрі де әңгімеге белсене қатысатын. Оқушылар өте қауыпты және көп оқыды. Мектепте Петербургтен, Москвадан, Сормоводан, Екатеринославтан, Николаевтен, Домбровск ауданынан (Польша), Бакуден, Тифлистен және басқа қалалардан келген он сегіз жұмысшы оқыды. Ленин мектептің жұмысына дән риза болды. Кейін мектеп оқушылары Россияға нақтылы партия жұмысына жіберілді.

1911 жылдың аяғында Ленин Парижде Поль Лафарг пен оның әйелі, Маркстің қызы Лаураны жерлеген кезде РСДРП-нің атынан сөз сөйледі. Сөзін француз тілінде сөйледі. Өзінің қысқаша, бірақ мазмұны жағынан тамаша сөзінде Ленин марксизм идеяларын талантты таратушылардың бірі болған Лафаргтың сіңірген еңбегін атап көрсетті. Осы марксизм идеяларының туы астында, деді Ленин, орыс жұмысшыларының алдыңғы қатарлы

Жалғасы. Басы журналдың 2—5-номерлерінде.

отряды ұйымдасты, өзінің ұйымдасқан бұқаралық күресімен патша өкіметіне соққы берді және либералдық буржуазияның барлық сатқындығына, қобалжуы мен ауытқуына қарамастан социализм ісін, революция ісін, демократия ісін қорғауда. Орыс революциясы, деді бұдан әрі Ленин, «бүкіл Азияда демократиялық революциялар заманын бастады, сөйтіп 800 миллион адам қазіргі кезде бүкіл цивилизациялы дүниенің демократиялық қозғалысына қатысушылар болып отыр». Сөзін аяқтай келіп, Ленин «буржуазияның үстемдігін құлатып, коммунистік құрылыс орнататын, марксизм идеяларының рухында ұйымдасып, тәрбиеленген пролетариаттың революциялық шайқастарының» заманы жақындап келе жатқандығына кәміл сенетіндігін білдірді.

Россияда жұмысшы қозғалысының жандануына және жойымпаздарға қарсы күрестің күшейе түсуіне байланысты партия ұйымдарын нығайтып, олардың жұмысын жақсартудың қажеттігі ерекше сезіле түсті. Партия конференциясын қалай да тез шақыру мәселесі алға қойылды. Ленин, большевиктер партия конференциясын шақыруға шаралар жасады. Бұл конференцияны әзірлеу үшін Россияға партия мектебінің оқушылары жіберілді, бұлардың ішінде большевиктік партияның ірі қайраткері Г. К. Орджоникидзе және басқа да көрнекті партия қызметкерлері бар еді. Конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Ленин бұл комиссияның жұмысына зор саяси маңыз берді. Төрт жылға созылған бүліншілік пен бытырандылықтан кейін орыстың партиялық орталығы бірінші рет жиналды, деп жазды Ленин. «Ту көтерілді; бүкіл Россиядағы жұмысшы үйірмелері осы туға ұмтылып отыр, сондықтан енді бұл туды ешқандай контрреволюциялық шабуыл құлата алмайды!».

Партия конференциясы Чехословакияда өткізілетін болып шешілді. 1912 жылдың басында Ленин Парижден Прагаға жүріп кетті. Осында, Халық үйінде, чех социал-демократиялық газетінің үйінде, барынша құпиялық сақтай отырып, партия тарихына Прага конференциясы деген атпен енген бүкіл россиялық конференция болды. Қазіргі уақытта сол конференция болып өткен бөлме осыдан жарты ғасыр бұрын қандай болса, сол күйінде қалпына келтірілді, ал үйдің өзінде 1953 жылғы 21 январьда В. И. Лениннің Музейі ашылды.

Социал-демократ чех жолдастар конференцияны ұйымдастыруға үлкен көмек көрсетті. Олар конференция өткізу үшін үй берді, делегаттардың қамын ойластырып, оларды жұмысшылардың пәтерлеріне орналастырды. Ленин Петербург ұйымынан келген делегат жұмысшы Е. П. Онуфриевпен бірге орналасты. «Шат көңілді, сергек, жайдары Ильич бізге тіпті көптен таныс адамдай, бізбен салған жерден жақындасып кетті, — деп есіне түсіргенді Онуфриев. — Ленин мәселенің ең басты, ең негізгі түйініне жете білуші еді. Ленинің осы қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі бізді қалай бірден билеп, бағындырып әкетті десеңізші!» Ленин әрбір делегатқа қатты көңіл бөліп, қамқорлық жасады. Россияның жұмысшы табы мен шаруаларының хал-жайын, ел ішінің жағдайын Владимир Ильичтің сондай терең білетіндігі делегаттарды таң қалдырды.

Ленин конференцияның барлық жұмысына басшылық етті. Оның ұсынысы бойынша сол кезде Россияда болған барлық партия ұйымдарын түгел дерлік біріктірген конференция өзін толық праволы орталық мекемелер құрып, партияны қайта қалпына келтіруге тиісті партияның жоғарғы органы деп жариялады. Ленин конференция ашыларда сөз сөйледі, мәжілістерде председательлік етті, күн тәртібінің аса маңызды мәселелері бойынша баяндамалар жасап, қарарлардың жобаларын жазды, жергілікті жерлерден жасалған баяндамаларды жазып отырды.

Конференция қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы Ленин ұсынған қарардың жобасын қабылдады. Конференция партия ұйымдарының назарын алдағы уақытта, бұрынғыша, пролетариаттың алдыңғы қатарлы бұқарасын социалистік жолмен тәрбиелеу, ұйымдастыру және

топтастыру жөнінде ұзақ уақыт істелетін жұмыстар тұрғандығына аударды: барлық жария мүмкіншіліктерді бұрынғыдан да кең пайдаланатын құпия партия ұйымын қалпына келтіру жөнінде еселеп жұмыс жүргізу керек екендігіне аударды. Мұндай ұйым пролетариаттың экономикалық күресіне басшылық етуге қабілетті және тек осы ұйым ғана «пролетариаттың барған сайын жиіленіп отырған саяси аттаныстарына басшылық ете алады» деп баса көрсетілді қарарда.

Конференцияның делегаттары Халықаралық Социалистік Бюроның жұмысы туралы және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы жүргізіліп жатқан күрес туралы В. И. Лениннің жасаған баяндамасын зор көңіл қойып тыңдады. Лениннің баяндамасында жаңа тарихи заман, социалистік революциялар заманы, Владимир Ильичтің сөзімен айтқанда, «буржуазиямен шайқасу» заманы туралы маңызды қағидалар айтылды, ал осыған байланысты халықаралық жұмысшы қозғалысында революцияшыл социал-демократтар мен реформистердің арасында болатын күрес туралы маңызды қағидалар айтылды. Ленин неміс социал-демократиялық партиясының ішіндегі жағдайға ерекше тоқталды. Ол осы партияның ішіндегі қарым-қатынастардың барынша шиеленіскендігін атап көрсетті. — «сыртынан қарағанда бірлік бар сияқты, ал ішіне келсең түрліше екі ағым болып отыр» деді. «Күмән жоқ, — деді Ленин, — неміс социал-демократиясы жаңа заманға — социалистік революция заманына жақындап келеді; экономикалық, соғыс дағдарысы, дүние жүзілік шиеленістер — осылардың бәрі де әлгі заманның белгілерін жақындатып отыр».

Ленин өзінің конференцияда сөйлеген сөздерінде бұқарамен байланысты қамтамасыз ететін және жұмысшы қозғалысының өрлеу жағдайларына сай келетін партия жұмысының жаңа, неғұрлым икемді ұйымдастыру формаларына зор көңіл бөлді. Ол жария жұмыстың барлық түрлерін, ең алдымен дума фракциясын, кәсіподақтар мен жұмысшылардың жария қоғамдарын партия ұйымдарының шебер пайдалана білуінің маңызын тағы да баса көрсетті.

Ленин жұмысшылардың жария қоғамдары арқылы партия ұйымының қандай жұмыс жүргізуге тиіс екендігіне: кітапхана — оқу үйлері арқылы лекциялар өткізу, большевиктік жария әдебиетті тарату, клуб жұмысын жүргізу мәселесіне және басқаларына толық тоқталып өтті. Ленин былай деді: біз осындай қоғамдарды кеңейту жөнінде жұмыс жүргіздік пе? Осы қоғамдар туралы өзіміз фабрикалар мен заводтарда баяндамалар жасадық па? Бұл салада партия ұйымдарының әлі жеткілікті жұмыс істемегенін Ленин атап көрсетті. Құпия ұялар айналасына топтасқан жария ұйымдардың жүйесі көбейе түсуге тиіс, мұның өзі партия жұмысының базасын кеңейтеді деді. Мейлі, — деді Ленин, — ресми ұйымдасқандығы кемірек партия болса да, «жария қоғамдардағы жүргізген жұмыстарымен кеңейе түсетін ұйым болсын... Бұлардың ұялары бар, Орталық органмен байланысты, жылында бір рет қатынасып тұрады және бұрынғыдан жүз есе артық жұмыс істейді». Мұнымен қатар Владимир Ильич жария ұйымдарда жүргізілетін мәдениет жұмысында ылғи партиялық рухы болуын баса көрсетті. Мұның өзі жойымпаздарға қарсы күресте табысқа жетудің кепілі деп білді Ленин. Конференция революциялық өрлеудің жаңа жағдайларында партияның ұстайтын саяси бағыты мен тактикасын белгіледі.

Прага конференциясы большевиктер партиясының жаңа тұрпатты партияның құрылысында аса көрнекті роль атқарды, конференцияның партия съезіндегі маңызы болды. Конференция жойымпаз меньшевиктерді партиядан шығару жөнінде қаулы қабылдады. Бұлар партиядан тыс деп жарияланды. Конференция партияның барлық мүшелерін жойымпаздыққа қарсы күрес жүргізуге, жұмысшы табын азат ету ісіне оның зияндылығын түсіндіріп отыруға және күш-жігерді құпия партия ұйымдарын қалпына келтіріп, нығайту ісіне жұмсауға шақырды.

Лениннің сөйлеген сөздері, конференцияның бүкіл жұмысы оппорту-

низмге қарсы бітіспес күрес жүргізу рухында өтті. Прага конференциясы шешімдерінің халықаралық зор маңызы болды. Большевиктердің ұйымдық жағынан оппортунистермен толық ажырасуы басқа да социал-демократиялық партиялардың революцияшыл элементтеріне үлгі болды.

Конференция партияның Ленин бастаған Орталық Комитетін сайлады. Орталық Комитеттің құрамына ауыр, құпия жұмыстарда сыннан өтіп табандылық, ерлік көрсеткен адамдар енді. Орталық Комитетке сайланғандардың ішінде: В. И. Ленин, Ф. И. Голощекин, Г. К. Орджоникидзе, С. С. Спандарян болды. Орталық Комитет өз құрамына И. С. Белостоцкий мен И. В. Сталинді кооптациялады (енгізді) және Орталық Комитет мүшелерінен біреулер қамауға алына қалған жағдайда Орталық Комитетке кооптация жасау үшін А. С. Бубновты, М. И. Калининді, Е. Д. Стасованы, С. Г. Шаумянды кандидаттар етіп бекітті. Орталық Комитет кейініректе Орталық Комитеттің мүшелерінің құрамына Г. И. Петровский мен Я. М. Свердловты кооптациялады. «Ақырында — қарғыс атқан жойымпаздардың қарсылығына қарамастан, — деп жазды Ленин Горькийге, — партияны және оның Орталық Комитетін қалпына келтірдік. Бізбен бірге Сіздің де бұған қуанатыныңызға сенемін».

Конференциядан кейін Ленин, большевиктер оның шешімдерін жүзеге асыруды қызу қолға алды. Орталық Комитеттің мүшелері мен делегаттар жергілікті жерлерде болып баяндамалар жасады. В. И. Ленин өзінің хаттарында конференцияның барлық негізгі қарарларын листоктар түрінде басып шығарып, жергілікті жерлерде, бұқара арасына таратуға кеңес береді: «Листоктар шығарумен сіздер бәрін де өздеріңізге қаратасыздар». Ол партия ұйымдарымен екі арадағы байланысты тез қалпына келтірудің қажеттігін баса көрсетіп отырды: «...бізге байланыс жасайтын жерлерді көбірек беріңдер. Байланыс орнататын жерлерді үсті-үстіне беріңдер, бізде жоғы міне осы. Мұнсыз бәрі де орнықсыз дүние болмақ», — деп жазды ол Россиядағы Орталық Комитет бюросының мүшелеріне. Конференцияның шешімдерін партия ұйымдары бірауыздан қолдады.

1912 жылдың көктемінде Петербург жұмысшыларының Ленин қызу қолдаған инициативасы бойынша күнбе-күн шығып тұратын большевиктік жария «Правда» газеті құрылды. «Правданың» бірінші номері Петербургте 22 апрельде (5 май) күні шықты. Бұл Лена бойындағы алтын кендерінде, қиыр шеттегі Сибирь тайгасында патша әскерлерінің жұмысшыларды қырғынға ұшыратуына бұқараның бүкіл ел ішінде ашулы наразалық білдіріп жатқан күндері еді. Ленадағы жауыздыққа қарсы наразылық білдіру стачкалары бүкіл Россияны қамтыды.

«Правданың» бірінші номері шығуының құрметіне 5 май күні жұмысшы баспасөзінің мереке күні ретінде атап өтілетін болды.

Россияға жақынырақ болу үшін Ленин Парижден Польшаға, Краков қаласына көшіп келді. (Польшаның бұл бөлігі ол кезде Австро-Венгрия империясының құрамына кіретін). Мұнда ол екі жылдан аса уақыт, бірінші дүние жүзілік соғыс басталғанға дейін тұрды; қысында — Краковта, жазында — Поронин деревнясында тұрды. Краков орыс шекарасына таяу жерде еді, мұнда үшінші күнге қарағанда Петербургтен газет келіп тұратын еді, осы аралаң Россиядағы партия ұйымдарымен хат жазысу және тікелей байланыс жасау оңай еді. Ленин әрқашандағы және барлық жердегі әдетінше мұнда да халықтың өміріне шұғыл назар аударып, жұмысшы адамдардың, қала шетіндегі шаруалар мен кедейлердің тұрмысын зерттеп отырды. Мұнда ол поляк жұмысшы қозғалысымен, поляк социал-демократтарымен бұрынғыдан да тығыз байланыс жасап, оларға зор көмек көрсетті. Әрқашандағы сияқты, Ленин қажымай-талмай жұмыс істеп, бар уақытын, бар күш-жігерін партия жұмысына, жұмысшы табының ісіне жұмсауда болды.

Поляк халқы Лениниң Польшада болуымен байланысты нәрсенің бәрін де сүйіспеншілікпен сақтады. Краков пен Поронинде В. И. Ленин

музейлері ашылды, Владимир Ильич тұрып, жұмыс істеген үйлерде мемориалдық тақталар орнатылды.

Ленин «Правдаға» күнбе-күн басшылық етіп, редакциямен қызу хат жазысып отырды, газеттің табыстарына қуанып, оның қателері мен кемшіліктерін түзетуге көмектесіп отырды. Ол газеттің жұмысшылар арасында дер кезінде таратылып отыруын, оның тиражының көбейтілуін қатты талап етті, газетке жазылу заводтар мен фабрикалардың өзінде жүргізілсін деп ұсынды. «Партиялықтың жеңуі дегеніміз «Правданың» жеңуі және керісінше» — деп жазды ол. Ленин жұмысшы газеті айбынды болуға тиіс, бәрінен де алда болып, мәселелерді батыл қойып, жұмысшы табына, революцияға зиян келтіретіндерді әшкерелеп отыруға тиіс деп көрсетті.

Ленин жұмысшы газетінің жойымпаздар жөнінде қандай бағыт ұстауға тиіс екендігін сабырлылықпен түсіндіріп отырды. «Жойымпаздармен бірлік жөнінде ешқандай сөз болмауы керек, — деп жазды ол «Правданың» редакциясына, — партияны бүлдірушілермен партияны біріктіріп болмайды». Ленин «Правданың» қызметкерлерін сынға құлақ қойыңдар, жіберілген қателерді жасырмаңдар, қайта оларды ашық мойындап, түзетуге батылдықтарың болсын деп үйретті: «Түзетілген қате жойылады. Түзетілмегені іріңдеген жараға айналады». — деп баса көрсетті ол.

Газеттің жұмысын жүргізудегі редакцияның табыстарын (ең сәтті шыққан мақалаларын, газет көлемінің үлкейгендігін, газетті жаздырып алушылар санының өскендігін, тағы басқаларын) талай рет атап көрсете отырып, Ленин «Правданың» қол жеткен табысқа тоқмейілісімей, қайта оқушылардың көбейе беруі жолында күрес жүргізе беруге, бұқара арасына «кең де тереңдей бойлап» ене беруге тиіс екенін еске салып отырды.

Ленин «Правдаға» күнбе-күн дерлік жазып тұрды. Большевиктік партияның көсемі жұмысшылар бұқарасына газет беттерінде Маркс ілімінің мәнін түсіндіріп, революцияшыл марксизм теориясының маңызын айқындап беріп отырды. Оның қарапайым тілмен, ап-айқын жазған мақалалары оқушылардың пролетарлық интернационализм, таптық ынтымақтық сезімін, барлық елдердің жұмысшылары мүдделерінің бір екендігі сезімін баули берді. Ленин жұмысшылардың стачкалық қозғалысының мәселелері жөнінде жиі жазып тұрды: «Қолың соны, тілесе, қозғалмас ешбір тегершік»... — деп ол неміс жұмысшылары өлеңінің сөздерін келтіріп, ағылшын көмір қазушыларының 1912 жылғы ереуілінің ойдағыдай барысын суреттегенді. Ильич көтерілісшілер қимылы ұйымшылдығының, олардың шыдамдылығы мен табандылығының маңызын баса көрсетіп отырды. «Правдада» 1912—1914 жылдардағы кезең ішінде Лениннің 280-нен астам мақаласы басылған еді, бұлардың көбі мынадай псевдонимдермен басылып шықты: «В. Ильич», «В. Фрей», «В. И.», «Г.», «Правдист», «Статистик», «Читатель» және басқалар.

Ленин Россияның экономикалық мешеулігін қатты қиналып, екінші етіп жазып отырды, халықты қайыршылыққа, правосыздық пен қараңғылыққа душар еткен қанаушы таптарды әшкереледі.

Ленин былай деп көрсетті: капитализм ғылымның, техника мен мәдениеттің дамуына бөгет жасап отыр. Өсіп те, нығайып келе жатқан жұмысшы табынан қорыққандықтан империалистер барлық артта қалған, дәурені өтіп бара жатқан нәрселерді қолдауға және жас, жаңа нәрсені құртуға әзір тұрады. «Бірақ ештеңеге қарамастан жас нәрсе өседі де, басым болып шығады», — деп жазды Владимир Ильич. Ол Қытай революциясын және Азияның басқа да елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалысын қызу қолдап отырды.

«Правда» арқылы Ленин пролетариаттың ұйымшылдығы мен бірлігінің маңызын түсіндіріп отырды. «Бытыраққы жұмысшылар — түк емес. Біріккен жұмысшылар — ерен күш», — деп жазды ол. Ленин партия мен жұмысшы табын революцияның таяудағы жеңісіне кәміл сендірді.

«Правда» жұмысшылар арасында өте қадірлі болды және жұмысшылар-

дың өздері жинаған қаржыға шығып тұрды. Ленин жұмысшылардың «Правдаға» деп жинаған ақшалай жарналарын большевиктер партиясына төленген мүшелік жарна деп қарады. Бұл газет партия ұйымдарын нығайтуда, және жұмысшылар бұқарасын саяси жағынан тәрбиелеуде үлкен роль атқарды. «Правда» жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға және басқа оппортунистерге қарсы күрес жүргізді. «Правданың» жүргізген жұмысы ешқандай да арандатушылық пен қудалау күйрете алмаған бұқаралық большевиктік партияның берік іргесін қалауға көмектесті. «Правда» революцияшыл жұмысшылардың жаңа ұрпағын, жүз мыңдаған алдыңғы қатарлы пролетарларды баулып шығарды, бұлар кейінде Ұлы Октябрь социалистік революциясында орасан зор роль атқарды.

Түрлі уақытта «Правда» редакциясының мүшелері болған және оның жұмысына белсене ат салысқан адамдар мыналар еді: Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, К. С. Еремеев, Н. К. Крупская, В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин, П. И. Стучка, А. И. Ульянова-Елизарова және басқалар. IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары газетке белсене қатысып отырды. «Правдада» А. М. Горький өзінің шығармаларын бастырып тұрды.

Лениннің және оның серіктерінің «Правда» газетін ұйымдастырып, бұл газетті патша өкіметінің ауыр жағдайларында революциялық бағытты іске асырып отыруға, бұқараны саяси жағынан тәрбиелеуге пайдалануы бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихында аса көрнекті оқиға болып табылады. Лениндік «Правданың» тамаша дәстүрлері — партияға және революцияға берілгендік, жоғары принципшілдік, идеялық ауытқушылыққа төзбеушілік, бұқарамен етене байланыстылық — дүние жүзінің барлық алдыңғы қатарлы, коммунистік, революциялық баспасөзі үшін үлгі болып табылады.

1912 жылдың күзінде IV Мемлекеттік думаның сайлауы болды. Сайлау науқанына қатысу партияның бұқарамен байланысын нығайтуға, партия ұйымдарының жұмысын жандандыруға көмектеседі деп есептеді Ленин. «Партия құрылысының көп мәселесі, — деп жазды Ленин, — сайлаудың немен тынатынына байланысты».

Ленин жазып, Орталық Комитеттің атынан жеке листок болып шыққан сайлау платформасы сайлауды өткізуде партия үшін басшылық нұсқау болды. Большевиктер сайлау науқанында: демократиялық республика, сегіз сараттық жұмыс күні, помещиктердің барлық жерлерін конфискациялау деген негізгі үш талапты ұсынды. Бұл талаптарды жұрт «үш алып» деп бейнелеп атады.

Ленин сайлау науқанының барысын мұқият қадағалап, жұмысшылардың сайлауға қатысуын қалай жандандырып, қалай күшейту керек екендігі жөнінде «Правданың» редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ленин сайлау науқанының нәтижелеріне риза болды: Россия пролетариатының бестен төрт бөлегі тұратын барлық негізгі өнеркәсіпті губерниялардың алтауында Мемлекеттік думаға жұмысшылардан (жұмысшы куриясы бойынша) большевиктер депутат болып сайланды.

Владимир Ильич большевик депутаттардың жұмысына басшылық етті, ең маңызды саяси мәселелер жөнінде олардың сөйлейтін сөздерінің жобаларын жазып беріп отырды. Думаның мінбесін революциялық насихат мақсаттары үшін қалай пайдалануды үйретті. Ол жұмысшы депутаттары үшін Думада сөйлейтін бірінші сөзінің тезистерін, толық жоспарын жазып берді. Бұл тезистер Думаның социал-демократиялық фракциясының декларациясы жобасының негізіне алынды. Ленин депутаттарға — социал-демократиялық фракцияның мүшелеріне өздерінің Думада сөйлейтін бірінші сөзінде: Россия социал-демократиясы — социалистік пролетариаттың халықаралық ұлы армиясы отрядтарының бірі екендігін, капитализм

жойылып, бірлескен миллиондаған пролетарлар бұқараның қайыршылығы болмайтын, адамды адамның қанауы болмайтын социалистік қоғам орната-тын уақыт жақындап келе жатқандығын мәлімдеу керек, деп ақыл берді.

Большевик депутаттар Краковтағы Ленинге әлденеше рет келіп, оны-мен болған әңгімелерінде қажетті кеңес, көмек алып отырды. Олар осы кездесулерін зор сүйіспеншілікпен еске түсіреді. Думаның депутаты М. К. Муранов өзінің Ленинге келгенін міне былай суреттейді: «Ленин мен Крупская екі бөлмелі шағын пәтерде тұрады екен. Үй-ішінде жай столдар мен орындықтар, екі темір төсек, көйлек-көншек салатын жай ғана шкаф — үй ішінің бар жиһазы осы десе болғандай. Оның есесіне барлық бос орынды — сөрелерде, терезе алдында жатқан, еденге мұқият қаттап жиып қойылған кітаптар, журналдар, газеттер алып тұр».

Владимир Ильичтің, деп атап көрсетеді Муранов, «әңгімелесіп отырған кісінің сөзін тыңдағанда кісінің өзі мүмкіндігінше дәл, іскерлікпен сөйлегісі келетіндей етіп тыңдайтын» тамаша қабілеті бар-ды. «Соның өзінде ол мен сияқты қарапайым жұмысшы слесарьға өзінің ақыл-ой парасатының ар-тықтығын ешбір сездірмейтін».

В. И. Ленин большевик депутаттардың Думадағы міндеттерін қалай түсіндіріп беріп отырды? Бұл жөнінде А. Е. Бадаев былай дейді: «Жұмысшы депутатының міндеті, — дейтін Ленин, — жұмысшы табының күшті және қуатты екендігін, өздерінің министрлерімен және үкіметімен қоса бүкіл қаражүздіктерді жоқ қылатын революцияның қайта өрлейтін күні алыс емес екендігін күн сайын Дума мінбесінен қара жүздіктердің есіне салып отыру». Ленин жұмысшы депутаттардың заңға түзетулер ұсынып, сөз сөйлеулері әбден мүмкін және тіпті белгілі бір заң жобасын ұсынуы да мүмкін деп есептейді, дейді естелігінде А. Е. Бадаев, бірақ бұл сөздердің бәрі де бір ғана мақсатты көздеуі керек: «Патшалық құрылысты масқаралау керек, үкіметтің бүкіл сұмдық озбырлығын әшкерелеу керек, жұмысшы табының правосыздығын және мүлде аяусыз қаналып отырғандығын айту керек. Міне жұмысшылар өз депутатынан дәл осыны естуге тиіс».

Думаның социал-демократиялық фракциясына алты большевиктің үстіне өнеркәсіпті емес губерниялардан сайланған жеті меньшевик енді. Кездейсоқ ие болған көпшілік дауыстарын пайдаланып, жойымпаз меньшевиктер большевик депутаттардың праволарын бұрмалаумен болды. Ленин «Правда» арқылы меньшевик депутаттардың жікшілдік, жұмысшы табының мүдделеріне дұшпандық әрекеттерін әшкерелеп отырды. Жұмысшылардың көпшілігі қолдаған большевик депутаттар Думада дербес фракция құрды.

Ленин басшылық еткен жұмысшы депутаттары А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, М. К. Муранов, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов бұқара арасында аянбай насихат және үгіт жұмысын жүргізіп отырды: фабрикалар мен заводтарда сөз сөйлеп отырды, жаңа партия ұйымдарын құрып жатты, «Правдаға» ат салысып тұрды, стачкашыларға көмек ұйымдастырды, Орталық Комитеттің тапсырмаларын орындап отырды. Олар қас дұшпан, қара жүздік Думада жұмысшы партиясының туын жоғары ұстады. Большевик депутаттар, деп жазды Ленин, «көбік ауыздылықпен емес, буржуазиялық, интеллигенттік салондарға «еркін кіргіштігімен» емес, жұмысшы бұқарасымен байланысының күштілігімен, сол бұқараның ішіндегі жанқиярлық жұмысымен, құпия насихатшының, ұйымдастырушының жұпыны қызметін, көзге түсе қоймайтын, ауыр, тауқыметті және өте-өте қатерлі қызметін орындаумен жарқырап көзге түсті». Владимир Ильич большевиктердің думалық, «парламенттік» жұмыс тәжірибесінің бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыс үшін зор маңызы бар екендігін әлденеше рет атап көрсеткен болатын.

Партияны және оның бірлігін нығайтуда Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізген — Краков пен Поронин кеңестері шешімдерінің зор маңызы болды, бұл кеңестер В. И. Лениннің басшылығымен 1913 жылы болып өтті.

Партияның Орталық Комитетінің кеңейтілген кеңестеріне Ленин зор маңыз берді. Бұл жайт, мәселен, Краков кеңесінің жұмысы жүріп жатқан кезде Лениннің Парижге жіберген мына бір хатынан көрініп тұр: «Кеңестің үстінде жазып отырмын. Тамаша өтіп жатыр. Мұның маңызы 1912 жылғы январь конференциясының маңызынан кем болмайды. Барлық маңызды мәселелер жөнінде, соның ішінде бірігу жөнінде де қарарлар алынбақшы...

Барлық қарарлар бір ауыздан қабылданып жатыр... Орасан зор табыс!».

Россиядан партия қайраткерлерінің келуі Владимир Ильичті қатты қуантты: «Краков базасы пайдалы болып шықты: біздің Краковқа келуіміздің ақысы (іс тұрғысынан қарағанда) толық «өтелді», — деп жазады ол Горькийге 1913 жылдың январь айында.

Кеңес туралы Хабарда Ленин 1912 жылды — Россияның жұмысшы қозғалысындағы ұлы тарихи бетбұрыс жыл деп атады. Стачкалық қозғалыстың кең өріс алғандығы жағынан Россия барлық елдің, керек десе дүние жүзінің ең дамыған елдерінің алдында тұр, Россия жаңа революцияның ұлғайып, өсіп келе жатқан кезеңіне кірді, деді ол. Владимир Ильич большевиктік партияның соншалық өсіп, нығайғандығын, оның жұмысшылар бұқарасына ықпалының сондайлық артқандығын қуана атап көрсетті. Ол партия ұйымдарының міндеті — барлық шараны қолданып революциялық стачкаларды, демонстрацияларды, митингілерді қолдау, дамыту және ұйымдастыру, шаруаларды жұмысшылармен бір мезгілде жаппай қозғалысқа қатыстырып отыру деп көрсетті. Революция ісіне қызмет ету партияның әрбір мүшесінің басты міндеті, деп жазды Ленин.

1913 жылдың көктемінде Надежда Константиновнаның денсаулығы нашарлап кетті. Сондықтан Ленин мен Крупская Краковтан Поронин деревнясына жүріп кетті. Олар табиғат көрінісі әсем үйге орналасты. Владимир Ильич тауға серуенге шыққанды ұнатушы еді. Сарылып істеген жұмыстан кейін бұл оған таптырмайтын демалыс болушы еді. Бірақ Поронинде болған кезінде де Надежда Константиновнаның денсаулығы жақсармады. Жазында Швейцариядағы Бернге емделуге баруға тура келді. Июльдің аяқ кезінде Ленин мен Крупская Поронинге қайтып оралды.

Швейцарияда тұрған кезінде Ленин ұлт мәселесі жөнінде Цюрихте, Женевада, Лозаннада, Бернде баяндамалар жасады, ал кейінде — Парижде, Лейпцигте және Краковта жасады. Оның жасаған баяндамалары тыңдаушыларға зор әсер қалдырып жүрді. Олар Ленин пікірінің терең мазмұнына, жаңалығына, сонымен бірге сондай айқындығына, қарапайымдығы мен көңілге қонымдылығына таңырқады.

Ұлт мәселесі бұл шақта ерекше зор маңыз алған еді. Дүние жүзілік соғысты дайындай отырып, буржуазия мен помещиктер ұлт араздығын қоздырды, жұмысшы табына іріткі салуға тырысты. Патша үкіметі ұлт-азаттық қозғалысын түншықтырып, бір халықты екіншісіне айдап салумен болды. Ленин большевиктердің алдына жұмысшы қозғалысының интернационалдық бірлігін қорғап қалу міндетін қойып, бұл бірлікті пролетариат күшінің негізгі шарты деп білді. Көп ұлтты Россияда орыс пролетариатының тап күресін езілген ұлттардың жұмысшыларының және барлық еңбекшілерінің күресімен біріктірудің өте-мөте зор маңызы болды.

«Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» және «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақалаларында Ленин большевиктік партияның ұлт мәселесі жөніндегі маркстік программасы мен ұлт саясатын дамытып, негіздеп шықты. Партияның лениндік ұлттық программасының негізгі талаптары мыналар болды: халықтардың толық тең правосы болуы, ұлттардың өзін өзі билеуге правосы болуы (басқаша айтқанда, бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруына правосы болуы), барлық ұлттар

жұмысшыларының біртұтас пролетарлық ұйымдарға берік бае қосып бірігуі.

Ең бастысы — барлық ұлттар жұмысшыларының бірлігі, олардың пролетарлық интернационализм туының астына бірігуі, деп түсіндірді Ленин. Украин ұлтының бірлігін күшейту деген сылтаумен украин пролетариаты мен орыс пролетариаты арасында орныққан байланыстарды әлсірету жағына шыққан украин ұлтшылдарына қарсы күрес жүргізе отырып, Ленин былай деп баса көрсетті: «Великорус және украин пролетарлары бірігіп қимыл жасаса, азат Украинаның болуы мүмкін, мұндай бірлік болмайынша азат Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес». Осы данышпандық сөздер Совет Одағының барлық халықтары мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы ұстазына деген шексіз сүйіспеншіліктің белгісі ретінде Киевте Ленинге украин халқының орнатқан ескерткішінің гранит тұғырына алтынмен жазылған.

Ленин өзінің еңбектерінде: барлық езілген халықтардың праволары мен мүдделерін шын қорғаушы тек большевиктер партиясы екенін және халықтардың бірлігі помещиктер мен капиталистерге қарсы күресте мызғымас күш болып табылатынын дәлелдеп берді.

Россияда революциялық қозғалыс барған сайын кеңінен өрістей берді. 1914 жылдың бірінші жартысында бір жарым миллионға жуық жұмысшы ереуіл жасады. Экономикалық ереуілдер саяси ереуілдермен ұштасып отырды. Еліміз жаңа революцияға беттеп келе жатты. Большевиктер кезекті партия съезін шақыруға дайындала бастады. Бірақ оны шақырудың сәті түспеді — бұған дүние жүзілік империалистік соғыс бөгет жасады.

Ленин басшылық еткен большевиктер партиясы өзінің бүкіл революциялық жұмысы арқылы дүние жүзілік соғыс душар еткен аса ауыр сындарға әзірленіп алып еді.



КӨСЕМНІҢ ЖҰМЫС КАБИНЕТІ МЕН ПӘТЕРІ

Владимир Ильичтің кеменгер даналығы мен дарыны, ақылы мен білімі сөз болғанда, оның ғажайып қарапайымдылығы мен абзал адамгершілігі бірге айтылады. Ұлы көсемнің ақжарқын ашық мінезі, кіншелейдігі мен мейіроандығы, шыншылдығы мен әділдігі онымен әріптес, қызметтес болған кісілердің бәрін, небір ғұлама ғалымдар мен қоғам, мемлекет қайраткерлерін таң қалдырған. Тіпті жаулығын ішкі бүгіп, тырнақ астынан кір іздеуге келген талай-талай буржуазия өкілдерінің өзін Владимир Ильичпен дидарласып, тілдескеннен кейін, оның данышпандығы мен қарапайымдығына, таудай таланты мен терең ойшылдығына бас иіп, оле-өйгенше Совет өкіметінің досы бол кеткен.

Білімізде Лениннің жарқын бейнесін еске түсіретін аяулы ескерткіштер көп. Сондай қасиетті орындардың бірі — В. И. Лениннің Кремльдегі жұмыс кабинеті мен пәтері. Бұлардағы әрбір зат, әрбір бұйым, ең уақ-түйек нәрсеге дейін сүйікті көсемнің Совет өкіметінің алғашқы жылдарында атқарған орасан зор мемлекеттік және партиялық қызметін, адамдармен қарым-қатынасын, семьядағы өмірін көзге елестетеді. Кабинет пен пәтерде болып шыққаннан кейін әлгіде ғана Ильичтің өзімен сөлемдесіп, жүздесіп, бір дастарқанның басында бірге шәй ішіп, лұғатты өсиеттерін тыңдағандай әсер аласыз.

1918 жылғы мартта В. И. Лениннің ұсынысымен астананың Петроградтан Москваға көшіп келгені тарихтан белгілі. Халық Комиссарлары Советі Кремльдегі Спаск қақпасына таяу үйдің үшінші қабатына орналасыпты. Сондағы алты бөлменің біреуі Владимир Ильичтің жұмыс кабинеті болыпты. Сол жылғы апрельдің аяғынан бастап Ильичтің семьясы да осында көшіп келген.

В. И. Ленин бұл кабинетте 1918 жылғы 12 марттан 1922 жылғы декабрге дейін еңбек етіпті. Ол жылдар жас Совет республикасының ең ауыр сындарды бастан кешіріп жатқан кезі болатын. Азамат соғысы, шетел интервенциясы, ішкі тап жауларының қастандық әрекеттері, аштық, бүліншілік — бәрі қосылып, жағдайды мейлінше қиындатты. Дүниедегі тұңғыш социалистік мемлекеттің өмірі қыл үстінде тұрды. Міне осындай сын сағаттарда В. И. Ленин осы кабинеттен елдің бүкіл саяси және шаруашылық тіршілігіне, Совет өкіметін ішкі-сыртқы жаулардың шабуылынан қорғау ісіне тікелей басшылық етті. Жаңа социалистік құрылыстың жас организмнің алып жүрегі осы кабинеттен тыныстап, осы кабинеттен күш-қуат, бағыт-бағдар алды.

Ленин кабинеті — көлемі 36 шаршы метр ғана еңселе, жарық бөлме. Бөлменің бір бұрышына ақ кафельмен көмкерген үлкен пеш алып тұр. Владимир Ильичтің қарақоқ шұрамен жапқан жазу столы да осы жерде. Стол үстінде — жәй темір қаламсап, «Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы. Халық Комиссарлары Советінің Председателі. Москва. Кремль» деген жазуы бар ақ бланкалар мен конверттер, қараз кесетін пышақ, конверт ашатын қайшы.

Столдың оң жақ шетіне таман кішкене араш құтының ішінен «РКИ(б) Программасы» мен «Совет республикасының заңдарын орындағандар» деген кітапша, темір жол анықтамасы көрініп тұр. Оған таяу — екі телефон аппараты, көк шығылы электр лампы. Ал столдың сол жақ шетінде Кремль телефондарының алфавиттік тізімі жатыр. Сұр мәрмәрден жасалған сия сауыттың жағына май шамы бар төрт шырақдан қойылған. Ол кезде отынның тапшылығынан электр станциялары жиі тоқтап, Владимир Ильичтің көбіне осы май шамдарды пайдалануына тұра келіпті. Столдың төр жағында көсемнің жәй ғана ақ шыбықтан тоқыған креслосы тұр (тегінде Владимир Ильич ешқашан жұмсақ орындыққа отырмайды екен, ондай орындық жұмыс істеуге қолайсыз деп, жаратпайды екен. Халық Комиссарлары Советінің мәжіліс залында да Лениннің председателдік орнында осындай тоқыма орындық тұр).

Келген кісілерге арнап жұмыс столына көлденең ұзын стол қойылған. Қошқы-қызыл шұрамен жапқан бұл столдың екі жағында — екі-екіден төрт жұмсақ кресло.

Кабинеттің бос қабырғаларын кітап толы шкафтар алып тұр. Төрт ағажерка мен терезе алдындағы текшеде — кітаптар, газет тигінділері, география атластары. Күнделікті қауырғ істің бағран асып жатқанына қарамастан, В. И. Ленин Кремльдегі

кабинетінде ғылыми жұмысын тоқтатпаған, маркстік теорияны дамыту, елімізде социализм орнатудың нақты жолдарын белгілеу мәселелерімен үздіксіз шұғылданған. Мысалы, оның «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Пролетарлық революция және ренсгат Каутский», «Мемлекет туралы», «Ұлы бастама», «Пролетариат диктатурасы», «Коммунизмдегі «солшылықтың» балалық ауруы», «Азық-түлік салығы туралы» деген тарихи еңбектері осы кабинетте дүниеге келді.

В. И. Лениннің жұмыс қабілеті, еңбекке деген ынта-жігері мен табандылығы ғаламат болғаны белгілі. Ол бір минут уақытын бос жібермеген. Таңертеңнен кешке дейін мемлекеттік, партиялық, шаруашылық істермен отырса, түп ортасынан асқанша кітап оқып, теориялық еңбектер, хаттар мен нұсқаулар жазған. Кейде тіпті шырты ұйқысынан оянып, жұмыс істейтін кездері жиі болған.

Халықпен тығыз байланыс, бұқараның творчествосына, күшіне деген қалтқысыз сенім — В. И. Лениннің ең ізгі қасиеттерінің бірі еді. Ол еңбекшілердің үніне мұқият құлақ асу, бұқарадан үйрену — коммунистің аса маңызды міндеті деп білген және өзі осы таланты барында берік ұстанған. Владимир Ильич Кремльдегі кабинетінде күн сайын ондаған қарапайым адамдармен жолығып, еліміздің түкпір-түкпірінен келген жұмысшы, шаруа өкілдерін қабылдап отырған. Лениннің тапсыруымен Халық Комиссарлары Советінің Секретариатында өте маңызды істерді тіркейтін арнайы кітап ашылған. Күн сайын таңертең осы кітапты Ильичке көрсетіп, шұғыл шаруамен қабылдауды өтінген кісілерді түгел баяндайтын болған. Ленин жазбаша түскен шарымдар жөнінде 24 сағат ішінде, ауызша шарымдар жөнінде 48 сағат ішінде өзіне тікелей хабарлап отыруды талап еткен. Ленин келген кісілердің өзіне немесе басқа тиісті адамдарға қалай телефон соғуына болатынын, ол адамдардың аты-жөнін, телефон номерін көрсеткізіп, Кремльдің Троицкий қақпасындағы будкаға хабарландыру ілгізіп қойған.

Владимир Ильич қарапайым адамдарды ілтипатпен, жайдары қабылдай отырып, олардың жеке арыздарынан, шарымдарынан, ұсыныстарынан аса маңызды деректер ала білген, жалпы мемлекеттік қорытынды жасай білген. Осы жөнінде экскурсанттарды ертіп жүрген, музейдің ғылыми қызметкері Клара Александровна Маштакова мынадай бір мысал келтірді. Қабылдау бөлмесінен Ильичке: «Бір жұмысшы әйел екі қабат әйелдерге демалыс беру туралы декреттің жобасын ұсынды» деген хат түсіпті. В. И. Ленин дереу ол хатқа: «Еңбек халық комиссарына. Тиісті қорытынды жасалсын» деп бұрыптама соққан. Көп ұзамай екі қабат әйелдерге демалыс беру туралы декрет шығарылған.

Сондай-ақ Ленин Юстиция халық комиссары Д. И. Курскийден электрлендірудің маңызы туралы болған айтыста ГОЭРЛО жоспарына қарсы шыққан бір профессорды Есин деген қарапайым монтердің бұлтартпас дәлелдермен қалай қиратқанын естиді. Г. М. Кржижановский де Есиннің талантты, дарынды жұмысшы екенін айтады. Владимир Ильич Есинді Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Мемлекеттік жалпы жоспар комиссиясына енгізуді ұсынады. Сөйтіп жұмысшы-монтер Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі болады.

Ұлы көсем еңбекшілерді Кремльде қабылдаумен қанағаттанбай, фабрикаларға, заводтарға жиі барып, жұмысшылармен диалогын, әңгімелесіп отырған. Шаруалар арасында да талай рет болған. Мәселен, ол съездерді, конференцияларды, мәжілістерді қоспағанда, 1918 жылғы 12 марттан 1922 жылғы 20 ноябрьге дейін Москва маңында 200 реттен астам сөз сөйлепті. Москва губерниясының 30-дан астам селосы мен деревнясында болыпты. Ол аудандық партия комитетінің тапсырмасымен лектор ретінде Москва қаласының барлық аудандарында лекция оқып, баяндама жасаған.

Владимир Ильичтің кішіпейлдігі, адамға деген қамқорлығы — нағыз коммунист басшыға тән өміссөз өнеге. Ол Халық Комиссарлары Советінің аппаратындағы барлық қызметкерлердің, от жағушылар мен үй сыпырушыларға дейін, аты-жөнін, семья жағдайын, кімнің қай күні туғанын жетік білген. Кездескен жерде шұйіркелесе сәлемдесіп, үй-ішінің амандығын, хал-жағдайын сұрап, шыннайы ықылас көрсеткен, қажет болса қолма-қол қамқорлық жасап отырған. Бұл жағында да К. А. Маштакова мынадай мысал келтірді. Орталық Статистика Басқармасы коллегиясының мүшесі А. И. Хряшева тым шалғай тұрады екен. Мәжілістен соң білгі беймезгіл уақытта жаяу қайтып жүрген. Осыны естіген Владимир Ильич мәжіліс үстінде секретарьға:

«Егер Хряшева алыста тұратын болса әрі жаяу қатынап жүрсе обал-ақ.

Статистика мәселесі қаралмайтын күні ерте қайтуыңызға, тіпті мәжіліске келмей-ақ қоюыңызға болады деп реті келгенде ол кісіге ізетпен түсіндіріңіз» — деп записка жазған.

Кремльдегі кабинетке жұмысшылар, шаруалар ғана емес, көрнекті ғалымдар, жазушылар, партия, совет қызметкерлері жиі келіп тұрған. Бүлдегі жағдайдың ауырлығына, жоқшылық пен күйзеліске қарамастан, Ленин ғалымдардың алаңсыз жұмыс

істеуіне, барлық салада творчестволық ақыл-ойдың шарықтан дамуына қажетті нәрсенің бәрін жасаттырған. Владимир Ильичтің академик И. П. Павлов, белгілі тарихшы С. И. Бартеңьев, академик И. М. Губкин және басқа ондаған ғалымдар жөніндегі қамқорлығы, А. М. Горькиймен жүрек тебіренетерлік достығы бұған айқын дәлел. Бүгінгі күні совет ғылымы мен техникасы, мәдениеті мен өнері шырқау биікке көтеріліп, әлемді аузына қаратып отырған болса, сол табыстардың негізі азамат соғысының отты жылдарында Кремльдегі көсем кабинетінде қаланған-ды.

Шетел коммунистік партияларының көрнекті қайраткерлері де Кремльге келіп, Владимир Ильичтен ақыл-кеңес алып тұрғаны белгілі. Мысалы, Ленин кабинетінде Германия компартиясының ардагер жетекшілері Клара Цеткин, Вильгельм Пик, Италия компартиясының негізін салушы Умберто Террачини, ағылшын компартиясын ұйымдастырушылардың бірі Уильям Галлахер, Франция компартиясының байырғы басшысы Марсель Кашен, Жапония коммунистік қозғалысының белгілі басшысы Сен Катаяма, болгар халқының аяулы перзенттері Георгий Димитров, Василь Коларов, 1919 жылы венгер революциясының көсемі Бела Кун, Чехословакия компартиясының көрнекті қайраткерлері Б. Шмераль, А. Запотоцкий, Монголияның белгілі батыры Сухэ-Батор және басқа көптеген қайраткерлер болған.

Кабинеттегі жұмыс столының жанында төрт қырлы, айналмалы екі этажерка тұр. Бір қызығы — мұның екеуі де Лениннің өзі сызып, суретін салып берген үлгі бойынша жасалған. Пайдалануға өте қолайлы: орындықтан тұрмай-ақ, айналдырып жіберіп, этажерканың төрт жағындағы кітаптарды, материалдарды ала беруге болады.

Күнбе-күнгі жұмыс барысында, теориялық еңбектер жазу үстінде В. И. Ленин орасан көп кітаптар мен мерзімді әдебиеттер пайдаланған. Ол өзіне керекті кітаптардың, материалдардың тізімін ықпай өзі жасап беріп отырған. Кабинеттегі кітаптардың ішінде Маркс пен Энгельстің немісше, орысша басылғандық көптеген шығармалары бар. Марксизм классиктерінің еңбектерін өзі үзбей оқумен бірге Владимир Ильич оларды насихаттауға зор маңыз берген, Маркс пен Энгельстің документтерін, қолжазбаларын, шығармаларының түп нұсқаларын, суреттерін іздестіруге, жинастыруға орасан көп қамқорлық жасаған.

Мемлекеттік және партиялық жұмысының көптігіне қарамастан, В. И. Ленин көркем әдебиет оқуға да уақыт таба білген. Оның Кремльдегі кабинетінде Толстойдың, Тургеневтің, Чеховтың, Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Некрасовтың, Гогольдің, Горькийдің, Феттің, Майковтың, Аксаковтың, Герценнің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Лисаревтің, Салтыков-Щедриннің, тағы басқа ақын-жазушылардың бірталай кітаптары бар.

Тағы бір назар аударарлығын нәрсе — кабинетте географиялық карталар өте көп. Екі терезенің арасындағы қабырғада еуропалық Рессияның темір жолдарының, су және тас жолдарының үлкен картасы ілулі тұр. Онда азамат соғысының майдан шентері жалаушалармен көрсетілген. Кіре беріс есіктің оң жағында — Европа мен Азияның картасы, тұтас бір ақ матаға желімделген басқа да бес карта. Терезе алдындағы текшеде де бірнеше географиялық атластар мен карталар жатыр.

Елдің қорғанысын басқара отырып, В. И. Ленин майдандағы өзгерістерді, Қызыл Армия әскерлерінің қимыл-қозғалысын күнбе-күн зерттеп, арнаулы карталар, схемалар арқылы қадағалап отырған. Солардың да бірыңғай кабинетке қойылыңты.

Жұмыс кабинетінде көрікті нәрсе атаулыдан бір ғана пальма ағашы бар. Владимир Ильич бұл пальманы жақсы көріп, үнемі өзі күтеді екен. Бір жолы пальманың жапырақтары сарғая бастағанда, Ильичтің өзі әдейі бағбанды шақырып әкеліп, ағашты қалай «емдеудің» жайын ақылдасыпты.

Жазу столына қарсы қабырғаға үлкен ескі сағат ілінген. Владимир Ильич бұл кабинетте ең соңғы рет 1922 жылғы 12 декабрьде жұмыс істеп, кешкі 8 сағат 15 минутта шыққан екен. Сағаттың тілі дәл сол уақытты көрсетіп тұр.

В. И. Лениннің Кремльдегі жұмыс кабинетімен бірге өте қарапайым, шағын пәтері де көсем бейнесінің көп-көп жылы суреттерін көзге елестетеді. Пәтер дегенде — Владимир Ильичтің, Надежда Константиновнаның, Мария Ильиничнаның бөлмелері, асхана мен кухня. Бұлардың бірде-біреуінде жарқыраған, сөнге қойылған бір зат, бір бұйым жоқ, күнделікті тұрмысқа ең қажетті қарапайым дүниеліктер ғана. Соған қарамастан бөлмелердегі мұнтаздай тазалық, ұқыптылық, жинақылық бірден жаңыңызды жадыратып, соншалық ыстық, соншалық қымбат көрінеді.

Пәтерге кіре берісте кішкене дәліз бар. Жәй тақтайдан құрастырған киім ілгіште Владимир Ильичтің екі таяғы, көнетоз қол шатыр ілулі тұр. Қабырғаға таяу — үлкен сандық. Киім ілгіштің сол жағында кішкене ғана айналы орындық, оң жағындағы текшеде — дәрі-дәрмек салынған жіңішке куты. Қарсы жақ қабырғада — кішкене ескі диван.

Дәліздің бір есігі кухняға шығады. Ал енді кухнядағы мүліктерді көрсеніз! Қабырғаға тақау кәдімгі кеңседе қараз сақтайтын қарағай шкаф. Шкафта өңшең арзанқол сыңар тәрелке, сыңар шыны, неше түрлі сыңар қасықтар. Қымбат сервиз, хрусталь, фарфор атаулының жоғы былай тұрсын, парымен тұрған бір ыдыс жоқ.

Пештің жанындағы қабырғаға ұзынша тақтай қаққан. Оның үстінде қаз-қатар алты қалайы кастрюль, кішкене шойын қазан тұр. Кастрюльдердің бірінің құлағы жоқ, бірінің түбі тесік. Тақтайдың жиегіне шегелер қағып, оларға сүт құятын кішкене бидон, екі ожау, бір темір бақыраш, екі кружка ілген.

Осы тақтайдың дәл астында, бұрышқа таман шарын столда — Тула заводы ХІХ ғасырдың аяғында жасап шығарған кішкене ақ самауыр. Бұл — Ленин семьясының көптен бергі серігі екен. Кешке қарай жұмыстан шаршап шыққанда Ильич үй-ішімен осы самауырды ортаға алып, кухняда шай ішкенді қатты ұнатады екен. Тегі, бөтен кісі жоқ болса, Лениннің семьясы ертеңгі-кешкі асты ылғи кухняда ішкен. Мұның себебі, әрі жинауға оңай, әрі басқа бөлмелерге қарағанда кухня жылырақ. Ол жылдары бүкіл елде отынның тапшы болғаны белгілі. Ал Ленин өз пәтеріне басқалардан көбірек от жағуға қатаң тыйым салған.

Кухняға жалғас — бір терезелі шағын ғана ас үй. Қақ ортада ақ дастарқан жайылған үлкен стол. Айналасына тоқыма орындықтар қойылған. Қабырғаға таяу жұпыны буфет, бұрышта — үлкен ескі сарат.

Көсемнің үй іші кісілер келгенде осында тамақтанады екен. Кейде бірді-екілі жазушыларды, ғалымдарды, халықаралық коммунистік қозғалыс ардагерлерін, мемлекет, қоғам қайраткерлерін осында қабылдап, дастарқан басында шай ішіп отырып, емін-еркін, шүйіркелесе әңгімелесетін болған. Ал тамақ жағына келсек, ол жылдары қарапайым еңбек адамдары не ішсе, Лениннің семьясы да соны ішкен, өздеріне болмашы артықшылық жасалуына үзілді-кесілді қарсы шыққан.

Мысалы, бір жолы мынадай оқиға болыпты. Халық Комиссарлары Советінің асханасында тамақ үлестіретін И. И. Воронцова деген әйел бір жолы нанды-нормадағыдан көбірек алыпты. «Күндіз-түні жұмыстан бас көтермейді, қарны тойып тамақ ішкен емес, жей қойсыншы» деп әлгі артық наннан молырақ кесіп, шаймен бірге Ленинге әкеліп беріпті. Және де Ленин осыным үшін мақтайтын шығар деп кетпей күтіп тұрыпты. Бірақ нанның көптігін бірден байқаған Владимир Ильич газетке қарап жіберіп:

— Воронцова жолдас. Сіз неге нанды көп бердіңіз? Әлі де ашмұшкеден ғана болу керек қой. Қайдан алдыңыз? — депті.

Сасып қалған Воронцова:

— Өлшеген қыз жаңылысып кетіпті. Өштеңе ойламай-ақ жей беріңіз, олардың наны көп, текшелері толып тұр, — дейді.

— Сонда қалай. Воронцова жолдас, олардың бар асырайтыны мені мен осындағылар ғана деп ойлайсыз ба? — Ильич нанның артығын кесіп алыпты да: — Апарып беріңіз. Ендігәрі бұлай істеменіз, — депті.

Әрине, ұлы көсемді шексіз сүйген, ол үшін жанын пидә етуден де тайынбайтын еңбекшілер оған жақсы-жақсы сыйлықтар, май, ұн, қапт сияқты тағамдар жіберіп тұрған. Бірақ Владимир Ильич олардың бірде-біреуін пайдаланбай, түгелімен балалар үйлеріне, госпитальдарға бергізіп отырған. Оның өзі де, семьясы да тұрмыстың бар тапшылығын еңбекшілермен бірдей татуды бұлжымас зан деп білген.

Лениннің пәтердегі бөлмесі де он төрт шаршы метр шағын бөлме. Терезенің алдында көк шұға жапқан жазу столы. Жанында ағаш кресло. Столдың сол жағында — кітап жиналған шкаф, оң жағында — жәй ғана темір керует. Керуеттің тұсында Надежда Константиновна екеуінің Кашино селосына барғанда түскен суреті ілулі тұр. Есіктің сол жағында жіңішке күшетка, дөңгелек стол мен кресло. Бөлмедегі бар жиһаз осы.

Керуетке жабылған керегекөз орамалдың тарихы қызық. Владимир Ильич 1910 жылы Стокгольмде анасымен кездескен. Сонда жәй ғана кендір матадан тоқылған осы орамалды анасы берген екен. Анасын жанындай жақсы көрген Владимир Ильич орамалды қатты қадірлеп ұстаған. Тіпті эмиграцияда жүргенде де ешқашан тастамаған. Керуетінің үстіне де тек осы орамалды жапқызатын болған. Ильичтің анасына деген шексіз адалдығын, перзенттік шынайы құрметін бейнелейтін осы бір кішкене бұйым көрген кісінің жүрегін елжіретіп жібереді.

Пәтердегі Н. К. Крупскаяның бөлмесін де тебіренбей көру мүмкін емес. Мұндағы әрбір зат Надежда Константиновнаның ғажал еңбек сүйгіштігін, Владимир Ильичке деген қаяусыз құрметі мен адал махаббатын аңғартады. Мейлінше қарапайым, бірақ аса жинақы, мұнтаздай бөлме Крупскаяның әрі жұмыс кабинеті есепті болыпты. Терезенің алдындағы жазу столында Надежда Константиновна күн сайын

ертемен тұрып жұмыс істейді екен. Оның Октябрь революциясынан кейін бүтіндей Халық ағарту жұмысына берілгені белгілі. Оған байтақ Отанымыздың барлық түкпірінен — жұмысшылардан, колхозшылардан, интеллигенттерден, әсіресе мұғалімдерден, комсомолецтер мен оқушылардан хаттар ағылып келіп жатқан. Солардың бірыңғай бөлмесінде сақтаулы тұр.

Жазу столының үстінде конверттер, ашық хаттар, Крупскаяның қойын кітапшалары, блокноттары, көзілдірігі, портфельі жатыр. Портфельді кезінде Владимир Ильичке сыйға тартқан екен. Ильич оны Надежда Константиновнаға сыйлапты. Крупская оны көсемнің көзінде көріп тұтыған. Портфельдің бауы үзілген, кілті бұзылған, былғарысы шытынал, әбден тозған. Бірақ сонда да Надежда Константиновна өле-өлгенше қолынан тастамаған.

Н. К. Крупскаяның Владимир Ильичке деген шексіз сүйіспеншілігі мен ықыласын бейнелейтін ражап ескерткіштің бірі — портфельдің жанында жатқан кішкене альбом. Н. К. Крупская сол кездегі газеттер мен журналдарда жарияланған Ленин суреттерінің ең тәуір дегендерін қиып алып, ерінбей-жалықпай жинай берген. Альбомның көлемі шағын болғанымен, ол белгілі кезеңдегі көсем өмірінің суретпен түзілген шежіресі деуге лайық.

Бөлмеде Лениннің бірнеше суреттері бар. Олардың көбісін Мария Ильинична түсірген. Біреуінің сыртына Крупскаяның қолымен: «Ильичтің науқастанғалы бергі ең тәуір суреті (1923 жылдың күзі)» деп жазылыпты. Сондай-ақ мұнда Н. К. Крупскаяның 60 жасқа толуына байланысты оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитетінің Грамотасы, Надежда Константиновнаның өз еңбектері, соның ішінде Владимир Ильич туралы 11 тілге аударылған естеліктері сақталған. Столдың сол жағындағы ескі диванның арқалық текшесінде — В. И. Ленин шығармаларының үшінші басылымының томдары. Әрбір томда көптеген белгі қағаздар. Осының өзі-ақ Крупскаяның көсем еңбектерін зер салып, көп оқығанын дәлелдегендей.

Октябрь революциясынан кейін Ильичтің сүйікті қарындасы Мария Ильинична да Кремльде Ленин семьясымен бірге тұрған. Ол жылдары Мария Ильинична «Правда» газетінің жауапты секретары әрі жұмысшы-шаруа тілшілері бөлімінің меңгерушісі болып істеген. Осында жауапты қызметпен қатар ол Ильичтің үсті-басына қарап, оның уақтылы тамақтануын, күндіз аз да болса тынығуын, демалыс күні қала сыртына шығып сергіп қайтуын мұқият қадағалап отырған.

Мария Ильиничнаның өзі қандай қарапайым болса, оның тұрған бөлмесі де сондай қарапайым. Мұндағы қоз тартар бұйымдар да — оқушылардың Мария Ильиничнаға жіберген балалық тартулары, әртүрлі кітаптар, Ильичтің, анасының, Анна Ильиничнаның көптеген суреттері. Кітаптардың ішінде Ленин шығармаларының екінші, үшінші басылымдары, И. Скворцов-Степановтың, Демьян Бедныйдың, Михаил Кольцовтың, тағы басқа авторлардың туындылары бар.

Бір хаттың ішінде В. И. Лениннің Кремльдегі кабинеті мен пәтерін түгел суреттеп, ондағы орасан бай материалдарға шолу жасап шығу мүмкін емес. Қазір кабинет пен пәтер халқымыздың қадірлі қазынасына — музейге айналған. Мұнда жыл сайын Отанымыздың түкпір-түкпірінен, шет елдерден мыңдаған еңбекшілер, шетелдік қонақтар келіп жағалы. Келушілердің жазып қалдырған пікірлері қазірдің өзінде бес кітап болған. Олардың қай-қайсысы болса да ең алдымен В. И. Лениннің, оның семьясының ражап еңбек сүйгіштігіне, қарапайым, қанағатшыл тұрмысына таң қалады, сүйсінеді. 1958 жылғы 29 апрельде музейде болған Біріккен Араб Республикасының Президенті Гамаль Абдель Насер: «Ленин музейінде болғаннан кейін Совет Одағының даму қарқынына еріксіз сүйсінесің. Мен Октябрь революциясынан кейін совет басшыларының қалай өмір сүргенін көзіммен көргендей болдым», — деп жазыпты.

Бұл күндері байтақ Отанымыздың халықтары, бүкіл прогресшіл адамзат В. И. Лениннің жүз жасқа толатын мүшелді мерекесіне қызу әзірленіп жатыр. Жыл өткен сайын ұлы көсемнің жарқын бейнесі, алып тұлғасы бұрынғыдан да биіктеп, шұғылалы күннің сәулесіндей адамзаттың бақытты болашаққа барар жолын нұрландыруда.

Ж. БЕКТЕПОВ.

Москва қаласы.

КОЛХОЗ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚҰДІРЕТТІ КҮШІ

Жарық дүниеге совет құрылысымен қоса келген соны жаңалықтың бірі — шаруалардың коллективтік ұйымы — колхоз болатын. Совет өкіметіне социализм орнату үшін қуатты өнеркәсіп жасап қана қоймай, сонымен бірге деревняны социалистік негізде қайта құру қажет болды. Мұның өзі өте қиын міндет еді. Шаруаларды ғасырлар бойғы санасына ұялаған ұсақ, жеке меншікшіл пиғылдан, тар өрісті көз қарастан арылту оңай емес-ті. Ол үшін оның күллі психологиясын өзгерту, жеке меншікшіл шаруаны коллективтік еңбек пен қоғамдық өмірдің белсенді күрескеріне айналдыру керек еді.

Өзінің даңқты кооперативтік жоспарын жасаған Ленин осындай күрделі әлеуметтік проблеманы шешудің дұрыс жолын көрсетіп берді. Бұл жоспарды Коммунистік партия өзінің деревнядағы қызметінің арқауы етті. Партия совхоздар ұйымдастырумен қатар шаруаларды өндірістік артельдерге, колхоздарға біріктіру міндетін алға қойды. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі ауыл шаруашылығын коллективтендіруге бағыт алды.

В. И. Ленин социализм құрылысының шешуші буындары — елді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендіруді — сипаттай келіп, пролетариат диктатурасы жағдайында және өндірістің негізгі құрал-жабдықтарына мемлекеттік меншік болып отырған кезде, ұсақ шаруа шаруашылықтарын ірі, коллективтік кәсіпорындар етіп қайта құрудың күрделілігі мен қиындығына қарамастан, миллиондаған деревня еңбеккерлерін социализмге тартудың ең қажетті де қолайлы жолы деп талай рет атап көрсетті.

Коммунистік партия елді индустрияландыру міндетін ойдағыдай шеше отырып, шаруаларды Ильич нұсқаған жолмен ілгері бастады. Совет деревнясының ірі социалистік шаруашылыққа көшуі ауыл өмірінің бүкіл укладында түбірлі өзгерістер жасады. Колхоздардың қоғамдық дәулеті тасыды, өндірістің және товарлы өнімнің көлемі ұлғайды. Ауыл селоның кейпі, еңбек сипаты, жұмыс ауқымы өзгерді. Адамдардың сана-сезімі өсті, олардың өзара қарым-қатынасы жақсарды.

Лениндік кооператив жоспарының жүзеге асуы арқасында ұсақ, жеке меншікті шаруа шаруашылықтары біржолата жойылып, оның орнына осы заманғы техникамен жарактанған, өзінің өндірістік қызметінде озат ауыл шаруашылық ғылымына иек артқан ірі социалистік кооперативтік кәсіпорындар пайда болды. Қазіргі уақытта колхоздар совхоздармен бірге советтік ауыл шаруашылығының бет-бейнесін танытатын құдіретті күшке айналып отыр.

Колхоздардың осындай шырқау шыңға самғап, экономикасының нығаюына осыдан 35 жылдай бұрын Москвада бас қосқан колхозшылардың Бүкіл одақтық екінші съезі қабылдаған ауыл шаруашылығы артелинің үлгі Уставы елеулі роль атқарды. Бұл Устав осы уақытқа дейін

ауыл шаруашылығы артельдерінің қоғамдық өндірісті өрге бастырып, товарлы өнімді молайтуға, колхозшылардың әл-ауқат дәрежесін арттыруға қызмет етті.

Қолданылып жүрген үлгі Устав советтік селода болған келелі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді қазір толық бейнелей алмайды. Алғашқы үлгі Устав қабылданған 1935 жылдан бері өткен уақыт ішінде колхоздардың дербестігі өсіп, правосы ұлғайтылды. Бұл бағыттары аса маңызды шаралар әсіресе КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумы мен партияның XXIII съезінен кейінгі жерде жүзеге асырылды. Бұлардың ішінде жоспарлаудың жаңа тәртібі, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алудың тұрақты жоспары, шаруашылықтардың көмекші кәсіпорындары мен кәсіпшіліктеріне негізсіз тыйым салуды жою, ұзақ және қысқа мерзімді кредит саласындағы колхоз праволарын ұлғайту шаралары бар.

Ауыл шаруашылығы өмірінде болып жатқан осындай елеулі-елеулі өзгерістер колхоздың (ауыл шаруашылық артелінің), жаңа үлгі Уставын қабылдауды талап етті. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың басшылығымен құрылған арнаулы комиссия колхоздың жаңа үлгі Уставының жобасын әзірлеп, мұны қазір қалың көпшіліктің талқылауына ұсынып отыр. Саяси маңызы аса зор, келелі мәселелерді халық талқысына салу, ол мәселелер жөніндегі жұрт көкейінде жүрген асыл ой-пікірлерді білу, бұқарамен ақылдасып, кенесу — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің дәстүрлі қағидасы. КПСС XXIII съезінің халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі Директиваларын, Жер туралы заңды талқылау дәл осындай бүкіл халықтық мақұлдаудан өткені мәлім.

Бүгінде баспасөзде жарияланып, дүйім жұрттың талқысына салынып отырған колхоздың (ауыл шаруашылығы артелінің) жаңа үлгі Уставының колхозшылардың Бүкіл одақтық үшінші съезінде қабылдануы колхоз демократиясын одан әрі дамытуға даңғыл жол ашатыны сөзсіз. Устав жобасы — аса маңызды саяси, тарихи документ. Ол колхоз өмірінде болған әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді дәйекті түрде баяндап, колхоз құрылысының тәжірибесінде қол жеткен күллі жетістіктерді қорытқан.

КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумында Л. И. Брежнев жолдас: «Колхоз Уставы — артельдің қоғамдық өмірі мен оны басқарудың негіздерінің негізі» деген еді. Жаңа Уставтың жобасы колхоз өмірі мен қызметінің бар саласын қамтып, олардың ішкі және ішінара сыртқы қатынастарын реттеудің түрлері мен жолдарын белгілеп берген. Колхоздардың шаруашылық дербестігі мен олардың өндірістік бастамаларын ұлғайта беру жөніндегі бағыт — жаңа Устав жобасының өзегі.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Колхоз құрылысы кемелдене берді. Ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарына айналған колхоздар талай сын сағаттарынан сүрінбей өтті. Осы жылдар ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі революцияға дейінгі шақпен салыстырғанда екі есе өсіп, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін адамдардың үлесі екі есе кемігеніне карамастан, еңбек өнімділігі бес есе артты. Колхоз құрылысы өзінің өскелең өмір талабына сай екенін танытты. Қазір елімізде 35 600 ал республикамызда 438 колхоз бар. Бұл колхоздардың барлығы да дәулеті тасыған, шаруашылығы шалқыған, мәдениетті ірі кәсіпорындар. Олар жылма-жыл миллиондаған сом табыс табады.

Біздің республикамыздағы «Трудовик», «Трудовой лахарь» (Жамбыл облысы), «Передовик» (Гурьев облысы), «Алматы», Мичурин атындағы (Алматы облысы), Партияның XXII съезі атындағы, «40 лет Октября» (Талдықорған облысы) секілді колхоздарды бүкіл еліміз біледі.

Колхоздардың өсу, калыптасу, нығайту шағын елестету үшін мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Талдықорған облысындағы «40 лет Октября» колхозы алғаш ұйымдасқанда небәрі 5 плуг, 3 соқа, ондаған ірі қара болған болса, қазір бұл колхозда 180 трактор, 150 жүк автомобилі, ондаған комбайн, жүздеген электр моторлары, 50 мың кой бар. Шаруашылықтың 8500 гектар егістігі бар, оның 7500 гектары суармалы жер. Колхоздың жылдық табысы 7,5 миллион сом.

Сол кезде осы колхозда хат танып, қол қоя білетін адам некен-саяқ болса, қазір мұнда механизаторлар даярлайтын тұрақты курстар, 120 адамдық кешкі мектеп жұмыс істейді. Институттар мен техникумдарда сырттан 40 колхозшы оқиды. Колхоз мамандары агроном И. Тен, тұқым агрономы Ә. Шәкенов, мал дәрігері А. Быковалар сырттан оқып, аспирантураны бітіруге тақау. Міне колхозды ауылдың бүгінгі көркі осындай!

Колхоздардың ірілендірілуі, ауыл-селодағы жұмыстарды механикаландыру дәрежесінің арттырылуы шаруа еңбегін барған сайын индустриялық еңбектің бір түріне айналдыруда. Қазір әрбір колхозда ондаған трактор, комбайн, жүк машиналары, тағы басқа қыруар техника бар. Еліміздің ауыл шаруашылығында 3,6 миллион трактор, 580 мың комбайн, 1,1 миллион жүк автомобилі бар. Қазақстанның ұлан-ғайыр даласына орналасқан колхоз-совхоздарда қазір 182 мың трактор, 90 мыңдай комбайн, 97 мың жүк автомобилі жұмыс істейді. Мұның бәрі өндірісті неғұрлым тиімді дамытуға, товарлы өнімді молайтуға жағдай жасауда. Колхоз құрылысын нығайтқан үстіне пығайта түсуде. Қазіргі уақытта колхоздардың ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекетке сатудағы үлес салмағы астық бойынша 50 процент, мақта бойынша 80 процент, қант қызылшасы бойынша 90 процент, ет өткізуде 45 процент, сүт өткізуде 55 процент. Өткен жылы колхозшыларға төленген ақы (акшалай және заттай) бір адам-күнге шаққанда 3,5 сомнан айналды. Жаңа Уставтың жобасында колхоз құрылысының осындай құдіретті күшін паш ететін ұлы өзгерістер толық баяндалған. Партияның экономикалық саясаты жаңа Устав жобасына арқау болған.

Қазір қолданылып жүрген Уставта 8 бөлімнен тұратын 25 тармақ болса, жаңа Уставтың жобасында 12 бөлімнен құралған 61 тармақ бар. Мұның өзі — жаңа Устав жобасының колхоз қызметінің сан алуан қырын жан-жақты түгел қамтығандығының айқын дәлелі.

Колхоз құрылысы — советтік социалистік қоғамның біте қайнасқан, бір бөлігі. Бүкіл социалистік қоғам секілді ол да шынайы демократиялық принциптерге негізделген. Шаруашылықтың қоғамдық түрі ретінде колхоз өндірісті басқаруды колхозшы бұқараның күшімен, олардың өршіл бастамасын шарықтата отырып, колхозшыларды коммунистік рухта тәрбиелеу арқылы жүзеге асырады.

Колхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі. Сондықтан да Уставтың жобасында колхоздың мақсаты мен міндетіне жаңаша сипаттама берілген. Қоғамдық шаруашылықты дамыту мен нығайту, еңбек өнімділігін арттыру, материалдық және мәдени-тұрмыстық жағдайларды жақсарту колхоз демократиясын дамытумен, колхозшыларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеумен тығыз байланысты. Бұл жағдай барлық колхозшыларды қоғамдық меншікті молайта беруге, оны көздің қарашығындай сақтауға міндеттейді.

Әңгіме ең алдымен жерді дұрыс пайдаланып, оның құнарлылығын арттыру жайына байланысты. Өйткені «жер, — партияның XXIII съезінде атап көрсетілгендей, — қоғам байлығының орасан мол қайнар бұлағы, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі. Осы байлықты сақтап, оны өнімді пайдалануды, топырақтың құнарын арттыруды, жел және су эрозиясына қарсы шаралар қолдануды мемлекеттік іс деп қарау керек». Қазір әрбір колхозға орта есеппен үш мың гектардай егістік жер келеді. Жоба-

да шаруашылықтың жер көлемін колхозшылардың жалпы жиналысының келісімі бойынша өзгертуге болатыны айтылады.

Колхоздың экономикалық негізі — өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік. Уставтың жобасында колхоз меншігінің құрылымы мен көлемінің өзгергені айтылған, қоғамдық дәулеттің қайнар бұлағы бөлінбейтін қордың мәні кең ашылып көрсетілген. Шаруашылықтардың байлығы асқан үстіне бөлінбейтін қорлар да арта түсуде. 1968 жылдың басында колхоздардың бөлінбейтін қоры 1932 жылмен салыстырғанда 100 есе өсіп, 49,3 миллион сомға жетті. Мұның өзі бөлінбейтін қордың колхоз құрылысы жылдарында социалистік қор жинау негізінде құралғанын көрсетеді. Оның сапалық құрылымы өзгерді.

Бөлінбейтін қорға: колхоздың негізгі және айналмалы өндірістік қорлары — кеңселер мен құрылыстар, тракторлар мен өзге машиналар, мал және тұқым, басқа да өндіріс құрал-жабдықтары, сол тәрізді өндіріске қатыспайтын негізгі қорлар — мәдениет сарайлары мен клубтар мектептер мен кітапханалар, бала бақшалары мен дәрігерлік пункттер, спорт құрылыстары жатады. Бұлар — қоғамдық шаруашылықтардың экономикалық негізі. Устав жобасында колхоз меншігінің кемелденіп, социалистік сипат алғаны баяндалған.

Қоғамдық өндірісті жоспарлап, оны тиімді дамытуда колхоздарға мол право берілген. Мұның өзі колхоздарға ғылым жетістігі мен озат тәжірибені барынша пайдаланып, колхозшылар инициативасын өршітуге қолайлы жағдай жасайды.

Өндірісті мамандандырып, интенсивтендірумен бірге егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттырып, комплексті механикаландыру мен жаңа техниканы кеңінен пайдалана отырып, колхоздар енді өздерінің көмекші кәсіпорындары мен кәсіпшіліктерін ұйымдастырады. Колхоз бұдан былай колхозаралық және мемлекеттік-колхоздық кәсіпорындарды құруға қатыса алады. Мәдени-тұрмыстық объектілерді салып, оны күтіп ұстау үшін, елді мекендерді көріктендіру үшін өз қаржысының бір бөлегін жергілікті Советтердің, тұтынушылар кооперациясының және басқа ұйымдардың қаржысымен біріктіре алады. Мұның барлығы соңғы кездері көптеген ауыл шаруашылығы артельдерінің практикасына кеңінен енген. Бірақ ескі Устав бойынша колхоздардың мұндай праволары болмайтын.

Уставтың жобасында өндіріс технологиясының жетілу, мамандану, механикалану дәрежесіне орай еңбекті ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу және еңбек тәртібі мәселелеріне ерекше мән берілген. Колхоздар енді бұл мәселелерді нақты жағдайға сай, тәжірибені ескере отырып шешеді. Жаксы еңбек нәтижелері үшін көтермелеудің басқа түрімен қатар «Күрметті колхозшы», «Еңбек сіңірген колхозшы» атақтарын беру көзделуде. Біздің ауыл-селоларымызда өз ісінің тамаша шеберлері, еңбек майталмандары көп. Ы. Жақасев, Ж. Қуанышбаев, С. Оңғарбаева, Пак Чен Ир, М. Ниязова секілді қазақстандық колхозшыларды дүйім жұрт жаксы біледі. Уставта көздеген жаңа көтермелеу шараларының еңбек озаттарын көбейте түсері анық.

Колхоз табысын бөлу тәртібіне елеулі өзгеріс енгізілген. Мұнда еңбекке ақы төлеу, өндірістік шығындарды өтеу, мемлекет алдындағы міндеттерді дер кезінде орындау, қоғамдық қорлар жасап, оны толықтыру ережелері айтылған. Еңбекке кепілді ақы төлеу колхозшылардың өнімді мол өндіріп, оны арзандатуға материалдық ынтасын арттыруға, бұрынғы Уставта жазылған, еңбекке ақы төлеудің ескірген әдісін біржола жоюға мүмкіндік береді.

Жаңа Уставта колхоз құрылысының аса маңызды әлеуметтік жеңісін бейнелейтін жаңа қағида бар. Ол — халық шаруашылығының бүгінгі даму дәрежесіне сай колхозшыларды әлеуметтік жарынан қамсыздандыру жайлы ереже. Колхозшылар қартайғанда, мүгедек болғанда және

асыраушысынан айрылғанда пенсия алуға праволы. Ендігі жерде колхозшы әйелдер жүкті болғанда және босағанда жәрдем алатын болады. Бұған қоса шаруашылықтар өз қаражаты есебінен уақытша еңбекке жарамай қалғандарға көмек көрсетіп, колхозшыларға санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдамалар сатып әпере алады.

Жобада ауыл шаруашылық артелі колхозшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға беруге міндетті деп жазылған. Сондықтан да ауыл-селоларымызды көркейтуге, мәдениет сарайлары, клубтар секілді мәдениет ошақтарын салуға, электрлендіру мен радиоландыруға, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруға, физкультура мен спортты кең өрістетуге ерекше ден қойылады. Партия социалистік құрылыстың барысында колхоз деревнясын көркейтілген, тұрмысқа қолайлы жағдайлар жасалған қала тектес поселкелерге айналдыру міндетін ала қойды. Мұндай поселкелер елімізде қазірдің өзінде мындап саналады. Мысалы, Талдықорған облысындағы Партияның XXII съезі атындағы колхоздың орталығы Шұбар селосын алайық. Осы селоның әсем көркі, сәнді үйлері, асфальтті көшелері қала тектес поселкелерден артық болмаса, әсте кем емес. Село үйлерінде көк алау газ жанса, кешкісін көгілдір экран көңіл көтереді. Әрбір пәтерде су, канализация, телефон, радио бар. Асхана-ресторан, мейманхана, кафелер есірі келушілерге әрдайым ашық. Спорт, би алаңдары өз алдына бір төбе.

Қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтарды жою, КПСС Программасында көрсетілгендей, коммунизм құрылысының аса маңызды жемісінің бірі болмақ. Колхоздың жаңа Уставы өзінің мазмұны жағынан дәл осы тарихи міндетті шешуге бағытталған.

Жаңа Уставта колхоздардағы қоғамдық және жеке колхозшылар мүддесін үйлестіруге ерекше көңіл бөлінген. Жобада колхозшылардың өзінің жеке меншігіндегі көмекші шаруашылығын сақтау көзделіп, олардың үй іргесіндегі учаскесінің көлемі мен меншігіндегі малының саны белгіленген. Қоғамдық өндіріс осы меншікті шаруашылықты толық алмастыра алатын дәрежеге жеткен шақта колхозшылар өзінің жеке меншігінен өзі-ақ бас тартатын болады. Ал әзірге бұл аса қажетті шара.

Жобада ауыл шаруашылығын басқару жүйесін одан әрі жетілдіре түсу, колхоз демократиясын нығайтып, дамыту көзделген. Соңғы кездері колхоздарда бригадалар советі, уәкілдер жиналысы елеулі роль атқарып келеді. Уставта басқарудың бұл секілді түрлері заңды правоға ие болған. Тағы бір жаңа қағида — басқарманы, колхоз председателін және тексеру комиссиясын сайлауды жалпы жиналыстың ұйғарымы бойынша ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен жүргізу ұсынылған.

Уставта колхоз мамандарының бригадирлерінің праволары мен міндеттері ерекше тұжырымдалған. Бұл түсінікті де. Қазір еліміздің колхоздарындағы агрономдар мен зоотехниктердің, инженерлер мен экономистердің, басқа да саладағы жоғары және орта арнаулы білімді мамандардың саны 280 мыңнан асады. Қазақстан ауыл шаруашылығында ғана жоғары және арнаулы орта білімді 50 мыңнан аса маман жұмыс істейді.

Колхоздың (ауыл шаруашылығы артелінің) жаңа үлгі Уставы колхоздар өткен даңқты жолды қорытып, алдағы жаңа міндеттерді мезгеген. Қазір Устав жобасын жалпы халықтық талқылау жүріп жатыр. Ноябрь айында болатын колхозшылардың Бүкіл одақтық үшінші съезі колхоз өмірінің заңы осы саяси документті қарап, бекітеді.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ ҚЫРАҒЫ САҚШЫЛАРЫ

*Ш. ҚАБЫЛБАЕВ,
Қазақ ССР Ішкі істер министрі*

Қазір Коммунистік партия, совет халқы үш бірдей күрделі де ажырамас міндетті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын қалау, қоғамдық қатынастарды жетілдіру және жаңа қоғам адамын тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру жолында қаһармандықпен күресуде. Бұл ретте социалистік демократияны жетілдіре берудің ерекше зор маңызы бар. Сондықтан да партия мемлекет және еңбек тәртібін нығайтуға, социалистік заңдылық пен право тәртібін күшейтуге баса көңіл бөліп отыр.

Партия мен үкімет соңғы жылдары осы мәселелермен бірнеше рет арнайы шұғылданып, нақтылы шешімдер қабылдады. Соның маңыздыларының бірі — КПСС Орталық Комитеті мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің «Бұзақылыққа қарсы күресті күшейту шаралары туралы» 1966 жылы 23 июльде қабылдаған қаулысы. Онда әкімшілік органдарының қызметін жетілдіріп, үлгілі право тәртібі жолындағы күресте қоғамдық ұйымдардың белсенділігін арттыру жайында міндеттер қойылып, нақтылы шаралар белгіленді.

Осы қаулыны жүзеге асыру жолында шаралар қолдану нәтижесінде республика қалалары мен аудандарының басым көпшілігінде қоғамдық тәртіп нығая, жақсара түсті. Партия, совет, қоғамдық ұйымдар социалистік заңдылық пен право тәртібін нығайту ісіне белсене араласып, бұған еңбекшілер бұқарасын жұмылдыра бастады. Социалистік мемлекет пен халық мүддесін қорғауда, совет адамының жемісті еңбегі мен мәдениетті демалысының шырқын бұзушыларға қарсы күресте совет милициясы шешуші роль атқаратыны баршаға аян. Сол себепті де социалистік қоғамымызда совет милициясының қызметі құрметті де абыройлы саналады. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 19 ноябрьдегі совет милициясын одан әрі нығайту жөніндегі қаулысын милиция қызметкерлері ғана емес, еңбекшілер бұқарасының да құптап қарсы алу себебі де осыдан. Партия мен үкімет милиция органдары мен қызметкерлері жұмысының маңызын атап көрсете келіп, олардың алдына жауапты да нақтылы міндеттер қойды. Қаулыда милиция қызметінің өзекті мәселелері шешімін тапқан.

Сонымен бірге бұл қаулының В. И. Лениннің милиция жөніндегі қағидаларымен үндесіп жатқанын атап айту қажет. Владимир Ильич Совет мемлекетінің осы маңызды органын құруға тікелей басшылық етті, сонымен бірге оған халық милициясы деген құрметті ат қойып, үнемі қамқорлық жасап отырды. Бірінші орыс революциясы кезінде-ақ В. И. Ленин пролетариат милициясын құруды ұсынды, оны революция-

ның тірегі деп білді. Кейінірек «Алыстан жазған хаттарында» Ленин осы пікірін тағы қайталап айтты. Пролетариат милициясының алғашқы отрядтары 1917 жылы құрылды, оларды М. В. Фрунзе мен К. Е. Ворошилов сияқты белгілі большевиктер басқарды. Ұлы Октябрь қарсаңында В. И. Ленин Петроградтың жұмысшы милицияларының командирлерімен әңгімелесіп, олардың қарулы көтеріліске әзірлік дәрежесін сұрап білді. Октябрь революциясы жеңгеннен кейін төрт күн өтісімен Ішкі істер халық комиссариаты «Жұмысшы милициясы» туралы қаулы қабылдады.

В. И. Ленин бұдан кейін де советтік милицияның қалыптасып, нығайып қадағалап отырды. РСФСР милициясы бас басқармасының бастығы А. М. Дижбит былай деп еске алады: Ленин милиция үшін арнаулы киім енгізуді бірінші болып ұсынды да, оның алдына нақтылы міндеттер қойды: милиция еңбекшілермен етене байланыста болуға тиіс, деді ол, және өз қызметінде советтік қоғамда берік тәртіп орнату мақсатын көздейтін адамдарға сүйеніп отыруға тиіс.

Партия мен үкіметтің 1968 жылғы 19 ноябрьдегі қаулысы В. И. Лениннің осы нұсқауын басшылыққа алады. Қаулы партияның Совет мемлекетін, қоғамдық және мемлекеттік тәртіпті нығайту жөніндегі үздіксіз қамқорлығының тағы бір айғағы болып табылады. Сонымен қатар қаулыда мемлекеттік-әкімшілік органдарының алдына елімізде қылмысты және оның себептерін толық жою жөніндегі партияның программалық міндетін жүзеге асыру жолында батыл күрес жүргізу талабы қойылған.

Қаулы бойынша министрліктің қалыптасқан аты қалпына келтірілді. Сондай-ақ, милиция органдары ғана емес, ішкі істердің басқа бөлімшелері де бұдан былай еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитетіне бағынатын болады. Сөйтіп ішкі істер органдарының Советтер қол астында болуы жөніндегі лениндік принцип толық қалпына келтірілді.

Қаулыда атап көрсетілгендей, милиция қызметкерлері қоғам ұйымдарымен және еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс орнатып, оны нығайта беруге міндетті. Алдымен милиция жұмысындағы кемшіліктерді жою керек, өздеріне жүктелген жауапты міндеттерді ойдағыдай орындауы үшін милиция органдарына тиісті жағдай жасау қажет.

Милиция қызметінің әдістері мен түрлерін еліміздегі коммунистік құрылыстың қазіргі барысына сай жетілдіру — қазір ең негізгі талаптардың бірі. Мұның өзі милиция қызметкерлері арасында саяси-тәрбие жұмыстарын күшейтіп, олардың мамандығын және іскерлігін арттыратыңды керек етеді. Ең бастысы милиция органдарында жоғары ұйымшылдық пен берік тәртіп орнату керек. Өйткені қатаң тәртіп орнатпайынша демократия болуы мүмкін емес, міндетсіз жалаң право да болмақ емес. Өз еркімен ауа жайылушылық, жүгенсіздік, заңды құрметтемеушілік — социалистік құрылысқа мүлдем жат әдеттер.

Міне осының бәрін терең сезініп, жақсы түсінген ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі партия мен үкімет талаптарын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуге міндетті. Республикамыздың Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері өз жұмысын осыған бағыттап отыр.

Қазақстанның ішкі істер органдарының қызметкерлері партия мен үкіметтің 19 ноябрьдегі қаулысын қызу қуаттап қарсы алды. Жиналыстарда, активтерде, митингілерде олар осы қаулыны жүзеге асыруға бағытталған шаралар белгіледі. Қаулының мән-мазмұны мен талаптарын министрліктің барлық органдарының қызметкерлері жете ұғынды. Ол МВД органдары басшы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде, облыстық және республикалық партия активтерінде кеңінен талқыланды. Қарағанды қаласы ішкі істер басқармасының бастығы милиция комиссары В. Кравченко жолдас пен оның орынбасарлары жергілікті

радио және телевизия арқылы сөз сөйлеп, 19 ноябрьдегі қаулының мән-мазмұнын жұртшылыққа түсіндірді.

Қазір республика Ішкі істер министрлігі қаулыны жүзеге асыруға бағытталған ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде, МВД-нің жергілікті органдарына басшылықты жақсарту шаралары қолданылуда, оларға нақтылы көмек көрсетіле бастады. Милицияның қоғам ұйымдарымен байланысын нығайтуға, оның қатарын коммунистермен, комсомолештермен, еңбекшілер коллективтері ұсынған адамдармен толықтыруға баса назар аударылып отыр.

Еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасау — милицияның қуатты күшінің негізі. Қаулыда осы байланысты нығайтып, кеңейте беру міндеті қойылған. Бұл салада соңғы уақыттың өзінде бірсыпыра жұмыс істелгенін айтуға болады.

Алматыда және басқа облыс орталықтарында журналистермен, жазушылармен бас қосқан конференциялар, кездесулер өткізілді. Оларда МВД органдарының алуан қырлы жұмысын баспасөз, радио мен телевизия арқылы насихаттау жайында келелі әңгіме қозғалды. Бұл кездесулердің пайдасы аз болған жоқ.

Соңғы үш айдың өзінде республиканың газеттері мен журналдарында милиция жұмысы туралы, совет адамдарын заң нормаларын қастерлеп, социалистік қоғам ережелерін берік сақтау рухында тәрбиелеуге бағытталған мың жарымнан аса мақала жарияланды, радио мен телевизияда арнаулы хабарлар беріліп келеді. Мысалы, Қарағандыда январь айынан бастап «Тыныштық сақшылары» деген арнаулы тележурнал берілуде. Журналдың соңғы номерлерінің бірінде, мысалы, бұзақыларға қарсы батыл күрес жүргізуші учаске милиционері М. Оспановтың өнегелі жұмысы, үздік өрт сөндірушілер туралы, Шахтинск қаласында кәмелетке келген жастарға паспорт тапсыру жиналысынан кино хабарлар берілді. Сондай-ақ осы журналда Федоровск милиция бөлімі қызметкерлерінің алаяқ қылмыскерді әшкерелеудегі көрсеткен шеберлігі баяндалды. Қарағанды облысының радиосы арқылы үзбей беріліп келе жатқан «Адам, қоғам, заң» атты журналдың да қоғамдық тәртіпті нығайтуға қосыл отырған үлесі едәуір.

МВД органдарының қызметкерлері кәсіпорындарға, оқу орындарына барып, еңбекшілер алдында жиі-жиі сөйлеуді әдетке айналдыра бастады. Мұндай кездесулерде қылмыс түрлері мен жазалау дәрежесі жайлы, маскүнемдікке, бұзақылыққа, социалистік меншікке қол сұғушылыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу туралы, бұл істе жастарға дұрыс тәрбие берудің атқаратын шешуші ролі жайында келелі әңгіме қозғалып, кең пікір алысылады. Жыл басынан бері республика бойынша сегіз мыңға жуық осындай кездесулер өткізілді.

Еңбекшілер басқармасымен байланысты күшейтудің ендігі бір жолы — кәсіпорындар мен үй басқармаларында азаматтарды қабылдап, олардың сұрақтарына түсінік-жауап беру. Бұл үшін екі мыңнан аса қабылдау орындары ұйымдастырылды. Онда милиция қызметкерлері еңбекшілерді қабылдап, әңгіме өткізіп жүр. Мұндай қабылдауға, әлбетте, жетік заң қызметкерлері, педагогтар, журналистер, сондай-ақ кәсіпорын мен шаруашылық басшылары, жергілікті Советтер аткомының қызметкерлері қатысады. Мұның өзі толғағы жеткен белгілі бір мәселенің шешімін тауып, сындарлы кеңес, сұраққа толық жауап беруге мүмкіндік жасауда.

Мысалы, Жамбыл ГРЭС-і поселкесінде болған бір қабылдау кезінде ішкі істер басқармасы бөлімінің бастығы Өтегеновке еңбекшілер жұмысшы-жастар жатақханасында тәртіптің нашар екенін, соның салдарынан маскүнемдік, бұзақылық жиі болып тұратынын хабарлап, шара қолдануды өтінді. Осы жайды Өтегенов жолдас ГРЭС басшылары мен партком секретарына айтты, сонымен бірге осы учаске өкілі Шапарь жолдастың өз міндетіне атүсті қарағандығы ескертілді.

Қарағандының Октябрьдің 50 жылдығы атындағы № 22 шахтасында ұйымдастырылған қоғамдық қабылдау пункті тәп-тәуір жұмыс істеп отыр. Киров аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Н. Куликов жолдас шахта бастығы Ш. Баймағамбетов, партия ұйымының секретары Н. Абраменко жолдастармен бірлесіп, айдың 1 және 4-ші жұмаларында өткізілетін қабылдауға жан-жақты әзірленеді. Соңғы қабылдауға 250—300 адам жиналып, 14 азаматтың сұрақ-тілегі қанағаттандырылды.

Қаулыда қойылған тағы бір маңызды талап — милиция қызметкерлерінің жұртшылық алдында жиі сөйлеп, есеп беріп отыруын ұйымдастыру болса, бұл салада да нақтылы іс жүргізілуде. Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мен сессияларында милиция органдары басшылары мен жергілікті өкілдерінің есептерін тындап, талқылау әдетке айналуда.

Милиция жұмысын жақсарту ісі көбіне-көп оның қызметкерлеріне байланысты. Партия мен үкімет қаулысында милиция органдарын білімді де саяси саналы кадрлармен нығайтуға баса назар аудару қажеттігі атап айтылған. Милиция органдарында, әсіресе оның қатардағы және сержант құрамында сауаты да, мәдениеті де төмен қызметкерлер істейтіні көпке аян. Сондықтан да Қазақстан компартиясының Орталық Комитетінің МВД органдарына коммунистер мен комсомолецтердің үлкен тобын жіберу жөніндегі шешімінің ерекше маңызы бар. Біздің органдарға қазір жаңа кадрлар лек-легімен келіп қосылуда.

Жергілікті партия ұйымдары милиция органдарының саяси мекемелерін толықтырып, нығайтуға баса назар аударып отыр. Бұл жұмыс барлық жерде аяқталып қалды. Саяси қызметке жоғары білімді, партиялық-саяси немесе педагогтық жұмыс тәжірибесі бар кадрлар іріктеп алынууда. Бұлардың көпшілігі — облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің бұрынғы нұсқаушылары немесе бөлім меңгерушілері.

Бұдан былай қалалық және аудандық милиция құрамы еңбекшілер коллективтерінің ұсынысы бойынша толықтырылатын болады. Ал милиция органдары милицияға жолдама берген адамның жұмысы туралы сол кәсіпорынға, мекемеге, шаруашылыққа хабарлап отыру тәртібі белгіленді. Бұл шараның зор пайдасы барлығы күмәнсіз. Үстіміздегі жылы еңбекшілер коллективтері МВД органдарына өздерінің таңдаулы өкілдерін көптеп ұсынды.

Орал қалалық денсаулық сақтау бөлімінің коллективі ішкі істер қалалық басқармасына коммунист Қорсуновты салтанатты түрде шығарып салды. Ақтөбе облысындағы Мұғалжар геофизика экспедициясының озат жұмысшысы Д. Құрбанов пен Талдықорған ауданының жас мұғалімі Қ. Қожабековты еңбектес достары милиция қызметіне ізгі тілек білдіріп аттандырды.

Сонымен қатар бұрын милиция қызметіне жіберілгендер өздеріне жолдама берген коллективтерінің алдында есеп беруде. Мысалы, Жамбыл қант комбинаты жұмысшылары мен қызметкерлерінің жалпы жиналысында учаскелік өкіл Л. Хашев пен қылмысты істерді зерттеу бөлімінің қызметкері А. Дрыгант өз жұмыстары жөнінде коллектив алдында есеп берді. Екеуі де милицияның маңдай алды қызметкерлері, қылмыстарды ашудағы ерлігі мен шеберліктері үшін бірнеше рет сыйлық алып, нағралаға ие болды. Олар өз коллективінің жоғары сенімін абыроймен ақтады.

Милицияның қоғам жұртшылығымен байланысы барған сайын кеңейіп, нығая түсуде. Милиция қызметкерлері ұйымдастырған қабылдауларға мың жарымнан аса заң қызметкерлерінің, педагогтар мен активистердің қатысқаны осының айғағы іспетті. Жыл басынан бері милицияда қоғамдық негізде штаттан тыс жұмыс істеп жүргендер қатары 4 200-ден асып түсті, қоғамдық негізде жұмыс істейтін 300-ге жуық балалар бөлмесі мен 90 шамалы редакциялар ұйымдастырылды.

Өскемен қаласында жергілікті милиция қызметкерлері интеллигенттермен, мәдениет, баспасөз, радио мен телевизия қызметкерлерімен кездесті. Ақтөбе облыстық ішкі істер басқармасы облыстық комсомол комитетімен бірлесе отырып, оперативтік комсомол топтары командирлерінің семинарын өткізді. Онда жеткіншектер арасында тәрбие жұмысын жақсарту туралы пайдалы әңгіме қозғалды.

Милицияның еңбешілер бұқарасымен байланысын нығайтып, бұзақыларға қарсы күресті күшейтудің негізгі, тәжірибеде сыналған түрі — халық жасақшылар топтары. Бұлардың жұмысын жандандыру — МВД органдарының міндеті, төл ісі. Облыстық басқармалар соңғы уақытта жұмыстың осы саласына баса назар аудара бастады. Соның нәтижесінде Ақтөбе мен Талдықорған облыстарында биыл кезекшілікке шыққан халық жасақшыларының қатары бірнеше есе көбейіп отыр. Ал Қарағанды қаласында, мысал үшін, ет комбинатының, аэропорттың, №№ 47, 70, 8/9 шахталарының, Қазак металлургия және синтетикалық каучук заводтарының, Арал балық комбинаты мен кеме жөндеу заводы халық жасақшыларының жұмысы үлгі-өнеге аларлық. Бұлар қоғамдық тәртіпті сақтауға, право нормалары мен мемлекеттік тәртіпті нығайтуға айтарлықтай үлес қосып келеді.

Алайда кейбір жерлерде, атап айтқанда Шығыс Қазақстан, Турьев, Қызылорда, Қостанай, Семей облыстарының ішкі істер басқармалары мен қоғам ұйымдары халық жасақшылары жұмысына жете мән бермей отыр.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 19 ноябрьдегі (1968 ж) қаулысы республика ішкі істер органдарының жұмысын жаңаша құрып, жандандыра түсуге негіз болып отыр. Министрлік пен оның жергілікті буындарының жұмысы осы қаулыда қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға бағытталған. Милиция қызметкерлерінің шеберлігі мен мәдениетін арттыру жолында едәуір жұмыс жүргізілді. Олардың арасында В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен республиканың елу жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы жарыс өріс алды. Үлгілі бөлімшелерге берілетін тулар мен вымпелдер барлық жерде белгіленді. Милиция органдарының қызметкерлері арнаулы және саяси оқуға тартылған. Мыңдаған милиция қызметкерлері орта мектептерде, жоғары оқу орындарында оқып жүр. Тәрбие жұмысы да түзеле бастады.

Міне осы шаралардың барлығы милиция органдарының жұмысын біршама жандандыра түсті, ал мұның өзі қоғам тәртібін берік сақтауға әсерін тигізуде. Бұл ретте бізге партия, совет ұйымдары мен еңбекшілер бұқарасы тарапынан көрсетіліп отырған зор көмекті де атап айту керек. Соның нәтижесінде республика бойынша, әсіресе Павлодар, Целиноград, Жамбыл, Шымкент облыстарында қылмыс жасау оқиғалары едәуір кемітілді. Әсіресе ауыр қылмыстар және жас өспірімдер арасындағы қылмыс күрт азайды. Бұзақылық пен көшедегі тәртіпсіздік те кеміп келеді.

Партия Программасында қылмыстың алдын алу шараларын кеңінен қолданып, социалистік қоғам тіршілігінен оны мүлдем аластау міндеті қойылған. Бұл әбден жүзеге асыруға болатын міндет. Өйткені елімізде қылмысты өршіте беретін әлеуметтік негіз жойылған. Мәселе адамның сана-сезіміндегі ескіліктің сарқыншақтарын біржола арылтуда болып отыр. Сондықтан да партия милиция, сот, прокуратура органдары тек жазалаушы орын ғана емес, тәрбиеші де деп әрдайым баса айтып келеді. Соңғы қаулыда да милицияның совет адамын тәрбиелеудегі ролін арттыру міндеті тағы да атап көрсетілді.

Республиканың ішкі істер министрлігінің органдары партияның бұл талабын жүзеге асыру үшін күш-жігерін, білім-тәжірибесін аямай жұмсайды.

МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ТЕРЕҢ ҮЙРЕНЕЙІК

Кадрларды идеялық жағынан шынықтыруды, марксизм-ленинизм идеяларының салтанатына олардың сенімін арттыруды, революциялық теорияның қандай да болсын дұшпандарымен аяусыз күрес рухында тәрбиелеуді партия бүкіл идеологиялық жұмыстың өзекті міндеті деп санайды. Партияның идеологиялық құралдарының ішінде партия оқуының жүйесі ерекше орын алады. Оны жетілдіріп, өрістету үшін КПСС Орталық Комитеті бірсыпыра нақты шаралар қолданды. Соның нәтижесінде партия оқуының жүйесі коммунистер мен партияда жоқ активтің революциялық теориядан терең де тиянақты білім алуына, еңбекшілер бұқарасы арасында саяси-бұқаралық жұмыс жүргізу тәжірибесін жетілдіруіне мүмкіндік жасап отыр.

Жаңа жүйеде үш буын, кадрларды идеялық шынықтырудың негізгі үш сатысы — бастауыш, орта және жоғары сатысы белгіленген. Бұлардың әрқайсысында оқуды әр адамның білімі мен саяси дәрежесіне орай ұйымдастырып, жүргізу ескерілген. Егер бастауыш саяси мектеп пен марксизм-ленинизм негіздері мектебінде маркстік білімнің негізі қаласа, жоғары буын жоғары білімді марксистерді, партияның идеялық жауынгерлерін, оның насихатшы кадрларын даярлайды. Маркстік-лениндік оқудың жоғары сатысына коммунистер мен партияда жоқ интеллигенттер көптеп тартылуда.

Бұған республика партия ұйымдарының мүмкіндігі де бар. Өткен 1968/69 оқу жылында саяси оқу жүйесінде 640 мыңға жуық коммунист пен партияда жоқ актив оқып білімін арттырды. Солардан методологиялық, проблемалық және тақырыптық теориялық семинарларда, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінде ұйымдастырылған партия, шаруашылық активінің семинарларында 150 мыңға жуық адам оқыды. Оған қоса 23 кешкі марксизм-ленинизм университеті мен партия активінің 74 мектебінде 12 700 адам білімін толықтырды.

Өткен жылғы партия оқуы жүйесінің бір ерекшелігі сол, ол — лениндік оқу жылы деп аталды. Лениндік идеялық мұраны оқып үйрену мектептер, семинарлар мен университеттер жұмысының арқауы болды. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесі бізде республикамыз бен Қазақстан Компартиясының 50 жылдық торқалы тойына әзірлікпен ұштасып отыр. Мұның өзі әрбір саяси сабақта «Ленин және Қазақстан» тақырыбының мән-мазмұнын терең талдап, лениндік ұлт саясатының, халықтар достығының салтанатын, Советтік Қазақстанның жарты ғасырдағы тарихи жетістіктерін ашып көрсетуді қажет етті. Даңқты мерекелерді лайықты қарсы алуға байланысты алда тұрған міндеттердің жауапкершілігін ескере келіп, облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттері партия мен халықтың өміріндегі осы маңызды оқиғаларға әзірлік жұмыстарын кең өрістетуде. В. И. Лениннің идеялық мұраларын оқып үйрену және оның ұлы өсиеттерін жүзеге асыру мәселелеріне арналған республикалық идеологиялық кеңес, облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттерінің пленумдары мен активтері өткізілді. Ақтөбе, Шымкент, Жамбыл облыстық партия комитеттері — «Партиялық насихаттың лениндік принциптері» деген тақырыпта теориялық конференциялар өткізді.

Партия ұйымдары жүргізген осы сан алуан жұмыстардың түпкі мақсаты Ленин идеяларын терең оқып үйренуге еңбекшілердің неғұрлым қалың бұқарасын қатыстыру, оларды ленинше өмір сүріп, еңбек

етуге баулу, жаңа қоғам құрылысында идеялық білімін шебер пайдалануға дағдыландыру еді.

Партия оқуы жүйесінде биыл В. И. Лениннің мұрасын оқып үйренушілер өткен оқу жылындағыдан едәуір көп болды. Бұл оқу жылында республикада Владимир Ильичтің жекелеген еңбектерін оқитын, 1621 теориялық семинар жұмыс істеді, бұларға 40 мыңға жуық коммунистер мен партияда жоқтар қатысты.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Талдықорған, Семей облыстары мен Теміртау және Орал қалаларында В. И. Лениннің идеялық мұрасын насихаттаудың барысын зерттеді. Мұндағы істің жайын партия ұйымдары еңбекшілерге лениндік идеяларды тарату жұмысын ойластырып жүргізіп келе жатқанын көрсетті.

Семинарлар мен партия мектептерінде, марксизм-ленинизм университеттерінде В. И. Лениннің теориялық мұрасын терең оқып үйрену ісі айтарлықтай ұйымдастырылған. Кәсіпорындар мен оқу орындарында В. И. Лениннің еңбектері бойынша теориялық конференциялар ұйымдастырылып, тақырыпты партия жиналыстары өткізілген. Жүйелі лекциялар оқылып, лекторийлер, лениндік халық университеттері құрылған. «Лениндік жұмалықтар мен лениндік мектеп сабақтары» және басқалары өткізілген.

Торқалы тойға әзірлікке революция ардагерлері, республика ғалымдары ат салысуда, олар еңбекшілер алдында лениндік тақырыпта лекциялар оқып, баяндамалар жасап жүр. Сондай-ақ олар теориялық конференцияларды ұйымдастыруға қатысып, В. И. Лениннің идеялық мұрасын насихаттауда партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетуде.

В. И. Лениннің теориялық мұрасын насихаттау жөнінде Талдықорған облысының партия ұйымдары елеулі жұмыс істеді. Облыста В. И. Лениннің жеке еңбектерін оқып үйренетін 122 теориялық семинар құрылып, оған 3 мыңға жуық адам қатысты. Оқу жылының барысында тыңдаушыларды Лениннің еңбектерін өздігінен оқып-үйренуге дағдыландыру жағына баса көңіл бөлінді.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі партия ұйымының жұмысы да үлгі аларлық. Министрлік мамандарының В. И. Лениннің теориялық мұрасын оқып үйренуге күштарлығын ескере келіп, партия ұйымы 6 теориялық семинар ұйымдастырды. Оған 85 адам қатысып оқыды. Семинар тыңдаушылары В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» еңбегі және қазіргі заманғы капитализм» деген тақырыпты зерттеп оқыды. Семинарларды тәжірибесі мол насихатшылар басқарды. Солардың арасында К. Сариев, М. Жданов, С. Гузенко сияқты жолдастар бар.

Министрліктің партия ұйымы жанынан семинар насихатшылары мен тыңдаушыларға нақтылы методикалық көмек беретін методикалық кеңес құрылғанды. Кеңестің жұмысына коммунист З. Ф. Доронина басшылық етті. Методикалық кеңес мүшелері жұмысты партбюромен бірлесіп істеді. Олар семинар сабақтарына үзбей қатысып, олардың идеялық-саяси бағыты мен дәрежесіне, насихатшылар мен тыңдаушылардың сабаққа әзірлену жайына баса көңіл бөлді. Лекциялар мен семинар сабақтарында тыңдаушылар «Империализм жөніндегі лениндік теория — К. Маркстің экономикалық ілімінің творчестволық жалғасы», «Өндірістің шоғырлануы мен монополиялардың үстемдігі — империализмнің басты экономикалық сипаты. Қазіргі монополиялардың ерекшеліктері» сияқты, тағы басқа бірнеше көкейтесті тақырыптарды кең талқылады.

Шымкент облысының Сарыағаш орта мектебіндегі Г. А. Бабаян жолдас басқарған коммунистік тәрбие жөніндегі семинар тыңдаушылары лениндік тақырыпты терең оқып үйренді. Семинарда маңызды та-

қырыптар талқыланды. Алматы облысындағы Шелек ауданының «Қаратұрық» совхозында коммунистік тәрбие мәселелері жөніндегі семинар жемісті жұмыс істеді. Оның сабағын насихатшы А. Ілімбаев жүргізді.

Шаруашылық құрылыстың көлемі ұлғайып, еңбекті ұйымдастыру ғылыми негізге көшірілген, өндірісте неғұрлым мол табысқа жету қажет болып отырған қазіргі жағдайда басшы қызметкерлердің идеялық дәрежесі мен маркстік-лениндік ілімді игеруінің маңызы ерекше арта түсуде. Әрбір басшы партияның шешімдері мен саясатын түсіндіруге белсене қатысып, өзінің бүкіл қызметі, жеке басының үлгі-өнегесі арқылы еңбекшілерді коммунистік тәрбиелеу ісіне, олардың еңбектегі және саяси белсенділігін арттыруға септігін тигізуге міндетті.

Республикамызда саяси-бұқаралық және насихатшылық жұмысқа белсене ат салысып жүрген басшы кадрлар мен инженер-техник қызметкерлер аз емес. Атап айтқанда, аудандық партия комитеттерінің 413 секретары, 2 мың кәсіпорын басшылары, 600-дей совхоз директоры мен колхоз председателі, 13 мыңнан аса халық шаруашылығының маманы насихат жұмысына қатысып жүр.

Ал басшы кадрлардың теориялық білімін арттыруға толық жағдай жасалған. Бұл ретте партия оқуының түрлерімен бірге оларға аудандық партия мектептері үлкен көмек көрсетіп келеді. Олардың бірі — Талдықорған қаласындағы партия-шаруашылық активінің мектебі. Бұл мектеп басшы кадрларды оқытумен қатар партия оқуының насихатшыларын да даярлауда. Сондай-ақ Целиноград облысындағы Атбасар, Алматы облысындағы Қаскелең, Шымкент облысындағы Түлкібас және басқа аудандық мектептер оқу жылы барысында ойдағыдай жұмыс істеді.

Партия оқуы жүйесінде марксизм-ленинизм университеттерінің алатын орны ерекше. Партия оқуы жүйесінде оларға оқу-методикалық қызмет атқару жүктеледі. Сонымен бірге бұл университеттер партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкерлерінің, шаруашылық кадрларының, интеллигенттер активінің идеялық-теориялық білімін арттыратын орын болып отыр. Партия және комсомол оқуы жүйесінің маман насихатшыларын даярлау — марксизм-ленинизм университеттерінің басты міндеттерінің бірі.

1965 жылы марксизм-ленинизм университетінің жұмысына едәуір өзгерістер енгізілді. Соның өзінде университет сабақтарын насихатшылардың шеберлігін арттыруға лайықтауға, сондай-ақ тыңдаушылардың жалпы біліміне орай жетілдіре түсуге ерекше көңіл бөлінді. Оқу мерзімі де осыған сай екі және үш жыл болып белгіленді. Университетке қабылдау жұмысын қалалық партия комитеті құрған арнаулы комиссия жүргізеді, ал тыңдаушыларды бастауыш партия ұйымы ұсынады. Дегенмен кейбір қалалық партия комитеттері бұл тәртіпті сақтамай, университет тыңдаушыларын бастауыш ұйым мен комиссия арқылы іріктеп алмай, жалпы тізім бойынша қабылдай салады. Соның салдарынан оқу жылының барысында олардың көбі сабаққа қатыспай шығып қалады. Тыңдаушылардың үлгерімі де көңілдегідей болмайды. Тыңдаушылар құрамын дұрыс іріктеу университеттің табысты жұмыс істеуінің кепілі екенін ұмытпау керек.

Қарағанды, Целиноград, Өскемен қалалық партия комитеттері мен марксизм-ленинизм университеттері оқу жылы алдында тыңдаушылар құрамын мұқият іріктеп алып, оқу процестерін ойдағыдай жүргізуге үлкен әзірлік жасады. Мысалы, Қарағанды қалалық партия комитеті университетке алынған әрбір тыңдаушымен жеке-жеке әңгіме өткізді, олардың әрқайсысы аудандық партия комитеттерінің бюросында бекітілді.

Бұл жұмыстың үлкен пайдасы тиді. Бұрнағы жылдарға қарағанда тыңдаушылардың сапа құрамы жақсарды. Университетке білімді кадр-

лар қабылданды. Насихатшылар факультеті тыңдаушыларының саны артты. Өткен оқу жылында марксизм-ленинизм университетіне алынған 800 тыңдаушыдан 420 адам осы факультетте оқыды, партия-шаруашылық активі факультетінде 234, жалпы факультетте 143 адам оқып, білімін толықтырды.

Насихатшы кадрларды даярлауда Алматы қалалық партия комитетінің кешкі марксизм-ленинизм университеті едәуір тәжірибе жинақтады. Бұл факультеттің тікелей және сырттай оқитын бөлімдері бар. Үш мыңнан аса тыңдаушының үштен бір бөлігі — 919 адам насихатшылар факультетінде оқып жүр, бұлардың 560-ы селолық аудандардағы сырттан оқитындар. Бұлар университетке аудандық партия комитеттерінің ұсынуы бойынша қабылданды. Сырттан оқитындар жылында екі рет сессияға келіп, шолу лекциялар тыңдайды, зачет, емтихан тапсырады. Курс жұмыстарын жазады және келесі семестрге тапсырма алып отырады.

Университетті сырттан оқып бітірген 250 адам қазір Алматы облысының селолық аудандарында насихатшы болып істейді. Бірсыпыра университеттердің түлектері де насихатшылық борышын айтарлықтай өтеп жүр. Өскеменнің кешкі марксизм-ленинизм университетін 1967/68 оқу жылы бітірген 104 тыңдаушыдан 80 адам биылғы оқу жылында насихатшылық міндет атқарды. Ал қалғандары саяси хабаршы болса, енді біразы өз коллективінің қоғам өміріне белсене қатысуда. Мысалы, Ф. Абакумов, А. Ильин жолдастар марксизм-ленинизм мектептерінде насихатшы болса, И. Прыгов — ғылыми коммунизм жөніндегі теориялық семинарды басқарды, ал З. Ф. Щуплова комсомолдық «Кругозор» үйірмесінде насихатшы болды. Бұлардың бәрі де методика мен теорияны жақсы меңгерген насихатшы атанды.

Сондай-ақ Целиноград университетінің түлектері Л. А. Охрименко мен А. Ф. Козловский марксизм-ленинизм негіздері мектебін ойдағыдай басқарды. Т. Я. Селиверстова В. И. Лениннің жеке еңбектерін оқып үйренетін теориялық семинарға жетекшілік етті.

Осы өткен оқу жылында Ақтөбе, Целиноград, Қызылорда, Жамбыл университеттерінде сырттан оқитын бөлім ашылып, жұмыс істеді. Марксизм-ленинизм университеттерінің басшылары мен кафедра жетекшілері теориялық және методикалық білім берумен қатар қай факультеттің болсын тыңдаушыларын саяси-бұқаралық жұмысқа пайдаланды. Олардың насихатшы болып қызмет атқаруын талап етіп отырды.

Марксизм-ленинизм университеттерінде лениндік тақырып негізгі оқу программасымен тығыз ұштастырыла оқытылды. Сонымен бірге В. И. Лениннің жеке еңбектері бойынша теориялық конференциялар өткізіліп, лекция, әңгіме, семинар, кездесулер ұйымдастырылды. Бірсыпыра университеттерде лениндік теориялық мұраны оқып үйрену жөнінде арнаулы жоспар жасалып, іске асырылды.

Экономика мен партия саясатының көкейтесті мәселелері бойынша тыңдаушыларға рефераттар жаздырып, оны жан-жақты талқылау университеттердің қалыптасқан дәстүріне айналды. Биылғы аяқталған оқу жылында лениндік тақырып бойынша рефераттар көп жазылды. Мысалы, Алматы университетінің тыңдаушылары 1967/68 оқу жылында 224, биыл 300 реферат жазып талқылады.

Қостанай және Рудный университеттерінің тыңдаушылары жазған рефераттардың тақырыптары алуан түрлі. Айталық, тыңдаушы В. А. Чижов «Коммунистік партия — Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің ұйымдастырушысы және басшысы» деген тақырыпта реферат жазса, Е. Д. Тихонов — В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» еңбегі бойынша жазды, ал В. Ф. Кузнецов В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» еңбегінің тарихи маңызы туралы реферат жазса,

Г. Т. Акимов «Ленин дін туралы» деген тақырыпты қалады. Реферат жазу, әрине, тыңдаушыларды терең де дәйекті білім алумен бірге В. И. Ленин еңбектерін, партия мен үкіметтің документтерін өздігінен зерттеп оқуға дағдыландырады.

Марксизм-ленинизм теориясын тыңдаушылардың жақсы ұрып, дәйекті игеруі негізінен университеттің оқытушылар құрамына байланысты екені баршаға аян. Сондықтан да партия комитеттері бұл салаға әрдайым назар аударуда. Кешкі университеттер оқытушыларының негізгі құрамы әрбір сабақтың, семинардың жоғары идеялық-теориялық дәрежеде өтуіне толық мүмкіндік беріп отыр. Марксизм-ленинизм университеттері оқытушыларының қатарында төрт ғылым докторы, жүзден аса кандидаттар мен доценттер бар және жоғары оқу орындарының оқытушылары да аз емес. Бұлардың ішінде он жылдан сабақ беріп, өз тәжірибелерін болашақ насихатшыларға жалықпай үйретіп жүрген қадірмен оқытушылар да көп. Кешкі университетте лекция оқуға басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлерін, көрнекті ғалымдарды қатыстыру да берік дәстүрге айнала бастады. Оқытушылардың көпшілігі кешкі университеттің ерекшелігін ескеріп, әдетте теориялық мәселелерді көбірек қойып, олардың мән-мазмұнын терең ашып беруге, тыңдаушылардың түп нұсканы оқып зерттеуіне баса назар аударады.

Партия оқуы жүйесінің жоғары буындарына — кешкі марксизм-ленинизм университеттері мен партия-шаруашылық активінің мектептеріне, семинарларға басшы кадрлар мен интеллигенцияның маркстік-лениндік теория саласындағы білімін арттырып, оны істе қолдана білуге дағдыландыру, жалынды насихатшы етіп баулу міндеті жүктеледі. Республикамыздағы партия оқуының жоғары жүйесі биыл жұмыстарын осы талапқа сай құрып, өрістетті.

Партия ұйымдары оқу жылының қорытындысын шығаруда әр буынның ерекшеліктерін мықтап ескерді. Мысалы, қорытынды сабақ семинарлардың көпшілігінде ғылыми-теориялық конференция ретінде өткізілсе, партия активі мектептерінде әңгіме түрінде өтті. Марксизм-ленинизм университеттерінің тыңдаушылары реферат, диплом, курс жұмыстарын жазып, емтихан және зачет тапсырды, теориялық конференциялар ұйымдастырылды.

Биылғы оқу жылында комсомолецтер мен жастардың саяси білімін арттыру жөнінде бірқыдыру жұмыс тындырылды. Комсомол ұйымдары саяси оқу жылының қорытындысын «Лениндік сабақтар» мен В. И. Лениннің жеке еңбектері бойынша теориялық конференциялар түрінде өткізді. Бұл шаралар үстінде жастардың бұдан былайғы оқуы жайлы пікір алысылды.

Қазір партия комитеттері аяқталған оқу жылының қорытындысын шығарып, алдағы уақытқа жоспар жасауда, жаңа шаралар белгілеуде. Әсіресе насихатшылар кадрларының білімін арттыруға, озық тәжірибені қорытып, кең тарату шараларына ерекше назар аударылуда. Бірсыпыра облыстық партия комитеттері жазда насихатшылардың басын қосып, слет өткізуді ұйғарып отыр.

Оқу жылы аяқталды. Ендігі міндет — оның қорытындысын жақсылап шығарып, сонан соң партия жиналыстары мен партия комитеттерінің бюроларында, насихатшылардың слеттері мен семинарларында бұл жайлы келелі әңгіме қозғап, кең пікір алысуда болып отыр. Жаңа оқу жылы — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толатын және Советтік Қазақстанның 50 жылдық тойы өткізілетін жыл екенін партия ұйымдары ешбір ұмытпауға тиісті.

Ә. ҚУАНДЫКОВ,
Қазақстан КП Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің сектор меңгерушісі.

МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫС ОРТАЛЫҒЫ

Коммунизм орнату күресінде партия қалың бұқараға идеялық ықпал жасаудың көптеген тиімді құралдары мен әдістерін қолданып отырады. Бұлардың ішінде мәдени-ағарту мекемелерінің алатын орны үлкен. Өйткені мәдени-ағарту мекемелері — совет халқының мәдени тіршілігіндегі бұқаралық формалардың бірі.

СССР-де социализм мен коммунизм орнату жоспарының аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде мәдени революция туралы ілімді жасай келіп, В. И. Ленин мәдени-ағарту мекемелерінің ролін айрықша атап көрсетті, оларды партияның жаңа қоғам орнату, жаңа мәдениет жасау жұмысындағы тіректі пункттері деп бағалады. В. И. Ленин мәдени-ағарту қызметін еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды буыны деп санап, оның партиялық насихат пен үгітке тікелей қатысы бар екенін, бұқараны Коммунистік партияның идеялары мен саясатын түсінуге бастайтынын ескертті.

Губерниялық халық ағарту бөлімдерінің мектептен тыс тәрбие бөлімшелері менгерушілерінің II кеңесінде 1919 жылы 24 январьда сөйлеген сөзінде В. И. Ленин былай деген болатын: «Партия жұмысында біз бұқараға кеңінен әсер етудің өз тәсілдерін жасап алдық, бірақ осыларды мәдени-ағарту әдістерімен, атап айтқанда, мектеп және әсіресе мектептен тыс жұмыстардың әдістерімен біріктіру керек... Насихат органдары ретінде, партия ұйымдарымен жақындасуға тырысу керек және бұқараны мектептен тыс жұмысқа тарту керек» (Шығармалар, 28-том, 449—450-беттер).

Мәдени құрылыстың даму жолдары мен әдістері туралы лениндік идеялар біздің партиямыздың қарарлары мен практикалық қызметінде онан әрі дамытылды. Социалистік мемлекет тіршілігінің әрбір кезеңінде партиямыздың лениндік Орталық Комитеті мәдени-ағарту мекемелерінің келелі міндеттерін айқындап отырды. Ал мәдени-ағарту саласында КПСС XXIII съезі, Орталық Комитеттің март (1965 ж.), онан кейінгі Пленумдары маңызды роль атқарды. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейінгі ауыл-селодағы жаңа жағдай тек экономикада ғана елеулі өзгерістер туғызып қоймай, сонымен бірге ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің мәдениеті мен тұрмысына да көптеген жаңалықтар әкелді.

Партияның XXIII съезі театрлардың, клубтардың, мәдениет үйлері мен сарайларының, кітапханалардың, музейлердің және басқа мәдени-ағарту мекемелерінің қалалар мен селолардағы кең жүйесі еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне, олардың мәдени дәрежесін арттыруға, халық таланттары мен өнерпаздықты дамытуға ойдағыдай қызмет етуге тиіс деп атап көрсетті. Осы тұрғыдан мәдени-ағарту орындарының материалдық базасын нығайтудың, олардың жұмыс түрлері мен әдістерін жетілдірудің мәні зор.

Данышпан көсеміміздің өсиеттерін орындай отырып, Қазақстан партия ұйымдары Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап мәдениет орындарының жергілікті жағдайларға сәйкес әртүрлі жүйесін құруға көңіл бөлді. Біздің республикамызда мәдени-ағарту мекемелері қызыл керуендер мен қызыл отаулардан басталғаны белгілі. Егер Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақ халқы клуб, кітапхана, музей дегенді мүлдем білмесе, бұл күнде мәдениет ошақтары жоқ елді мекендер-

ді кездестіру қиын. Мәселен, қазір республикамызда 5 520 клуб, 1 162 автоклуб бар. Клуб мекемелерінің мұндай өсуі — совет адамдарының мәдени дәрежесін көтеруге, олардың рухани талап-тілегін өтеуге деген партиялық қамқорлықтың айқын айғағы.

Партия ұйымдарының күнделікті басшылық, көмегі арқасында клуб мекемелері соңғы жылдары едәуір табысқа ие болды. Олар әсіресе еліміздің жарты ғасырлық торқалы тойына әзірлік күндерінде мол тәжірибе жинақтады. Еңбекшілерді партиямыз бен халқымыздың тамаша дәстүрлеріне тәрбиелеуде клубтардың атқарып отырған қызметі үлкен. Соңғы кезде клуб мекемелерінің жұмысы идеология қызметкерлерінің республикалық, облыстық кеңестерінде, мәдениет қызметкерлерінің облыстық, аудандық съездерінде жиі-жиі сөз болып жүр.

Жергілікті партия комитеттері, әсіресе бастауыш партия ұйымдары колхоз, совхоз клубтарына көмекті күшейтіп, олардың кадрларын іріктеп алуға қамқорлық жасауда, жұмыс түрлері мен әдістерін жетілдіруге бас-көз болуда. Мысалы, Павлодар облысының Суворов, Абай, Кутузов атындағы, Сілеті совхоздарының партия ұйымдары (секретарьлары Руш, Колонтаев, Қапур, Жүнісов жолдастар) клуб жұмысының жоспарларын үнемі карап, бекітіп отырады, клубтардың лекциялық насихатты ұйымдастыруын, өнерпаздар творчествосын өрістетуін қадағалайды. Өз клубының қызметін жандандыруда Ленин ауданындағы (Ақтөбе облысы) «Большевик» колхозы бастауыш партия ұйымының игі тәжірибесі бар. Партком мүшелері клуб жұмысымен күнделікті шұғылданып, оны насихат пен үгітке орынды пайдаланады. Колхоз клубы жақсы безендірілген, оның іші-сыртындағы ұрандар, стендтер, плакаттар шаруашылықтың өндірістік табыстары мен алдағы міндеттерін жақсы көрсетеді. Мұнда озат тәжірибені насихаттауға баса назар аударылған. Таңдаулы механизаторлар село жастарына бірнеше рет әңгіме айтып берді. Клубта әртүрлі кештер, оқушылар конференциялары, лениндік оқулар ұдайы өткізіліп тұрады.

Көптеген клубтар жұртшылық көмегіне сүйене отырып, мәдени-бұқаралық жұмыстың орталығына айналды. Бұған Целиноград облысының Ерейментау ауданындағы Веренск селолық клубы мысал бола алады. Оның менгерушісі Мария Сергеевна Лесняк — клуб жұмысының шебер ұйымдастырушысы. Сондай-ақ оның өзі өнерпаздар үйірмесіне белсене қатысады. Былтыр бұл клуб 39 тақырыптық кеш, диспут өткізді, ауызша журнал шығарды. Веренск клубы — «Еркіншілік» совхозының бөлімшесіндегі көптеген саяси-бұқаралық шаралардың ұйтқысы. Клуб атақты адамдармен кездесулер өткізуді дағдыға айналдырған.

КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысына сәйкес республикамыздың клуб мекемелері ұлы көсемнің өмірі мен революциялық қызметіне, ленинизм жеңісіне байланысты қыруар жұмыс жүргізіп келеді. Ауыл-селоларда, колхоздар мен совхоздарда лениндік жұмалықтар, лениндік оқулар, лениндік лекторийлер, қарт большевиктермен кездесулер, еңбек данқының кештері көбірек өткізілуде. Мәселен, Орал облысының ауыл-село клубтарында лениндік жұмалықтарға жұрт көп келеді. Чапаев ауданының «Аңкаты» совхозында ұйымдастырылған лениндік оқуларда совхоз директоры А. Черехаев, партия ұйымының секретары Х. Есенғалиев, шаруашылық мамандары лекциялар оқыды. Ал Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Александровка селосының клубында В. И. Ленинге арналған кинолекторий жұмыс істейді. Мұнда село тұрғындары Ильич жақсы көретін әндерді, оның грампластинкаға жазылған сөздерін тыңдайды. Кинолекторийде қарт большевиктер жастарға Ильич жайында тартымды әңгіме айтып береді.

Кейінгі жылдары автоклубтардың мал жайылым учаскелерін аралауы малшыларға мәдени қызмет көрсетудің бір түрі болып отыр. Қыс-

та да, жазда да, ақпанның аязында да, шілденің сарша тамызында да автоклубтар малшылар қауымына жиі келіп тұрады. Шопандар мен жылқышылар кинофильмдер көріп, халық өнерпаздарының концерттерін тыңдайды, кітаптар алып оқиды, ішкі және халықаралық жағдаймен танысады. Көптеген автоклубтар жұртшылық тілегіне сай қызмет етеді. Мысалға Талдықорған облысындағы Сарқант ауданының № 5 автоклубын алайық. Бұл автоклубтың меңгерушісі — коммунист Ақылжан Төлеубаев. «Энергия» колхозының малшылары автоклуб қызметіне дән риза. Өйткені автоклуб меңгерушісі де, киномеханик Сәдім Байбатыров та, шофер Вячеслав Донец те өз ісін сүйеді. Олар әруақыт малшылардың мәдени тілегін өтеуге тырысып, шопандардың қандай фильм көргісі келетінін, қандай концерт тыңдағысы келетінін күні бұрын біліп алады. Бұл автоклубтың шопандар арасында белсенді көмекшілері көп. Автоклуб жанында озат тәжірибе мектебі бар. Шопандардың өтініші бойынша жақында А. Төлеубаев Сарқант ауданының революция жылдарындағы, алғашқы бесжылдықтар кезіндегі тарихынан лекция оқыды.

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік күндерінде автоклубтардың жұмыс өрісі ұлғайды. Олар малшылардың демалысын жақсылап ұйымдастырумен бірге республикамыздың түкпір-түкпіріне Ленин идеяларының нұр шұғыласын жеткізуге тиіс. Орал облысының Чапаев ауданында лениндік автоклуб ұйымдастырылған. Бұл автоклуб Ленин сөздерінен алынған ұрандармен, данышпан көсемнің революциялық қызметін көрсететін картамен әшекейленген. Сол сияқты техникалық насихат құралдарымен жабдықталған. Ұлы көсемнің сөздері жазылған магнитофон да, Ильич ұнататын әндер де, Ленин еңбектерінен құралған кітапхана да бар мұнда. Лениндік автоклубпен бірге мал отары учаскелеріне аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің қызметкерлері шығып тұрады. Олар Ленин мұрасын насихаттап, аудан еңбекшілерінің алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді түсіндіреді.

Клуб мекемелері жана салттар мен мейрамдарды тұрмысқа енгізіп, насихаттауда да өнеге көрсетіп келеді. Совет заманында туған жана дәстүрлер мен салттар аз емес. Ал бұлар Ұлы Октябрьден кейін біздің өмірімізде болған экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді бейнелейді. Алайда біздің арамызда ескі, зиянды салттар мен әдет-ғұрыптар әлі жойылып біткен жоқ. Ендеше клубтарда жана салттар мен мейрамдарды, жол-жоралғыларды өткізіп отыру — абзал борыш.

Алайда осындай жекелеген игі істермен қатар, республикамызды тұтас алғанда, ауыл-село клубтарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Бірқатар ауыл-село клубтарының жұмысы саяси-шаруашылық міндеттер дәрежесінде емес. Тіпті қайсыбір клубтар көбінесе жабық тұрады немесе кино көрсету мен би кешін өткізуден басқа ештеңе бітірмейді. Шымкент облысының бірқатар клубтары жөнінде осыны айтуға болады. Мәселен, Түркстан ауданының Куйбышев атындағы, Сарыағаш ауданының К. Маркс атындағы, Шардара ауданының «Көксу» совхоздарының клубтарында өткен жылы бірде-бір рет еңбек озаттарымен кездесу кеші немесе өнерпаздар концерті өткізілген жоқ. Мұның өзі бастауыш партия ұйымдарының ауыл-селодағы мәдениет орындарына тиісінше мән бермейтінін дәлелдейді.

Жасыратыны жоқ, ауыл-селоларда мәдени-ағарту жүйелері әлі күнге тапшы әрі олардың үй-жайы нашар. Тіпті бірсыпыра ірі елді мекендердің өзінде кітапхана, клуб жетіспейді. Қазақ ССР Орталық Статистика басқармасының 1967 жылы жүргізген тексеруі кезінде халқының саны үш жүзден асатын әлденеше елді мекенде клуб жоқ екені анықталды. Әсіресе Қостанай, Шымкент, Алматы, Талдықорған облыстарында ауыл-село клубтарының саны аз. Көптеген клуб мекемелерінің үйлері ескі. Мәселен, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне қарасты 1 540 клуб-

тың тек 715-інің ғана арнап салынған үйі бар. Ауыл-село клубтарында мебель мен музыка аспаптары жеткіліксіз. Талай колхоз бен совхоздың өз қаражатымен клуб үйін салып алуға шамасы келеді, бірақ құрылыс материалдарының жоқтығы олардың қолын байлайды. Маман кадрлардың жетіспеуі де — зәру мәселе. Әсіресе профессионалдық мамандығы бар клуб қызметкерлері жетіспейді.

Міне бұл фактілер КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында республика партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының көптеген іс тындыруын керек етеді. Біріншіден, халық шаруашылығын өркендету жоспарларын жасаған кезде мәдени-ағарту мекемелері құрылысына күрделі қаржы көлемін көбейткен мақұл. Сол сияқты мәдениет ошақтарын салатын колхоздар мен совхоздардың құрылыс материалдары жөніндегі мұқтаждарын өтеуді ойластырған жөн. Екіншіден, мәдениет бұйымдарын, музыка аспаптарын шығаратын арнаулы ірі комбинаттар салуды қолға алу керек. Үшіншіден, клуб мекемелерінің кадрларын даярлауға ерекше көңіл бөлмейінше болмайды. Ол үшін мәдени-ағарту училищелерінің, мәдениет институттарының санын көбейтіп, өнер институты мен музыка және сурет училищелерін бітіргендерді дұрыс пайдаланудың мәні ерекше. Қазіргі уақытта республикамызда небәрі бес-ақ мәдени-ағарту училищесі, жалғыз-ақ мәдениет институты бар. Ал бұл Қазақстан сияқты үлкен республика үшін аз. Сондықтан жаңадан бірнеше училище, тағы бір мәдениет институты ашылса жақсы болар еді. Төртіншіден, қалалардағы мәдени-ағарту мекемелерінің, театрлардың, творчестволық одақтар мен ұйымдардың ауыл-село мәдениет орындарына қамқорлық, көмегін күшейту парыз.

КПСС Орталық Комитетінің XXIII съезге Есепті баяндамасында былай делінді: «Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жолындағы күрестің барысында село еңбеккерінің психологиясы түбегейлі өзгерді, оның білімі мен мәдениеті артты, жұмысшы табы мен шаруалар одағы бұрынғыдан анағұрлым нығайды. Сонымен қатар деревнядағы мәдени-ағарту жұмысы саласында елеулі кемшіліктер бар екенін атап айтқан жөн. Көп уақыт бойына селода клубтар, кітапханалар, кинотеатрлар, спорт құрылыстары жүйесін ұлғайтуға тиісінше маңыз берілмей келді. Бұл кемшіліктерді жоюға партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, барлық идеологиялық мекемелердің назары аударылуға тиіс».

Міне бұдан шығатын қорытынды, КПСС XXIII съезінің, Орталық Комитеттің апрель және октябрь (1968 ж.) Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруда және насихаттауда ауыл-село клубтарының ролін арттыру керек. Демек, совет адамдарын коммунистік идеялылық, жалынды патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында, буржуазиялық идеологияға қарсы ымырасыз күресу рухында тәрбиелеуде клуб мекемелері — партия ұйымдарының жауынгер көмекшілері.

Ауыл-селодағы мәдениет ошақтарының қызметін жандандыру, халық творчествосын өрістету мақсатында биылғы жылдан 1970 жылғы январьға дейін клубтардың В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне арналған Бүкіл одақтық байқауы өткізілгелі отыр. Республикамыздың клуб мекемелері өздерінің даңқты қос мереке алдында қабылдаған социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап, еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету ісін бұдан былай да жақсартып беретіні анық.

Ә. ҚУДАЙБЕРГЕНОВ.

АУДАНДЫҚ КОМИТЕТ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

И. ГОРБЕНКО,

Федоров аудандық партия комитетінің бірінші секретары

Біздің ауданымыз республикадағы ірі ауыл шаруашылық аудандарының бірі. Он екі совхоз бен екі колхоз жарты миллион гектарға жуық жерге егін салады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, оны мемлекетке өткізу жөнінен де ауданның үлесі зор.

Міне сондықтан да біз астық, ет, сүт және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру ісін аудандық партия комитетінің, бастауыш партия ұйымдарының ең басты міндеті деп білеміз.

Әділін айтсақ, бұл салада тындырылған бірсыпыра игі істеріміз де бар. Оны мына фактілерден де көруге болады. Осы бесжылдықтың үш жылында мұнан бұрынғы үш жылға қарағанда аудан шаруашылықтарында астық өндіру екі есе, сүт — 33 процент, ет — 11 процент артты. Жыл сайын мемлекетке 23,7 миллион пұттан астық өткізілді, ал үш жылда мемлекет қоймасына біздің ауданнан ғана 71,3 миллион пұт алтын дән кұйылды, 114 мың тонна сүт, 25 мың тонна ет тапсырылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру молайды, совхоздар мен колхоздардың экономикасы нығайды.

КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумы мен партияның XXIII съезі ауыл шаруашылығының экономикасын жаңа сатыға көтеруге бағытталған шаралар белгіледі. Бұл село еңбеккерлерінің ой-өрісін, олардың еңбекке деген ынта-ықыласын арттырды, колхозшылар мен жұмысшыларды өз еңбектерінің нәтижесін бүтіндей жаңаша бағалауға үйретті.

Осы шараларды жүзеге асыра отырып, ауданның барлық шаруашылықтарының рентабельді жұмыс істеуіне жетуді алға мақсат етіп қойдық. Ол үшін ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық саласына шаруашылық есепті енгізуге ұйғардық. Әрине, бұл ретте біздің үлгі тұтарымыз Ленин орденді «Федоровский» совхозы болды. Мұнда ішкі шаруашылық есеп елуінші жылдардан бастап-ақ жүргізіліп келе жатқанды. Алғашқыда оның өзі тракторлар мен басқа да ауыл шаруашылығы машиналарының запас бөлшектеріне, жанар майға лимит кітапшаларын ашу түрінде жүргізілді; жоспарлау, есептеу, талдау жұмыстары жолға қойылды. Совхозда бөлімшелердің өндірістік есеп беру жүйесі белгіленді. Оның өзі шаруашылық есеппен ұштастырылды. Соның арқасында ай сайын, тоқсан сайын бөлімше жұмысына талдау жасап отыруға мүмкіндік туды. Бастапқы кезде бөлімшелер мен учаскелерге өнімнің мөлшері,

еңбек ақысының қоры, тұқым, жанармай, жемшөптің жұмсалуды, өнім өндіруге кеткен нақты шығындарды ғана есептеп отыру тапсырылды. Алайда өнімнің өзіндік құны негізгі қордан тыс бүкіл совхоз бойынша бірінғай орта мөлшерде болып белгіленді. Рас, бұл әрбір бөлімше жұмысын толық бағалауға мүмкіндік бермеді. Бірақ оның есесіне бөлімше басшылары, мамандар мен жұмысшыларды экономика мәселесіне ден қоюға, қолдағы материалдар мен қаржыны ұқыпты жұмсауға үйретті. Жұмыс қорытындысы, әдетте, жалпы жиғалыста талқыланып отыратын болды. Экономикалық көрсеткіштер өзара жарыс шарттарына енгізілді.

Біраз тәжірибе жинаған соң совхоз учаскелерге негізгі қорды, жердің құнарлылығы мен малдың өнімділігін, жұмыс жағдайын ескере отырып, жоспарлы міндеттер белгілеуді қолға алды. Экономикалық жұмысқа үнемі басшылық етіп отыру үшін совхозда экономикалық талдау бюросы құрылып, оған совхоз директорының өзі жетекшілік ететін болды. Ал бөлімшелерде экономикалық талдау топтары жасақталды. Әр айдың аяғында бюро шаруашылық жұмыстарының қорытындысын шығарады. Онда шаруашылықтың әр саласына орай белгіленген жоспар мен оның орындалуы салыстырыла талқыланады. Сондай-ақ экономикалық талдау бюросында бөлімше менгерушілері, бухгалтерлері мен мамандары есеп беріп отырады.

Осындай талқылауда істегі кемшіліктер мен ағаттықтар ашылып, қол жеткен табыстардың сыры айқындалады, келешекте экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың жолдары белгіленеді. Әрине, бюроға дейін әрбір бөлімше жұмыс жағдайын экономикалық талдау топтарында талқылайды, оларға жұмысшылар активі қатыстырылады.

Мұның бір ұтымды жағы — экономикаға ден қоюшылар алқасы көбейе түсті. Бұрын экономика мәселесімен көбіне шаруашылық басшылары ғана шұғылданып келсе, енді оған бөлімше менгерушілері де, мамандар да, озат жұмысшылар да көңіл бөле бастады. Мемлекет қаржысын босқа ысырап етуге болмайтынын, әрбір машинаны, әрбір гектар жерді барынша тиімді пайдаланып, аз қаржы жұмсап, көп өнім алуға ұмтылу керек екенін жұрттың бәрі де жақсы түсінетін болды.

Шаруашылық есепті өндіріске енгізуге бағытталған осы істердің бәрі игі нәтижесін берді. «Федоровский» совхозы тұрақты рентабельді шаруашылыққа айналды. Совхоздың соңғы бес жыл ішінде тапқан пайдасының өзі 7,7 миллион сомнан асып түсті.

Аудандық партия комитеті «Федоровский» совхозының жай-жағдайын қадағалап, керек жерінде оған қол ұшын беріп отырды. Сондай-ақ оның тәуір тәжірибесін пленумдар мен партия активтерінің жиғалыстарында, ауыл шаруашылығы озаттарының кеңестерінде кеңінен насихаттадық. Бұл ретте бізге аудандық «Знамя Октября» газеті көп көмек көрсетті. Газет совхоз директоры Г. П. Классиннің, бас экономист В. Г. Думлердің, бас бухгалтер Г. Е. Шишкиннің, бұрынғы бас агроном А. Майстердің, басқа да мамандар мен бөлімше басшыларының мақалаларын ұйымдастырды. Совхоз ардагері Михаил Митрофанович Ольховский жиырма жылдан астам уақыт басқарып келе жатқан озат бөлімше жөнінде арнаулы бюллетень шығарылды. Аудандық комитет осы совхозда экономикалық конференция өткізді. Оған барлық шаруашылық басшылары мен мамандары шақырылды. Кейін сол совхоздың базасында экономикалық мектеп ұйымдастырылды. Аудандағы барлық шаруашылық басшылары мен мамандар осы мектепте оқып, экономикалық білімдерін көтерді. Соңғы жылдары бұл мектепке өзге аудандардан келуші қонақтар да көп.

«Федоровский» совхозының тәжірибесі шаруашылық есептің тиімді екенін дәлелдеп берді. 1959 жылдан бастап-ақ ауданның барлық совхоздары шаруашылық есепті өндіріске енгізе бастады.

Партия ұйымдары мен совхоз басшылары шаруашылық мәселелерін жан-жақты ойластырып шешетін болды. Олар ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге бөлінген қаржының ұқыпты жұмсалуды, орынсыз ысырап болмауды қатаң бақылауды қолға алды. Соның нәтижесі 1965 жылдың өзінде-ақ көріне бастады. Ауа райының аса қолайсыз болуына, егіннің ойдағыдай шықпағанына (әр гектардан 5,5 центнерден) қарамастан, 6 совхоз жылды табыспен аяқтады. Аудандары барлық совхоздар 130 мың сом пайда келтірді, ал 1966 жылы совхоздар 31,4 миллион сом табысқа ие болды.

Әйтсе де табыстың мол болуына қарамастан, шаруашылықтар оны көбейтуге онша ынталы бола қойған жоқ. Өйткені онан совхоз қорына түсетін қаржы мардымсыз еді. Осыған орай совхоз еңбеккерлерін материалдық жағынан көтермелеуге бөлінетін қаржы да шамалы болатын. Міне енді совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіру жөнінде жиі-жиі сөз бола бастады.

Сондықтан да 400 ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, оның ішінде біздің ауданның барлық совхоздарын 1967 жылдың екінші жартысынан бастап толық шаруашылық есепке көшіру жөніндегі партия мен үкіметтің қаулысын аудан дикандары мен механизаторлары қуана қарсы алды.

Шындығына келсек, толық шаруашылық есепке көшуге біздің совхоздарда қажетті жағдай да бар еді. Әрине, сонымен қатар біз бұл істің аса жауапты екенін де естен шығарғанымыз жоқ. Өйткені ауданымыз үлкен. Совхоздардың егістік алқаптарының құнарлылығы әрқилы, ауа райы да бірыңғай емес. Оның бер жағында олардың дамуы да түрліше, экономикалық жұмыстар да «Федоровский» немесе Ленин атындағы совхоздардағыдай емес. Ең бастысы — біздің тәжірибе жұмыстарымыз экономикалық реформа мәселесіндегі партия саясатының дұрыстығын әрі өміршеңдігін іс жүзінде дәлелдеп беруге тиіс еді.

Совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіруге байланысты аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары қыруар ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмыстарын жүргізді. Аудандық комитеттің кеңейтілген пленумы өткізілді. Онда совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіруге байланысты аудан партия ұйымының міндеттері талқыланды. Пленумға шаруашылық басшылары мен мамандары, бөлімше меңгерушілері, партия мен комсомол ұйымдарының секретарьлары, кәсіподақ қызметкерлері қатысты.

Пленумға қатысушылар совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіруді бірауыздан қолдады, олар бұл істі жүзеге асырудың нақты шараларын белгіледі.

Аудандық комитеттің пленумынан кейін совхоздарды толық шаруашылық есепке көшірудің тәртібін іс жүзінде қолдануға байланысты мәселе жөнінде шаруашылық басшылары мен мамандарының семинарлары өткізілді. Барлық совхоздарда ауыл шаруашылық өнімдерін молайтып, оларды өндіруге жұмсалатын шығынды азайтуға жол ашатын қосымша резервтер мен ішкі мүмкіншіліктерді тауып, іске қосудың нақты шаралары белгіленді.

«Первомайский» совхозының коллективі белгілеген шараларда келеді мәселелер қамтылды. Озаттар тәжірибесін насихаттау, кәсіби мамандықты шыңдап, экономикалық білімді көтеру, есеп-қисапты дұрыс жолға қою сияқты басты міндеттер алға қойылды.

Аудандық партия комитеті мен ауыл шаруашылық басқармасы бұл совхоздың жасаған шараларын мақұлдап, оны өзгелерге үлгі ретінде аудандық газет бетінде жариялауға ұсынды.

Совхоздардың толық шаруашылық есепке көшуіне байланысты шаруашылық ішіндегі есептің де шеңбері кеңейді. Шаруашылық есептің талаптары мен шығын лимиттері барлық бөлімшелерге, жөндеу мастерскойларына, автогараждарға, құрылыс учаскелеріне де тарала баста-

ды. Партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігі артты. Коллектив арасындағы тәрбие жұмысы, социалистік жарысты ұйымдастыру, экономика мен үнемшілдік мәселелері бірінші кезекке шықты.

«Федоровский», «Қеңарал», «Жаркөл» совхоздарының партия комитеттері өз жұмыстарын дұрыс жолға қоя білді. Бұл партия ұйымдары алуан түрлі ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстарын жүргізе отырып, шаруашылық істерін жандандыруға айтарлықтай ықпал етуде. Бұлардағы бөлімше партия ұйымдары да өз міндеттерін ойдағыдай атқаруда, коммунистердің 75 проценті тікелей өндірісте, шаруашылықтың шешуші учаскесінде істейді. Олар қалың көпшілікке қажырлы еңбегімен де үлгі. Партия жиналыстарында совхоз экономикасын нығайтуға байланысты мәселелер үнемі талқыланып отырады. Осының нәтижесінде бұл шаруашылықтар соңғы жылдарда үнемі қыруар пайдаға кенелуде.

Шаруашылық экономикасын өркендету жолында «Первомайский», «Украинский», «Воронежский», «Минский» совхоздарының партия ұйымдары да көп жұмыс жүргізді. Қазір бұлар да озаттар қатарына қосылып отыр.

Мысалға «Первомайский» совхозын алайық. Бұрын мұнда егін шығымы нашар болатын, мемлекетке астық тапсыру жоспарын бірде орындаса, бірде орындай алмайтын. Совхозда егіншілік мәдениеті төмен, тұқым шаруашылығы артта қалған, экономика жұмысы мардымсыз еді. Аудандық партия комитеті мен өндіріс басқармасы совхозды кадрлармен нығайтты. Бас агроном болып коммунист Н. Н. Черевко тағайындалды. Орта буындағы басшылар құрамы іріктелді, партия ұйымына жетекшілікке тәжірибелі қызметкер жіберілді.

Мұның нәтижесі совхоз өндірісінен бірден көрінді. Егіншілік мәдениеті едәуір көтерілді, егіске тек аудандастырылған сортты тұқым себілетін болды («Саратовская-29», «Безенчукская-98», «Харьковская-46»), астық тазалау жұмысы толық механикаландырылды, партия ұйымының, әрбір коммунистің өз ісіне деген жауапкершілігі артты, экономикалық жұмыс едәуір жақсарды. Бұл игі нәтиже берді. Совхозда астық шығымдылығы артты. Өткен жылы егіннің әр гектарына 17,1 центнерден өнім жиналды, совхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Ал совхоздың № 4 бөлімшесі «Егіншілік мәдениеті жоғары коллектив» деген құрметті атаққа ие болды. Өткен жылы мұнда бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағы 4 сом 21 тиын орнына 3 сом 48 тиынға түсті. Совхоз өткен ауыл шаруашылық жылын 4 миллион 469,5 мың сом пайдамен аяқтады.

Соңғы жылдарда аудандық комитет совхоздардың экономикасына байланысты мәселелерді жиі талқылайтын болды. Өйткені біз әрбір жұмысшының совхоз экономикасын көтеру жолындағы белсенді күрескер болуын, олардың өз міндеттерін жақсы біліп, оны мінсіз атқаруын көздейміз. Осы мақсатта аудандық комитеттің бюросында бастауыш партия ұйымдары мен цехтық ұйымдардың есебін жиі тыңдаймыз. Олардың жұмысын шаруашылықтардың өндірісі мен экономикасын көтеруге ықпал етуге бағыттап отырамыз. Осыған орай совхоз экономикасы жөніндегі мәселелер партия комитеттерінің мәжілісінде, партия жиналыстарында үнемі талқыланып отыратын болды. Мысалы, «Қостряковский» совхозының партия комитеті 1968 жылдың алғашқы жартысын қорытындылаған кезде екінші бөлімшеде экономикалық көрсеткіштердің төмендеп кеткенін байқады. Дереву комитет бұл мәселені өз мәжілісінде талқылауға ұйғарды. Комиссия құрылды, оған бөлімшедегі жай-жағдайды мұқият тексеріп, партком мәжілісінде баяндау тапсырылды. Мәжіліске барлық бөлімше меңгерушілері мен зоотехниктер шақырылды. Тексеру кезінде бөлімше меңгерушісі А. Ф. Клевцур тарапынан мамандар мен ферма қызметкерлерінің жұмысын бақылау болмағаны анықталды. Малшылар мен сауыншылар арасында еңбек-тәртібі нашарлап

кеткен, тіпті кейбір сауыншылардың бірнеше күн жұмысқа шықпай қалған кездері болған, мал жемі мен шөптің ысырап болуына жол берілген. Партия комитеті осы кемшіліктерді ашып, мәжілісте оларды жедел жоюдың нақты шараларын белгіледі. Сол шараларды жүзеге асырудың арқасында көп ұзамай бөлімше жұмысы жақсарып, оның экономикалық көрсеткіштері де көтеріле бастады. Ақыры, жыл аяғында бөлімше едәуір табысқа ие болды.

Совхоздардың толық шаруашылық есепке көшкеніне екі жыл болып қалды. Қазір тәжірибе жұмысының ойдағыдай шыққанын, шаруашылық есептің совхоз өндірісін жана сатыға көтеруге елеулі ықпал еткенін көріп отырмыз. Енді партия ұйымдары, шаруашылық басшылары мен мамандар өндіріс экономикасын терең зерттеп, еңбек ұйымдастыру, өндіріс қорын пайдалану, өнімді молайтып, оның сапасын жақсартуға көмектесетін ішкі резервтерді іске қосу мәселелерімен жүйелі де нақты шұғылдана бастады.

Қазір совхоздардың финанс-өндіріс жоспары да нақтылы жасалатын болды. Онда табысты молайтудың көздері, резервтері мен совхоздың ішкі мүмкіншіліктері де ескеріледі. Неге десеміз, совхоздың қоры алынған пайданың мөлшеріне тікелей байланысты.

Шаруашылықты кеңейтуге және оны нығайтуға, әлеуметтік-мәдени шаралар мен құрылысқа арналған қаржы қорының мол болуы қажетті мәдени-тұрмыс, өндіріс объектілерін салуға мүмкіндік жасауда. Мұның өзі жұмысшылардың еңбек белсенділігін арттыруға әсер етуде. Қазір олар еңбекті жақсы істесе, өнімнің мол болатынын, ал өнімнің мол болуы совхоздың шынайы пайдасын көбейтетінін, демек, өзінің де әл-ауқаты артып, мәдени-тұрмыс жағдайы бұрынғыдан да жақсара түсетінін біледі. Сондықтан да ол еңбекке, творчестволық еңбекке ынталы.

Өткен жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіруге байланысты біздің аудан партия ұйымының есебін тыңдаған болатын. Онда істегі жетістіктермен бірге кейбір ағаттықтар мен кемшіліктер де атап көрсетілгенді. Орталық Комитет бюросының бұл қаулысы бізге істегі кемшіліктерді жоюға, партиялық-ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жолға қоюға, сөйтіп совхоздардың экономикасын көтеруге көмектесті.

Көсеміміз В. И. Лениннің мүшелді мерекесін лайықты қарсы алу жолындағы жалынды жарысты өрістеткен аудан еңбеккерлері өткен 1968 жылды табысты аяқтады.

Аудан шаруашылықтары әр гектардан жүз пұттан өнім жинап, Отан қоймасына 25 миллион пұт астық құйды. Бұл жоспарда белгіленгеннен екі есе артық. Торыз совхоз, екі колхоз мемлекетке астық тапсырудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Өткен жылдың аяғында совхоздардың түсірген пайдасы 34,5 миллион сомға, колхоздардың пайдасы — 6,2 миллион сомға жетті.

Жақында үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанының қорытындысын шығардық. Биыл қыстың айрықша қатаң болуына қарамастан, аудан шаруашылықтары мемлекетке ет сатудың жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, алғашқы тоқсанды 1 миллион 758 мың сом пайдамен аяқтады.

Биыл ерекше жыл. Екі бірдей торқалы тойдың — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Советтік Қазақстанның 50 жылдық мүшелді мерекесінің қарсаңы. Ал тойдың тартусыз, салтанаттың шашусыз сәні бола ма? Біздің аудан еңбеккерлері де шабытты жарысты шарықтатып, сол бір ұлыстың ұлы күндеріне ерен еңбек табысынан мол сый-сияпат әзірлемек.

Қостанай облысы.

ӨНДІРІСТІ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

Социалистік экономиканы басқару социализмнің экономикалық заңдарының объективтік талаптары мен социалистік қоғамның коммунистік қоғамға ұласу тенденцияларын қамтитын ғылыми басшылықтың лениндік принциптерін творчестволықпен дәйекті қолдану негізінде жүзеге асырылады.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің социализмнің қалыптасуының басты сипаттары мен оның прогресінің заңдылықтары туралы қағидаларын дамыта отырып, В. И. Ленин тұңғыш рет социалистік қоғам орнатудың нақты программасын жасады.

В. И. Ленин өзінің «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Совет мекемелерін басқару жөніндегі ережелердің желілері», «Ұлы бастама», «Тағы да кәсіподақтар туралы, қазіргі кезең туралы және Троцкий мен Бухариннің қателері туралы», «Мемлекет туралы», ««Демократия» және диктатура туралы» және басқа еңбектерінде социалистік шаруашылықты жүргізудің негізгі қағидалар системасын жасап, шаруашылықты басқарудың әрбір принципінің мәні мен мазмұнын ашып көрсетті. Социалистік экономиканы ғылыми негізде басқару, сол принциптерді шебер қолдану қажеттігі жайында ұсыныстар айтып, ақыл-кеңестер берді.

Демократиялық централизм, саяси және шаруашылық басшылығының бірлігі, дамудағы жоспарлылық, материалдық және моральдық ынталандыру, мемлекеттік және қоғамдық негіздердің үйлесімділігі, территориялық-салалық басқару — міне социалистік шаруашылықты ғылыми жолмен басқарудың принциптері ретінде В. И. Ленин ұсынған негізгі қағидалар осылар.

В. И. Ленин экономиканы ғылыми жолмен басқарудың принциптерін белгілей отырып, шаруашылық органдарының бұл принциптерді терең меңгеруін және оларды практикада үздіксіз қолдануын талап етті. Қоғамды зерттеп білудің жүйелі, мақсатты әдісі ғана, деп үйретті В. И. Ленин, оның дамуының мәні мен тенденциялары жөнінде толық мағлұмат бере алады. Егер осы қағидалы экономиканы басқаруға пайдаланатын болсақ, онда тек принциптер системасын қолдану ғана қоғамдық экономиканы ғылыми жолмен басқарудың талаптарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Өндірісті ғылыми жолмен басқару принциптері системасын түгел пайдаланудың қажеттігі көптеген объективтік факторлардың талабынан барып туады. Бұл талаптардың мәні мынада: осы системадағы әрбір принципті пайдалану міндетті түрде барлық басқа принциптердің де қолданылуын керек етеді. Мысалы, демократиялық централизм принципі саяси және шаруашылық басшылығының бірлігі қамтамасыз етілген кезде, яғни экономиканы басқарудағы аса маңызды принциптің жүзеге асырылған кезінде ғана орындалуы мүмкін. Ал оның ролінің төмендетілуі, түптеп келгенде, социалистік өндірісті басқару принциптерінің басқа да түрлері секілді демократиялық централизмнің жойылуына, олардың орнына социализмнің табиғатына мүлдем жат басқару негіздерінің пайда болуына әкеп соғады. Мұның мысалын қазіргі Қытай Халық Республикасының өмірінен айқын көруге болады. Мао Цзэ-дун тобы экономика мен саясаттың тұтастығы принципін бұзды да социализмнің барлық принципін аяқ асты етті.

Коммунистік партия басшылыққа алып келе жатқан лениндік принциптер системасы социалистік өндірісті дамытудың проблемаларын ғылыми жолмен шешуге, социалистік өндірістік қатынастарды жетілдіретүсуге мүмкіндік береді. Мұның дәлелін еліміздің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өндірісінің даму қарқынынан айқын көруге болады. Тек соңғы үш жылдың ішінде ғана өнеркәсіп өндірісінің көлемі 29 процент өсті. Былтыр елімізде 107 миллион тонна болат, 309 миллион тонна мұнай, 638 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндіріліп, 10,3 миллиард пұт астық жиналды.

Кеменгер көсеміміз өндірісті ғылыми жолмен басқарудың принциптерін жасай отырып, демократиялық централизм принципіне ерекше маңыз берді. Оның негізгі мазмұны өндірісті бір орталықтан басқаруға, оған еңбекшілер бұқарасын кең қатыстыруға, кәсіпорындардың, жергілікті шаруашылық органдарының дербестігі мен коллективтердің өршіл инициативасын ұштастырып отыруға келіп саяды. «Қазір біздің міндетіміз, — деп үйретті Совет өкіметінің алғашқы айларында В. И. Ленин, — шаруашылық саласында нақ демократиялық централизмді жүргізу» (Шығармалар, 27-том, 198-бет).

В. И. Ленин демократиялық централизм принципі социализмнің экономикалық негіздерінен, ең бастысы өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншіктің орнауынан, сол меншіктің нәтижесінде құрылған ірі машиналы өнеркәсіп өндірісінің негізінен барып туады деп үйретті. «Бүкіл бар еңбекшілерді сағаттың механизміндегі дұрыс жұмыс істейтін шаруашылық бір органға байланыстыратын ерік бірлігі болмаса, — деп көрсетті В. И. Ленин, — темір жолдар да, транспорт та, ірі машиналар мен кәсіпорындар да тегінде дұрыс жұмыс істей алмайды» (Шығармалар, 27-том, 203-бет).

Социалистік шаруашылықты жүргізудің біздің елдегі, сол тәрізді туысқан елдердегі тәжірибесі демократиялық централизм принципінің өміршеңдігін дәлелдеп шықты. Оны дәйектілікпен қолдану адамдарды бірыңғай әлеуметтік-экономикалық организмге топтастырып, қоғамдық өндірісті дамытуда алда тұрған үлкен міндеттерді бірлесе отырып шешуге, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға мүмкіндік береді.

Өндірісті басқару органдары осы принциптің екі жағын бірдей — централизм мен демократияны — нығайта беруге үнемі қамқорлық жасап келеді. Әрбір кәсіпорынның өнеркәсіп өндірісінің мемлекеттік жоспарын сөзсіз орындау жолындағы күресі, өндірісті ұлғайтудағы, оның тиімділігін арттырудағы үкімет пен партия алға қойып отырған міндетті орындауға әрбір еңбекші коллектив пен жұмысшылардың белсене қатысуы басқарушы органдардың, кәсіпорындарды жеке-дара басқаратын басшылардың ролі мен жауапкерлігін көтеру, өндірістік және мемлекеттік тәртіпті нығайту — шаруашылық басшылығындағы централизмді нығайтудың кейбір бағыттары міне осындай.

Өндірісті басқарудағы демократияның дамуы жайлы сөз еткенде оның күллі шаруашылықты басқару системасының өзегі болып отырғанын баса айту керек. Бізде өндірісті басқару ісіне жұмысшылар мен қызметкерлер белсенді түрде ат салысып келеді. Бүгінде бір Қазақстанның өзінде ғана тұрақты жұмыс істейтін 9 мыңдай өндірістік кенес бар. Оның жұмысына 320 мыңнан аса адам қатысуда. Өткен жылы өндірістік кенестерге 76 336 ұсыныс түсіп, оның 61 419-ы өндіріске пайдаланылды.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруда жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің белсенділігі барған сайын артып отыр. Мұның өзі өндірісте демократияның кең қанат жайып отырғанын дәлелдейді. Қазіргі кезде республикамызда еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыратын 2 мыңнан аса совет, 6 мыңдай творчестволық бригада бар. Олардың жұ-

мысына 60 мыңнан аса адам қатысады. Ондаған кәсіпорындар еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыратын арнаулы бөлімдер, бюролар, лабораториялар құрған. Қазақ ССР Жоспарлау комитеті жанында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыратын республикалық совет бар. Оның құрамына көрнекті ғалымдар, білікті мамандар кіреді.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыратын советтер мен творчестволық бригадалар еңбек өнімділігін еселеуге, өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған бірсыпыра шараларды жүзеге асырып та жатыр. Бесжылдықтың үш жылы ішінде олар еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру жөнінде 3 600 жоспар жасады, ал мұның экономикалық тиімділігі бір жылдың ішінде 24 миллион сом болады.

Бұл бағыттағы жұмыс әсіресе республиканың түсті металлургия кәсіпорындарында жақсы өркен жайған. Биылғы жылдың басында оларда еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыратын 140 совет, 500 творчестволық бригада болды. Олар екі жыл ішінде жылына 6,5 миллион сомның ақшасын үнемдеп, шартты түрде алғанда өндірістен 1 450 жұмысшы мен қызметкерлерді босататын еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың 5 616 жоспарын жасады.

Практика жүзінде демократиялық централизм принципінің екі жағын бірдей білгірлікпен ұштастырудың мысалдары көп-ақ. Шаруашылық органдарының басшылығы іс жүзінде централизмді абсолюттендірмей, оны кең демократия негізінде жүзеге асыруға, ал демократияны көк мылжын, көпірме сөзге айналдырмай, социалистік тәртіп көлемінде жүзеге асыруға ұмтылуда. Бұл принциптің екі жағының бірдей ұштастырылуы қоғамның, коллективтің, жеке адамның мүдделеріне сай келуіне ерекше көңіл бөлінуде.

Партия экономика мен саясаттың бірлігін, социалистік қоғамның тұтастығын диалектикалық жағынан кескіндейтін, саяси және шаруашылық басшылығының бірлігі жөніндегі лениндік принциптерді ұдайы басшылыққа алып келеді. «...Бізде, — деп көрсетті В. И. Ленин, — шаруашылық іс — біздің ортақ ісіміз. Бұл біз үшін ең қызықты саясат» (Шығармалар, 32-том, 458-бет). Осыған орай партияның алдында тұрған басты міндет, деп көрсетті В. И. Ленин, өндіргіш күштерді көтеру жолындағы, еңбекшілердің қажетін неғұрлым толық өтеу үшін қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру жолындағы күрес болуға тиісті. Қоғамның жан-жақты дамуы экономикаға тікелей байланысты.

Экономиканы барынша дамыту міндетін алға қоя отырып, В. И. Ленин басқару органдарынан барлық істе де саяси дұрыс тәсілдерді қолдануды, бұл орайда партияның, мемлекеттің, еңбекшілер бұқарасының, коммунизмнің мүддесін естен шығармауды талап етті. «Саясат, — деп көрсетті В. И. Ленин, — экономиканың жиынтық көрінісі... Саясат экономикадан басым болмай тұра алмайды. Басқаша ойлау — марксизмнің әліппесін ұмыту деген сөз» (Шығармалар, 32-том, 71-бет).

Социалистік өндірісті ғылыми жолмен басқару ісінде дамудың жоспарлы принципі үлкен роль атқарады. Өмір В. И. Лениннің «...өнімдерді өндіру және бөлу ісінде ондаған миллион адамдарды бірыңғай норманы қатаал түрде қолдануға көндіретін мемлекеттік жоспарлы ұйымдастырусыз социализм орнату мүмкін емес» (шығармалар, 32-том, 352-бет) деген данышпандық пікірін растады.

В. И. Ленин адамдарды коммунизм құрылысына ұйымдастырған кезде оларға ықпал етудің экономикалық және моральдық түрлерін пайдаланудың қажеттігін, яғни материалдық және моральдық ынталандыру принципін ұштастыра қолданудың қажеттігін баса көрсетті. Коммунистік партия бұл қағиданы да бұлжытпай орындап келеді.

Экономикалық көтермелеу мен жоспарлаудың жаңа жүйесі кезінде коллективтерге материалдық жағынан ықпал жасаудың жалақы, сыйлық, кредит, баға секілді тұтқаларының маңызы ерекше артқаны мәлім.

Сондықтан да кәсіпорындар коллективтерінің өздері техниканы, негізгі және көмекші қорларды толық пайдалануды, еңбек өнімділігін еселеп арттыруды көздейтін көтеріңкі жоспарларды орындауға мүдделі.

Қазіргі кезде коммунистік адамгершілікке, әркімнің тәртіптілігіне, қоғамның және коллективтің ықпал күшіне негізделген моральдық формаларды өндірісті реттеу үшін пайдаланудың маңызы өсіп отыр. Кәсіпорындар мен шаруашылықтардағы идеологиялық жұмыстың сапасы арттып, партия және қоғамдық ұйымдардың қызметі жақсарды. Соның нәтижесінде жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметкерлердің саяси және еңбек белсенділігі өсуде.

Біздің республикамызда ынталандырудың материалдық және моральдық принципін білгірлікпен ұштастырып, жүзеге асырып келе жатқан парасатты басшылар да көп. Солардың ішінен Балқаш кеп металлургия комбинатының директоры П. П. Матюшин жолдасты ерекше атауға болады. Ол осы комбинатқа өзі басшылық еткен ондаған жылдар ішінде ең алдымен әкімшілік жүргізетін бастық ретінде емес, коллективтің саяси жетекшісі, ақылгөй тәрбиешісі ретінде танылды, осы қасиеттері үшін жұмысшыларға қадірлі де беделді болып отыр. Алматы облысындағы Мичурин атындағы колхоздың председателі Қ. Әбдіғұлов жолдастың есімін әрбір колхозшы жылы лебізбен атайды. Председательдің жекіріп-ақыруды білмейтін, сыпайы да мәдениетті мінезі колхозшыларға қатты ұнайды. Мұндай басшылар бізде мыңдап саналады.

Өндірісті ғылыми жолмен басқарудың барлық принциптерінің ролі мен маңызын көтере түскен жаңа экономикалық реформа, партияның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шешімдері халық шаруашылығының күллі саласын шапшаң қарқынмен дамытуға аса зор ықпал жасауда. Мысалы, республикамызда өткен жылы 1965 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптің жалпы өнімі жоспардағы 24,3 проценттің орнына 34 процент, ал жан басына шаққандағы нақты табыс 18 процент өсті.

Өндірісті ғылыми жолмен басқарудың лениндік принциптері — бүкіл социалистік қоғамның дамуын басқарудың негіздерінің негізі. Мұны жақсы білетін империализм идеологтары бұл принциптерге жала жауып бағуда. Прогресшіл адамзат алдында зор беделге ие болған бұл принциптерді жамандаушылардың арасында оңшыл және «солшыл» оппортунистер де бар. Мысалы, Чехословакиядағы оқиғалар кезінде оңшыл ревизионистер социалистік қоғамды басқарудың лениндік қағидаларын түгелдей дерлік жоққа шығаруға тырысып көрді.

Алайда антикоммунизм жалақорларының ешбір өсек-аяны, айла-шарғысы қоғамдық өндірісті ғылыми жолмен басқарудың лениндік қағидаларына күйе жаға алмайды. Бұл орайда Мао Цзэ-дун тобы мен оңшыл ревизионистер босқа арамгер болып жүр. Өйткені өмір олардың антимарксистік концепцияларының күлін көкке ұшыруда.

Жаңа қоғам құрып, оның экономикасы мен өндірісін дамыту шаруашылықты ғылыми негізде жүргізудің, өндірісті ғылыми жолмен басқарудың лениндік принциптерін бұлжытпай орындаудың арқасында жүзеге асатынын коммунистік құрылыстың тәжірибесі көрсетуде. Коммунистік құрылыстың практикасымен байытылған лениндік принциптің мәні мен мазмұнын жан-жақты зерттеп игеру, одан туатын талаптарды сөзсіз орындап отыру — біздің қоғамымыздың ойдағыдай дамуының шыннайы кепілі.

Н. ФЕЛИФОРОВ,

философия ғылымының кандидаты.

ТАБЫС КЕПІЛІ

Соколов ауданы көлемі жағынан шарын. Оның жер көлемі 250 мың гектардай, соның 100 мың гектарына егін егіледі. Ауданның облыс орталығына жақын орналасуы оның әрбір совхозы мен колхозының өндірістік бағытының дұрыс дамуына елеулі ықпал етуде. Соңғы жылдары аудан өмірінде елеулі өзгерістер болды.

Әңгімені астықтан бастау lazым. Бытыр аудан диқандары Отан қоймасына 5 миллион 311 мың пұт маржан астық құйып, жоспарды бір жарым есе асыра орындады. Әрбір гектардан 20 центнерден өнім жиналды. Бұл — облыстары жоғары көрсеткіш.

Мұндай табыстың өз-өзінен келмегені түсінікті. Осыдан бірнеше жыл бұрын осы жерден, сол адамдар гектар сайын 6—7 центнерден ғана өнім алып жүрген-ді. Рас, 1963—1965 жылдары гектарына орта есеппен 8 центнерден айналған кезі бар. Ал соңғы үш жыл ішіндегі өсім тіпті жоғары. Гектар басына 7,5 центнерден түсім қосылды.

Сөйтін, соколовтықтар тың төскейін тіліп өткен Есіл өңірінің қатал табиғат жағдайына қарамастан астықтан тұрақты да мол өнім алуға болатынын іс жүзінде дәлелдеді. Егерде Америка Құрама Штаттары мен Канаданың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі зерттеушілері жылына 400 миллиметр ылғал түспейтін жерге егін егуді қауіпті деп есептейтінін ескерсек, бұл үлкен жетістік. Өйткені Соколовта жылына түсетін ылғал орта есеппен 350 миллиметр болады.

Ауданда астық өндіру бесжылдықтың үш жылында оның алдындағы үш жылмен салыстырғанда 74 процент артып, 21 миллион пұттан асты. Өндірілген астық жан басына шаққанда ауданның әрбір тұрғынына бір тонна 300 килограмнан айналды. Өткен жылдың қоңыр күзінде соколовтықтар мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарының асыра орындалғаны жайында рапорт берді.

— Күте білсе жер жомарт. Қол жеткен жетістіктер аудан еңбеккерлерінің жерді күтіп-баптаудағы шеберліктерін арттырудың қаншалықты тиімді екенін дәлелдейді, — дейді аудандық партия комитетінің бірінші секретары Махтай Рамазанұлы Сағдиев. — Әрбір шаруашылықтың дербес дамуының барлық мүмкіндігін толық ескеруге жағдай жасаған партияның 1965 жылғы март Пленумы шешімдерінің дұрыстығын тәжірибе көрсетіп отыр. Қазір әрбір диқан шаруашылықтың шалқи түсуіне ерекше ынталы, жалпы табысқа жаппай мүдделі.

«Преснов» совхозының бастамасын қуаттай отырып, аудан диқандары егіншілік мәдениетін арттыру жолындағы социалистік жарысқа қосылды. Аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары егіншілік мәдениетін жоғары сатыға көтерген аудан, шаруашылық деген құрметті атақты жеңіп алу жорығына басшылық жасады.

Жарыс шарты күшті. Жеңіс тұғырына көтерілу үшін бес жыл бойы ауыл шаруашылығы дақылдарынан, оның ішінде дәнді дақылдан аудан бойынша 12 центнерден, жекелеген шаруашылықтарда 14 центнерден жоспарлы өнім жинау керек. Мұның үстіне өсімдік шаруашылығының жоспары да орындалуға тиісті. Әсіресе өнімнің өзіндік құны, пайда көрсеткіштеріне баса көңіл бөлініп, ауыспалы егісті игеру, сортты тұқым себу мен топырақты қайырмасыз құралдармен өңдеу, тыңайтқыштарды қолдану, техниканы тиімді пайдалану мәселелері ерекше қадағаланады.

Егіншілік мәдениетін көтеру жолындағы күрес қыза түсуде. Өткен жылы тұңғыш рет аудан совхоздары мен колхоздары астық өндіруде рентабельді болды. Үш жыл ішінде тек астықтан ғана 9 миллион сомнан аса таза пайда түсті.

Соколовтықтардың тәжірибесі астық түсімділігін арттыруда ауыспалы егісті дұрыс қолданудың маңызы елеулі екенін көрсетіп отыр. Ауыспалы егіс — жерді агрономиялық тәртіпте ұстаудың негізі. Қазіргі кезде оны қолдануға барлық жағдай жасалған. Астықты сатып алу жоспарының тұрақтылығы — ауыспалы егісті қолдана отырып, егіс көлемінің құрылымын күн ілгері, бірнеше жыл бұрын белгілеуге мүмкіндік беруде. Бұл программаның бірсыпырасы жүзеге асырылды.

Соңғы жылдары тұқым шаруашылығы жақсартылды. Тұқымның жаңа сорттарына ден қойылуда. Мұның өзі егістің «жасыл өрті» — арамшаптен арылуға көп септігің тигізіп отыр. Бүгінде ауданның барлық егіс көлеміне әлді және қатты бидай тұқымы себіліп жүр. Мемлекетке осындай бидай өткізгені үшін аудан соңғы үш жылда қосымша мыңдаған сомның табысын тапты.

Аудан диқандары бүгінгі шыққан биік белестен ертеңгі күнді бағдарлайды. Соның қамын қарастырады. Олар өздеріне де, өзгеге де қатал талап қояды. Астық түсімділігін арттыруға орай мамандар мен механизаторларға елеулі жұмыстар атқаруға тұра келіп жүр. Кейбір жаңа комбайндар астық бастыру кезінде дәнді көп ысырап етеді.

Сондықтан да оны жергілікті жағдайға қарай икемдеуге қыруар уақыт кетеді. Алтындағы аудандар үшін уақыт өте-өте қымбат.

Тың игерген диқандардың тез пісіп жетілетін бидай тұқымдарына зәру екенін айтпасақ болмайды. Оларға суыққа төзімді, ауруға шалдықпайтын, орғанда дәні төгіліп қалмайтын тұқым қажет-ақ. Бұл — өмір талабы.

Мал шаруашылығы саласында да елеулі жетістіктер бар. Үш жыл ішінде аудан шаруашылықтары мемлекетке жоспардан тыс 18 мың центнер ет, 40 мың центнердей сүт, 8,5 миллион жұмыртқа өткізді. Қоғамдық малдың тұқымы асылдандырылды.

Аудан шаруашылықтарының экономикасы нығайып, олардың финансы жағдайлары жақсарды. Өткен жылы совхоздар 2,5 миллион сом, колхоздар 1,5 миллион сом пайда тапты. Мұның өзі күрделі құрылысқа көп қаржы бөлуге мүмкіндік беруде.

Экономикалық реформаның жүзеге асырылуы аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарына жаңа талап қойып, соны міндеттер жүктеуде. Осыған орай адамдар жүрегіне жол таба білудің, олардың күш-жігерін іске жұмылдырудың маңызы зор. Сондықтан да аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары адамдар арасындағы жұмысқа, әсіресе әркімнің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Бұл мақсат үшін адамдарға саяси және идеялық жағынан ықпал жасаудың барлық құралын: жұмысшылар мен колхозшылардың жиналыстарын, саяси хабарды, тақырыптық кештерді, лекцияларды, көпше сырласу сәттерін орынды пайдаланып келеді.

— Бүгінде, — дейді Сағдиев жолдас, — шаруашылық пен партия қызметкерлерінің экономика мәселелерін жан-жақты, жете білмей отыра алмайтыны сияқты, шаруашылыққа жасалатын партия басшылығының әдістері мен түрлерін батыл жетілдіре бермейінше алға басу мүмкін емес.

«Налобинский» совхозы көпке дейін көш соғында жүрді. Жиналыс сайын осы шаруашылық жаңы сөз болмай қалмайтын-ды. Әртүрлі пікірлер айтылатын. Сөйтсе, түрсе да совхоз артта қалушылар санатынан шығып көрген емес.

Бірде аудандық партия комитетінде «Налобинский» совхозы туралы ашық әңгіме болды. Мәжіліске қатысқандар аудандары ең ірі совхоз экономикасының кенжелеу себептерін талдап, оны көтерудің жолдарын көрсетті. Көп ұсыныстың ішінде біреуі секретарь Сағдиевке ерекше ұнады. Ол — осы совхозды екіге бөлу жөніндегі пікір еді. Аудандық комитеттің тапсыруы бойынша бір топ экономист шаруашылықтардың даму болашағын бардарлап, барлық мүмкіндіктерді есептеп, зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жиналған мәліметтерді екшеп, талдап шыққаннан кейін аудандық партия комитеті облыстық ұйымдар алдына мәселе қойды. Сөйтіп, «Налобинский» совхозы негізінде екі совхоз ұйымдастырылды. Міне содан бері бұл екі шаруашылықтың да даму қарқыны жамаң емес.

Әрине, аумары үлкен шаруашылықты ықшамдап, екіге бөлу табысқа жеткізді деу мүлдем қате болар еді. Мұнда шаруашылықтың әр саласының рентабельді болуы үшін көптеген шаралар жүзеге асырылды. Осы совхозда ауданда бірінші рет мелiorациялық отряд құрылды.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін аудандық комитет «Налобинский» совхозы партия ұйымының коллективті егіншілік мәдениетін көтеру жолындағы күреске қалай жұмылдырып отырғаны жайлы мәселе қарады.

— Партком жұмысының жақсы жақтарын басқаларға үлгі ретінде ұсынуды қарастырып, аудандық комитет пен өндірістік басқарманың бірнеше қызметкерін совхозға жібердік, — дейді Сағдиев. — Олар шаруашылықта бір ай бойы болып, оның жағдайымен егжей-тегжейлі танысты. Істің мән-жайы бюро мүшелеріне әбден түсінікті болды. Совхоз экономикасын жедел дамыту жөнінде ақыл-кеңестер айтылды, астық пен жем-шөптің тұқымын жақсарту қажеттігі атап көрсетілді.

Аудандық комитеттің бұл бағыттағы жұмысы да аяқсыз қалған жоқ. Қазіргі кезде тұқымның ең жақсы сорты осы «Налобинскийде». Осыған орай астықтың түсімділігі де артуда. Өткен жылы совхоз әр гектардан 22 центнерден өнім жинады.

Ауданның мол резервтері мен байлығын түгел пайдалану үшін экономикаға терең үңіліп қана қоймай, оның сала-саласын жетік білу шарт. Осыны ескерген аудандық комитет пен бастауыш партия ұйымдары село экономикасын ғылыми негізде қайта құру ісін батыл қолға алып отыр.

— Адамдарды шаруашылықтың нақты жағдайын дәл білуге, содан дұрыс қорытынды жасауға үйрету, — дейді Махтай Рамазанұлы, — біздің алға қойып отырған бірінші міндетіміз. Сондықтан да әрбір шаруашылықтың басшысы, маманы істің тек технологиялық жағына ғана көңіл бөліп қоймай, экономиканы да жақсы білуі

парыз. Ол әрбір жаңалықтың агротехникалық және экономикалық маңызын баралауы керек. Бізде әрі мол, әрі сапалы да арзан астық, ет және сүт болуы қажет.

Ауданда жүзеге асырылған елеулі жұмыстың бірі — әрбір шаруашылық тәжірибелі экономистермен нығайтылған. Мұнда қорамдық негіздегі аудандық экономикалық советтің жұмысы тәуір жолға қойылған. Оның құрамында партия қызметкерлері, совхоз директорлары, колхоз-председательдері, мамандар бар. Бұған өндірістік басқарманың бастығы Е. Сухов жолдас жетекшілік етеді.

Экономикалық советтің алдына қойған негізгі мақсаты — шаруашылықтарда экономикалық жұмысты методикалық жағынап дұрыс ұйымдастыруға көмектесу. Советтің тоқсан сайын өткізілетін мәжілісінде ауыл шаруашылығы өндірісінің түбірлі мәселелері талқыланады. Білгір экономистер мен бухгалтерлердің тәжірибелері қорытылады. Мысалы, аудан шаруашылықтарын ішкі шаруашылық есепке көшіру ұсынысы осы советте қаралып, бекітілді.

Озат тәжірибені, жаңалық атаулыны өндіріске кеңінен енгізіп отыруға экономикалық талдау бюролары көмектесіп келеді. Ондай бюролар әрбір шаруашылықта бар. Бөлімшелерде экономикалық талдау топтары ұйымдастырылған. Осындай қорамдық жұмысты атқарушылар өндірістің қосымша мүмкіндіктерін ашуда елеулі рөл атқаруда. Олар перспективалық жоспарлар жасауға, еңбекті ұйымдастыруды жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға барынша жәрдемдесіп жүр. Экономикалық талдау бюролары өз жұмыстарына өндіріс озаттарын, мамандарды, басшыларды қатыстырып келеді.

Күллі экономикалық жұмыс жүйесіне аудандық партия комитеті басшылық жасайды. Аудандық партия комитеті әр тоқсан сайын «Совхоздар мен колхоздардың өндірістік-финанс қызметінің экономикалық бюллетенін» шығарып тұрады. Онда тек шаруашылық көлемінде ғана емес, бөлімшелерде өнім өлшеміне жұмсалған еңбек және өнімнің өзіндік құны талдап жазылады. Табыстар баяндалады, кемшіліктер сын тезіне салынады.

Аудандық комитет активті экономикалық жұмысқа тартудың мұнан да басқа түрлерін пайдаланып келеді. Олардың ішінде баланс комиссиялары, экономикалық конференциялар бар. Аудан орталығы Соколовта ауыл шаруашылығы экономикасын ұйымдастыру мектебі жұмыс істейді. Сол секілді аудандық партия комитеті жанында экономикалық-теориялық семинар бар. Орта буын басшылары мен мамандары тұрақты жұмыс істейтін экономикалық мектептерде оқиды. Мектеп тыңдаушыларына нақты экономика мәселелері жете түсіндіріледі.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, ғылым жетістігі мен озат тәжірибені өндіріске енгізу мәселелерімен арнаулы совет айналысады. Советтің 19 мүшесі бар. Онда бірнеше секция құрылған. Совет жоспарлауды жетілдіруде, өндіріс резервтерін пайдалануда шаруашылықтарға нақты жәрдем көрсетуде. Совет экономикалық тақырыпқа бірнеше плакат шығарды.

Аудандық партия комитеті мен өндірістік басқарма қызметкерлерінің өзара кездесіп, аудан шаруашылығы жөнінде пікір алысып отыруы Соколовта дәстүрге айналған.

— Осы игілікті дәстүрдің туу тарихы да қызық, — деп бастады сөзін Махтай Рамазанұлы. — Былтырғы көктемгі егіске техниканың әзірлігін қарауға арналған бір мәжіліс бітуге таянған кезде кенеттен ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы Д. Ф. Скрипай «Виноградовский» совхозында техниканы жөндеуге ешкімнің көңіл бөлмегенін айтты. Сонда оған: «Сіз техникамен емес, өзіңізге тиесілі партия жұмысымен айналысыңыз», — дегендер де болды. Алғашында сыпайы басталған әңгіменің сипаты күрт өзгеріп сала берді. Осы әңгіме нұсқаушының ролі мен орны, өндірістік басқарма мамандарының міндеттері мен праволары жөнінде еркей-тегжейлі пікір алысуға қозғау салды.

Сонғы жылдары нұсқаушы жұмысында елеулі өзгерістер болды. Ол бұрынғыдай тек ақпар жинаушы, тексеруші ретінде жүрмейді. Ендігі жерде олар шаруашылықтың экономикасына шұғыл көңіл бөліп, нақты іске көмектесетін болды. Бұл дұрыс та. Өйткені нұсқаушы — партия аппаратындағы негізгі тұлға. Ол бастауыш партия ұйымдарында жиі болып, олардың жұмыс тәжірибесін көріп-біледі, оны қорытып, зерттейді; ол жергілікті жердің жағдайын жете біледі, адамдарын жақсы таниды. Аудандық партия комитетіне коммунистердің өтініш-тілектерін дер кезінде жеткізіп тұрады.

— Аудандық партия комитеті, — дейді бірінші секретарь, — бұрынғыдай шаруашылық және бастауыш партия ұйымдарының кез келген «майда-шүйде» мәселелеріне араласа бермейді. Қазір аудандық комитет селодағы саяси жұмыстың орталығына айналып, еңбеккерлерді коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыруға, ауыл шаруашылығы өндірісін өркендетуге, мемлекеттік жоспарларды асыра

орындауға жұмылдыруда. Ал осыдан біраз бұрын аудандық партия комитетіндегілердің кіріспейтін ісі болмайтын-ды. Бүгінде өндіріс мәселесіне штат бойынша тиісті адамдар да жауап береді. Мұның өзі, түптеп келгенде, аудандық комитеттің нұсқаушысын анықтама жазып, ақпар жинаудан босатты. Оның бірыңғай партия жұмысымен айналысуына жағдай туды. Ол шын мәнісінде аудандық партия комитетін бастауыш ұйымдармен күнбе-күн байланыстырушы дәнекер болып отыр.

Соколов ауданында өндірістің әртүрлі учаскелерінде жұмыс істейтін мамандардың үнемі ізденіп, творчестволық жағынан өсуге ұмтылатынын байқау қиын емес. Олар өмір талабын жақсы түсінеді. Сондықтан да олар тек өндіріс технологы дәрежесінде тұрып қалмай, әрі экономист, әрі ұйымдастырушы, әрі тәрбиеші болуға тырысады.

Аудандық комитеттің жұмыс әдісі мен стиліндегі өзгерістер ылғи өткізіліп тұратын кеңестер мен актив жиналыстарының сипатынан да айқын көрінуде. Олар енді даурықпасыз, жалпылама баяндамасыз, байсалды сарында, іскерлікпен өтетін болды. Пленумдар мен бюро мәжілістерінде қаралатын мәселелерді әзірлеуге аудандық партия комитетінің мүшелері, ауыл шаруашылығының мамандары, активтер белсене қатысады. Аудандық комитет коммунистерге өздері бұрын қабылдаған шешімдерінің орындалу барысын үзбей хабарлап тұрады. 1 080 коммунисті қамтитын бастауыш партия ұйымдарының жетекшілік ролі мен жауапкершілігін арттыруға үнемі қамқорлық жасати келеді.

— Біз, — дейді секретарь Сағдиев, — бастауыш партия ұйымдары қабылдаған қаулыларды үнемі зер сала, талдап отырамыз. Мұның өзі партия жиналыстары мен партком мәжілістерінде қаралған мәселелерді, сол жердегі істің жайын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, аудандық партия комитеті шаруашылық жұмысына жасалатын басшылық әдістері мен түрлерін тынбай жетілдіре беру мақсатын көздеп отыр.

Ю. ЛИХАЧЕВ.

Солтүстік Қазақстан облысы.

СОВХОЗ АСТЫҒЫНЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІІІ съезі ауыл шаруашылығын бұдан былай да жедел қарқынмен дамыта отырып, астықтың өзіндік құнын кеміте беру жайына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселеге партия Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және 1968 жылғы октябрь Пленумдарында тағы да үлкен мән берілді. Бұл түсінікті де. Өйткені егіншілік мәдениетін барған сайын арттыра отырып, еңбекті аз жұмсап, арзан астық өндіру — бүгінгі таңда алға қойылып отырған басты міндеттердің бірі.

Өзіндік құн — социалистік кәсіпорындардың негізгі сапа көрсеткіштерінің бірі. Өзіндік құнда кәсіпорынның финанс-шаруашылық қызметінің қорытындысы, техниканы пайдалану, технологияны жетілдіру, өндірісті дұрыс ұйымдастыру, тірі еңбек пен затқа айналған еңбек шығынын кеміту нәтижесі сараланып, оның сапасы анықталады. Өзіндік құн өндірілген өнімнің және оны сатудың кәсіпорынға қаншаға түсетінін дәл көрсетеді. Кәсіпорындар өнімді сатудан алынатын ақша есебінен өзіндік құнның құрамына енетін өндірісте тұтынылған элементтердің орнын толтырады. Басқаша айтқанда, өзіндік құнды кеміту — қоғамдық еңбек өнімділігін арттырудың объективтік бейнесі.

Мемлекеттік өнеркәсіп орындары секілді біздің совхоздарымыз да өз қызметін шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырады. Шаруашылық есеп — жұмсалған қаржы мен өндірістік қызметтің нәтижесін ақшалай дұрыс белгілеуді, совхоздардың өз шығынын пайда есебінен толтырып отыруын, жұмысты рентабельді істеуін талап ететін құн заңының әрекет етуіне негізделген.

Астықтың өзіндік құнын кемітуде совхоздарға жүктелетін міндет аса зор. Совхоздардың рентабельділігі алынған пайданың мөлшерімен есептеледі. Былайша айтқанда, совхоздар жоспар көрсеткіштерін түгел орындау арқылы пайданы неғұрлым көп тапса, оның рентабельділігі соғұрлым жоғары болады. Пайда мөлшері мен рентабельділік өндірістік жоспарды сан жағынан да, сапа жағынан да орындауға, өндірілетін өнімнің бағасы мен өзіндік құнына тікелей байланысты. Пайданың совхоз жұмысының экономикалық тиімділігін сипаттаудағы маңызы елеулі. Табыстың есебін білмейінше, совхоздың шаруашылықты қай дәрежеде жүргізіп отырғанын және оның жалпы халықтық қорға қандай үлес қосатынын анықтау мүмкін емес.

Осыған орай соңғы жылдары ауыл шаруашылығындағы өзіндік құн мен рентабельділік мәселесіне ерекше назар аударылып отырғанына таңдануға болмайды. Бірақ, өкінішке қарай, біздің республикамыздың солтүстік облыстарындағы көптеген совхоздарда астық шаруашылығы экономикасын көтерудің мол мүмкіндігі күні бүгінге дейін жеткіліксіз пайдаланылып келеді. Осы совхоздардағы астықты өндіруге жұмсалған қаржы жыл сайын азаюдың орнына көбейіп барады. Мысалы, осы солтүстік облыстардағы совхоздарда 1953 жылы өндірілген әрбір центнер астықтың өзіндік құны 2 сом 88 тиын болған болса, 1965 жылы 17 сомға дейін көтерілді. Соның салдарынан 1958—1965 жылдар ішінде солтүстік облыстардағы совхоздар астық сатудан ғана 470,3 миллион сом зиян шекті.

КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумы жоспарлау, баға белгілеу, қаржы бөлу саласындағы субъективизмге тыйым салғаны мәлім. Пленум белгілеген шаралар совхоздардың жұмысты рента-

бельді істеуіне қолайлы жағдай жасады. Ауыл шаруашылығын шапшаң қарқынмен дамытуда март (1965 ж.) Пленумы шешімдерінің тигізген шарапатты әсері октябрь (1968 ж.) Пленумында да атап көрсетілді.

Рентабельділік — совхоздың күллі өндірістік-финанс қызметінің қорытындысын көрсететін негізгі экономикалық көрсеткіш. Сондықтан да оның шаруашылық есепті жүзеге асыруға, өзіндік құнды кемітуге, баға саясаты мәселесіне тікелей әсері бар. Рентабельділік жоспарлау практикасын бір жүйеге келтіруде де үлкен роль атқарады. Өйткені өнім өндіруге жұмсалатын шығын ғылыми негізде дұрыс жоспарланса ғана мүмкіндікті ашуға, өзіндік құнды кеміту жолын іздестіруге, өнім өлшемінің өзіндік құндағы барлық өндіріс шығындарын дәл бейнелеуге жағдай жасалады. Ол үшін жұмсалатын қаржыны тиімді нормативтер бойынша негіздеп, әрбір дақылға бүкіл жыл бойына жұмсалатын шығынды дәл ескеріп, жыл қорытындысында өнімнің өзіндік құнын есептегенде оның түрлі элементтері тиісті статьяларға дұрыс бөлінетіндей етіп жоспарлау қажет.

Алайда солтүстік облыстардағы совхоздарда жоспарлау мен өзіндік құнды есептеу практикасы, жұмсалған шығынды анықтау жайы бұл талаптарға сай емес екенін айта кеткен орынды. Республиканың солтүстік совхоздарындағы өзіндік құн мен рентабельділікті жоспарлаудың қазір қолданылып жүрген жүйесі едәуір жетілдіруді керек етеді. Бұл совхоздардағы пайданың жоспарлы мөлшері өнімнің жоспарлы өзіндік құны мен өнімді тапсыру бағасы арасындағы айырма ретінде ғана анықталады. Рентабельділік нормасы әрбір совхоздың қол жеткен дәрежесіне қарай белгілене салады. Мұндай практиканың мүлде жарамсыз екені айқын. Мысалы, совхоз өткен жылдарда жұмысты неғұрлым нашар істесе, өнімнің өзіндік құны соғұрлым жоғары белгіленеді де, пайданың мөлшері соғұрлым төмен болады. Ал өнім өндіруге қаржыны аз жұмсаған совхоздарға керісінше өнімнің өзіндік құны бұрынғыдан да бетер кем жоспарланады.

Соның салдарынан ауа райы, экономикалық жағдайы бірдей қатар орналасқан совхоздарда өзіндік құн мен пайданың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Өзіндік құнды жоспарлаудың қазір қолданылып жүрген практикасы іс жүзінде экономикасы әлсіз совхоздардың жұмысын «занды түрде» қуаттап, ал едәуір табысқа қолы жеткен совхоздардың жоспардан тыс қор жинауына кедергі болып отыр.

Біздің ойымызша, мұндай жарамсыз практикадан құтылу үшін қаржы жұмсаудың бірыңғай нормативін белгілеу қажет. Оның негізіне озат шаруашылықтардың көрсеткіштерін алған жөн. Ондай нормаларды Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен нормалау пункттерінің аудандық қызметкерлерін қатыстыра отырып саралаған дұрыс.

Солтүстік облыстардағы совхоздарда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын жоспарлаудағы тағы бір кемшілік — өнімнің өзіндік құны мен оның жеке элементтері экономикалық жағынан жете дәлелденбейді. Өнімнің өзіндік құнын белгілемес бұрын оны арзандатудың факторларына талдау жасалмайды, шаруашылықтардың өткен жылдарда қол жеткен табыстары ескерілмейді. Мысалы, Целиноград облысындағы «Атбасар» совхозында бір центнер астықтың нақты өзіндік құны 1958 жылы 1 сом 99 тиын, 1959 жылы 1 сом 94 тиын, 1960 жылы 1 сом 96 тиын, 1964 жылы 2 сом 75 тиын болды, ал 1966 жылы 4 сом 30 тиын болып белгіленді. Мұның өзі 1960 — 1964 жылдардағы жоспарлы өзіндік құннан 2 сом 45 тиын қымбатқа түсті деген сөз. Оның себебі өзіндік құнды белгілеген кезде шаруашылықтың астық өндіру жөніндегі мол мүмкіндігі түгел ескерілмегендіктен болып отыр.

Өнімнің өзіндік құнын арзандату мен өндірістің рентабельділігін арттыру жолындағы күрес өнімнің әр түрін өндіруге жұмсалған шығынды дәл есептеуді қажет етеді. Алайда солтүстіктегі совхоздарда бұл қа-

ғида толық ескерілмей келеді. Мұнда өзіндік құн әрбір жеке дақыл бойынша емес, бидай, арпа, сұлы, қара бидай, тары секілді бес дақылдың жалпы бір центнер өніміне орта есеппен белгіленеді. Ал іс жүзінде әр дақылдың өзіндік құны дәнді дақылдар тобының өзіндік құнынан ылғи ауытқып отырады.

Мәселен, соңғы жеті жыл ішінде Қөкшетау облысындағы «Жаркөл» совхозындағы дәнді дақылдар тобы өнімінің өзіндік құны орта есеппен 5 сом 48 тиыннан айналғанда, бір центнер бидайдың өзіндік құны 5 сом 38 тиын, бір центнер арпаның өзіндік құны 4 сом 28 тиын, бір центнер сұлының өзіндік құны 3 сом 31 тиын, бір центнер тарының өзіндік құны 10 сом 59 тиын болды. Совхозда осы уақыт ішінде жалпы дәнді дақылдар тобының бір гектар егістігіне 36 сом 70 тиын жұмсалып, әр гектардан орта есеппен 7,3 центнерден өнім алынған. Біз бұл көрсеткішке зер сала қарағанымызда әрбір дақыл бойынша мынадай нәтижеге қол жеткені анықталды: бір гектар бидай егісіне 41 сом 99 тиын жұмсалып, одан 7,8 центнер өнім алынды, ал арпаның бір гектарына жұмсалған шығын 38 сом 10 тиын, өнімі 8,9 центнер, сұлының гектарына жұмсалғаны 33 сом 41 тиын, өнімі 10,1 центнер, тарының шығыны 29 сом 64 тиын, өнімі 2,8 центнер болды.

Совхоздардағы шаруашылық жылының қорытындысын шығару, өндірістің рентабельділігін дұрыс анықтау көбіне өзіндік құнды калькуляциялау әдісіне байланысты. Бірақ мұнда да шалағайлық көп. Мысалы, совхоздардың мемлекетке өткізетін астығы кондицияға жеткізілмегендіктен оны қабылдау пункттері қосымша өндеуден өткізіп, кептіреді. Қабылдау пункттері оған жұмсалған қаржыны есеп айырысқан кезде совхоздардан ұстап қалады. Ал мұның өзі астықтың сату бағасын көреркөзге төмендетеді. Сөйте тұрса да совхоздар дәнді дақыл өндіруге жұмсалатын шығынды калькуляциялаған кезде қабылдау пункттерінің астықты тазалауға және кептіруге ұстаған шығынын астықтың өзіндік құнына қоспайды. Сол себептен мұндай калькуляция өзіндік құнның толық көрсеткіші бола алмайды.

Астық өндіру үшін жұмсалған шығынды калькуляциялаудың қазір қолданылып жүрген жүйесі қағаз жүзінде өзіндік құнды арзандатып, өндірістің жоспарлы рентабельділігін асыра көрсетуге жағдай жасауда. Мұның өзі сайып келгенде совхоздарды астық өндіруде көп зиян шегуге әкеліп соқтырды. Ол ол ма, совхоздар шаруашылық жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті қаржыны мемлекеттен кем алады. Өйткені совхоздардың бюджеттен алатын қаржысы мен банктен алатын кредитінің көлемі өндірістің жоспарлы шығыны мен пайдасының мөлшері арқылы анықталады. Мұның өзі екінші бірінде финанс қиыншылықтарын туғызады.

Біздіңше, қабылдау пункттерінің астықты қосымша өндеуге ұстаған ақшасын совхоздар астықтың өзіндік құнына қосуы керек. Бұл біріншіден, шаруашылық жылының қорытындысын дәл анықтауға көмектессе, екіншіден, астық өндіру рентабельділігінің жоспарын дұрыс белгілеуге мүмкіндік береді.

Жүйелі есеп-кисаптың ауыл шаруашылық өнімінің өзіндік құны мен рентабельділігін дұрыс жоспарлау үшін теориялық та, практикалық та маңызы зор. Сөйте тұрса да солтүстіктегі совхоздарда ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен сату ісін есепке алу бүгінгі талапқа сай емес. Совхоздардың көпшілігінде бухгалтерлік есеп тәртібі қатаң сақталмайды. Астықтың өзіндік құнын калькуляциялағанда бухгалтерлер өрескел қате жібереді. Кейбір жерде совхоз бухгалтерлері жұмсалған шығынды бір дақылдан екінші дақылға әдейі ауыстырып, өзіндік құнға өз бетімен «түзетулер» енгізеді, яғни биыл жұмсалған шығынның бір бөлігі келесі жылы жұмсалатын шығынға, күнбе-күнгі жөндеуге жұмсалған қаржы

күрделі жөндеуге жұмсалмақ шығынға жатқызылады. Содан барып астық өндірудің өзіндік құны мен рентабельділігі бұзылады.

Мысалы, өткен жылдарда Солтүстік Қазақстан облысындағы «Смирновский» совхозының жылдық есебінде әр центнер астықтың өзіндік құны 18 тиын, «Петропавл» және Ленин атындағы совхоздарда 21 тиын, «Қостанай» совхозында 23 тиын кем жазылған. Бұл қаржылар аяқталмаған өндіріске бөлінген шығындарға қосылған. 1961—1964 жылдар ішінде астықтың өзіндік құны «Смирновский» совхозында 26 606 сом, «Петропавл» совхозында 47 808 сом, Ленин атындағы совхозда 40 966 сом, «Қостанай» совхозында 74 825 сом кем көрсетілген.

Мұндай жарамсыз практика совхоздарда жиі кездесіп жүр. Сондықтан да республиканың Финанс министрлігі мен ауыл шаруашылық органдары бухгалтерия қызметкерлерінің өзіндік құнды есептеу мен калькуляциялау жөніндегі жауапкершілігін арттыруға, финанс-шаруашылық қорытындыларының дұрыс жасалуына бақылауды күшейтуге міндетті.

Шаруашылықтарда қазір қолданылып жүрген ережеге сәйкес есеп калькуляциясын жасағанда дәнді дақылдарды өндіруге жұмсалған үстеме шығын негізгі жалақыға сәйкес бөлінеді. Ал нақты жалақының өзі ауыл шаруашылық жұмыстарының көлеміне қарай жоспарлы мөлшерден ауытқып отырады. Осыған байланысты үстеме шығынның бір бөлігі өзінен өзі бір дақылдан екінші дақылға барып қосылады. Соның нәтижесінде бір дақылдың өзіндік құны орынсыз өседі де, екінші дақылдыкі кемиді. Мысал келтірейік. «Петропавл» совхозында бір жыл ішінде дәнді дақылды өндіруге жұмсалған үстеме шығынның нақты сомасы жоспардағыдан 15,7 мың сом артық болды. Мұның себебі, совхозда сүрлем үшін егілген картоп пен жүгеріні баптауға бірқатар агротехникалық шаралар қолданылмай қалды. Соның салдарынан картопты өндіруге жұмсалған үстеме шығынның үлесі 15,8 мың сомнан 8,6 мың сомға дейін, сүрлем даярлау үшін жұмсалған үстеме шығынның үлесі 41,1 мың сомнан 22,8 мың сомға дейін кеміді, ал дәнді дақылдар жөніндегі үстеме шығынның үлесі 34,9 мың сомнан 50,5 мың сомға жетті, сөйтіп астықтың өзіндік құны қымбаттады.

Бұдан тиісті қорытынды жасау керек. Біздіңше, астық өндірудің рентабельділігін неғұрлым дұрыс анықтау үшін өсімдік шаруашылығына жұмсалатын үстеме шығынды негізгі жалақыға бөлмей, нақты өндірістік шығын сомасына сәйкес бөлген тиімді болады.

Еліміздің ғалым экономистері астықтың өзіндік құны мен оның рентабельділігін анықтау әдісін жетілдіре түсуге ерекше көңіл аударып келеді. Өйткені совхоз экономикасын өрлетуде бұл көрсеткіштердің атқаратын маңызы елеулі. Астықтың өзіндік құны мен оның рентабельділігін анықтауды жетілдіру жөніндегі біздің ұсыныстарымыз, әрине, қазір қолданылып жүрген практикалық тәжірибені жоққа шығармайды, қайта жыл аяғында совхоздың күллі шаруашылық жұмысына экономикалық баға беруде, ол бағаның нақты да дәл болуына жәрдемдеседі.

Астықтың өзіндік құны мен оның рентабельділігін анықтауды жетілдіре түсуге бағытталған шаралар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі мол мүмкіндіктерді ашып, тың игерген совхоздардың шаруашылық қызметін жақсартуға, сөйтіп олардың экономикасын көтере түсуге көмектеседі.

Б. ҚАЙЫМОВ,
экономика ғылымының кандидаты.

МЕШЕУЛІКТЕН АСҚАР ШЫҢҒА

Ұлы Октябрге дейін бұратана ұлттық топтар атанып, патшалық Россияның мешеу шеткері аймақтарындағы экономикалық және әлеуметтік езгінің қаратүегіне шырмалған казак, түрікмен, қырғыз сияқты халықтар өз алдына отау тігіп, қазір іргелі советтік социалистік республикаларға айналды. Социалистік негізде қайта құрылып, қарыштап алға басқан экономикасы бар, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлдене жайнай түскен бұл республикалар бүгін еліміздегі коммунизм орнату жолындағы күреске лайықты үлес қосып келеді. Бұған социалистік революция жөніндегі лениндік ілімді жүзеге асыру нәтижесінде қол жетті. Бір кезде мешеу қалған аймақтар капитализмге соқпастан социализмге тікелей өтті.

Бұрынғы көшпелі және жартылай көшпелі халықтарды отырықшыландыру үшін, олардың экономикасын социалистік негізде қайта құру үшін аса маңызды әлеуметтік, экономикалық шараларды жүзеге асыру қажет болды. Қазіргі советтік шығыс республикалары Октябрь социалистік революциясына дейін патшалық Россияның мешеу қалған отарлары болатын. Орта Азия мен Қазақстанда капиталистік өндіріс орын тепкен жоқты. Оның есесіне бұл өңірде патриархтық-феодалдық қатынастар бәз-баяғы қалпында қала берді. Патша өкіметі отар халықтарды қараңғылықта ұстауға ұмталып, оқу-ағарту жұмысын мүлдем жүргізбеді, мәдениет ошақтарын әдейі салғызбады. Шығыс еңбекшілері патша өкіметі мен жергілікті бай-шонжарлардың тарапынан екі жақты қысым көріп, адам тәзгісіз езгіге душар болды.

Олардың осы құлдықтан, отаршылдықтың қорлығынан құлан-таза кұтылып, азаттық, теңдік алуына, бақытты тұрмыс орнатуына Ұлы Октябрь революциясы жол ашып берді. Ал большевиктер партиясы бастаған орыс жұмысшы табы, Россия пролетариаты казак, қырғыз, түрікмен, өзбек және тәжік халықтарына елді ақгвардияшыл бандалар мен ұлтшыл қаскүнемдерден азат етіп Совет өкіметін орнатуға көмек көрсетті. Содан кейінгі дәуірде Коммунистік партия советтік шығыста социализм орнату міндетін жүзеге асыруға кірісті. Бұл революциялық істе партия лениндік ілімге сүйенді. Атап айтқанда, «артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады...» деген лениндік қағидағы басшылыққа алды (Шығармалар, 31-том, 243-244-беттер).

Дегенмен бұл аса күрделі міндет еді. Өйткені осы ұлан-ғайыр аймақта машиналы техникаға негізделген өнеркәсіп мүлдем дерлік жоқ еді, ауыл шаруашылығы да күн көріс дәрежесіндегі мешеу өндіріс болатынды. Бұл өңірдің байырғы халқы көбінесе көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданды. Мысалға Қазақстанды алуға болады. Сол кездегі Ақмола облысы тұрғындарының 40 проценті, Семей облысы халқының 73 проценті, Торғай өңірі жұртының 63 проценті, Орал мен Жетісу облыстары халқының 62—72 проценті жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп-қонып жүріп мал бақты. Егішшілік мүлдем мардымсыз болды.

Жері бай болса да халқы кедей осы өңірде алдымен социалистік өндірістің ұрығын сеуіп, индустрия негізін қалау, ауыл шаруашылығын іргелі өндіріске айналдыру қажет еді. Сондықтан жергілікті халықты қоныстандырып, оларды өнеркәсіп орындарының маңына шоғырландыру, социалистік ауыл шаруашылығын жүргізуге бейімдеу басты міндеттің бірі ретінде жедел қолға алынды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Орта Азия мен Қазақстанның көшпелі халықтарын отырықшыландыру саясатын айрықша байсалдылықпен жүргізді. Олардың салт-санасы мен қалыптасқан әдет-ғұрпы, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастары мықтап ескеріліп отырды. Отырықшылыққа бастаған және оны жүзеге асыруда шешуші роль атқарған басты шараның бірі — бүкіл елдің, шет аймақтардың экономикасын индустрияландыру жөніндегі партия программасы еді. Елімізді социалистік негізде индустрияландыру бұрынғы мешеу халықтарды социализм құрылысына кеңінен қатыстыруға мүмкіндік жасады. Өнеркәсіпті, әсіресе ауыл индустрияны неғұрлым тез өркендету елімізде социализм орнатудың аса қажетті шарғы болды.

Партия мен үкімет ұлт аймақтарында өнеркәсіптің шешуші салаларын өте-мөте жедел өркендетуге үнемі қамқорлық жасап отырды.

Қазақстан мен Қырғызстанды, Түрікмен республикасын индустрияландыруға РСФСР, Украина, Белоруссия, Әзербайжан және еліміздің басқа да өнеркәсіпті аймақтары елеулі көмек көрсетті. Осының нәтижесінде ұлт аймақтарында ірі өнеркәсіп орындары пайда болды. Бұл аудандардың еңбекшілері, партия және совет ұйымдары ішкі мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана отырып, туысқан халықтардың көмегіне және партиямыздың индустрия ошақтарын салу жөніндегі қамқорлығына сүйеніп, алғашқы бесжылдықтар жоспарын толық жүзеге асырды.

Осындай туыскандық көмектің арқасында республикамызда алғашқы бесжылдықтардың алыбы — Қарағанды көмір бассейні, Балқаш мыс қорыту комбинаты, Шымкент қорғасын заводы, Ақтөбенің химия, Семейдің ет комбинаттары салынды. Кенді Алтайдағы рудниктер іске қосылды. Турксиб темір жолының құрылысы қысқа мерзімде аяқталып, пайдалануға берілді. Онан кейінгі жылдарда Қазақстанда әлдеқашан индустрия алыптары, қуатты су электр станциялары салынғаны баршаға аян.

Республикамызды индустрияландыруға байланысты жұмысшы табы өсіп жетілді, инженер-техник қызметкерлер қалыптасты. 1917 жылы Қазақстандағы шағын мастерскойларда небәрі 14 қазақ жұмыс істеді, 1932—1937 жылдардың аралығында республикамыздың жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындары халық шаруашылығына 13 мың маман даярлап берді, олардың тең жартысы қазақ болатын. Іргелес туысқан Қырғыз, Түрікмен республикалары да келелі табыстарға ие болды.

Сөйтіп, экономикасы мен мәдениеті мешеу қалған ұлт аймақтарындағы көшпелі, жартылай көшпелі халықтарды отырықшылыққа айналдырудың бір саясаты осылайша іске асырылды. Мұның өзі бұрынғы патриархтық, жартылай феодалдық құрылыс шырмауында тоқыран қалған аймақтарда социализм орнату жолындағы күрестің тамаша жеңісі болды.

Коммунистік партия ұлт аймақтарындағы халықты отырықшыландырудың екінші саласын да қатар жүргізіп, зор табысқа жетті. Бұл ауыл шаруашылығын кооперативтендіру, оны мәдениетті негізге көшіру міндеттеріне орай істелген жұмыстар болатын. Алдымен, кезінде патша өкіметінің сатраптары мен бай-манаптары басып алған шұрайлы жерлерді халыққа қайтару, егіндік, шабындық жерлерді шаруаларға бөліп беріп, құлақтар мен бай-манаптардың мал-мүліктерін конфискациялау қажет болды. Бұл шараларды жүзеге асыру — қазақ және қырғыз сияқты көшпелі халықтардың отырықшылануын тездетумен бірге коллективтендіру программасын іске асыруға үлкен септігін тигізді. Ал коллективтендірудің лениндік жоспары ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құруға даңғыл жол ашты. Бұл жоспар пролетариат диктатурасы жағдайында бұрынғы бығыраңқы шаруалардың негізгі көпшілігін социалистік құрылыстың кең арнасына түсірді. Пролетариат диктатурасы тұсында жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайта отырып, кооперацияның көмегімен деревняда социалистік қоғам орнату үшін қажетті жағдайдың бәрі бар, деп көрсетті В. И. Ленин. Лениндік кооператив жоспарын бұлжытпай жүзеге асырудың нәтижесінде елімізде колхоз құрылысы толық жеңіске жетті.

Кооператив жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде ауыл-селода социалистік өндірістік қатынастар қалыптасып, шаруалардың сана-сезімі өсті. Колхозшы шаруалар ұсақ меншікшілдік көзқарастан, дарашылдықтан, ескі дағдылар мен әдеттерден арылып, олардың еңбекке көзқарасы өзгерді, коллектившілдік мінез-құлқы, социалистік сана-сезімі қалыптасты, творчестволық белсенділігі артты. Колхозшылар үшін еңбек абырой әперетін, даңққа бөлейтін, молшылыққа, игілікке бастайтын іске айналды.

Партияның кооперациялау саясатының нәтижесі туралы әңгіме қозғағанда әсіресе мал шаруашылығының өркендеу жайын атап айту қажет сияқты. Өйткені көшпелі елдің негізгі кәсібінің бірі осы мал өсіру болды ғой. Дәл қазір қазақ, қырғыз, түрікмен жеріндегі мал шаруашылығы озық ғылымға, озат техникаға негізделген іргелі де мәдениетті өндіріске айналды. Мал тұқымын асылдандырып, оның өнімділігін арттыру мәселесі ойдағыдай шешілуде. Бұл саладағы еңбек процестерін механикаландыруға ерекше назар аударылып отыр. Шабындықты, мал жайылымдарын суландырудың нәтижесінде, көп жылдық шөп егістігін қалпына келтіру арқасында мал шаруашылығының берік жемшөп базасын жасау мәселесі де шешімін табуда. Еңбегі қадірлі малшының тұрмысы да аukatты, мәдениетті.

Осы тұста мына бір фактіні айтпай болмайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылық федерациясының сұрауы бойынша 1964 жылы Алматыда алыстағы мал жайылым учаскелерін игеру жөнінде халықаралық семинар өткізілді. Бұған Азия мен Африка құрлығын мекендейтін елдердің өкілдері қатысты. Солардың бірі, иран ғалымы Қаземи Мир Мехти Беруг Қазақстан мен Қырғызстанның қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарын үлкен жеңіс деп атап көрсетті.

В. И. Ленин шығыс республикаларында социализм құрылысының өзекті бір мәселесіне — мәдениет революциясына ерекше көңіл бөлді. Мәдени революцияны жүзеге асырмайынша социализм жеңістерін жеделдету және дәйекті ету мүмкін емес-ті. Бұл программаны жүзеге асыруда халықтың отырықшылық жағдайы елеулі роль атқарды. Партия ұлт аймақтарының экономикалық мешеулігін жойып, социалистік өндірістік қарым-қатынастарды қалыптастырумен бірге экономиканың даму дәрежесіне орай түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өсуіне де үлкен күш жұмсап, бұл салада

түбегейлі өзгеріс жасады. Ұлт кадрларының, интеллигенцияның көбейе түсуіне мүмкіндік туды.

Осы сан салалы шараларды жүзеге асыру арқасында бұл елдердің капиталистік дамуға соқпай-ақ социализмге бірден өтуіне жағдай жасалды, мәдениеттің қарыштап дамуына кең жол ашылды. Республикамызда мектептер мен мәдени-ағарту мекемелерінің кең жүйесі құрылды. Жалпыға бірдей жеті жылдық білім беру ісі жүзеге асырылып, енді жаппай он жылдық білім беруді іске асыру қолға алынды. Қазір Қазақстанда жастарға сапалы мамандық білім беретін 179 орта және 44 жоғары оқу орны бар. Әрбір мың адамға біздің республикада 130 студенттен келеді, ал Финляндияда — 61, Германияда — 45, Англияда — 53 студенттен ғана келеді. Республикамызда Ғылым академиясының жұмыс істей бастағанына да көп бола қойған жоқ. Академияның ғылыми-зерттеу институттарында 21 900 ғылыми қызметкер жұмыс істейді. Олардың қатарында 250 ғылым докторы, 3 мыңнан аса ғылым кандидаты бар. Ал Қырғызстанның мәдениет саласында қол жеткен табыстары да айтарлықтай. Қазір мұнда әрбір 10 адамның бірі орта немесе жоғары білімді мамандар. Қырғыз ССР Ғылым академиясында мыңнан астам ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істейді. Түрікмен республикасы жөнінде де осыны айтуға болады.

Сөйтіп, бұрын артта қалған советтік шығыс халықтары капитализмге соқпай, осылай бірден социализмге өтті. Қазір бұл республикалар индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған іргелі ел болды. Мәдениеті бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде гүлдене түсті.

Осы ұлы өзгерістердің нәтижесінде шет елдермен кең көлемде экономикалық және мәдени байланыс жасауға мүмкіндік туып отыр. Бір кезде В. И. Ленин шетелмен достық байланыстың мәніне тоқтала келіп: «біз монғолдармен, персияндармен, үндістандықтармен, египеттіктермен жақындасып, қосылу үшін бар күшімізді саламыз, мұны істеуді біз өзіміздің борышымыз, өзіміздің мүддеміз деп білеміз, өйткені бұлай болмаған күнде Еуропада социализм берік болмайды. Біз осы бізден-гөрі мешеу қалған, езілген халықтарға, поляк социал-демократтары тауып айтқанындай, «адал ниетпен мәдени көмек» көрсетуге тырысамыз, яғни олардың машиналарды қолдануына, еңбекті жеңілдетуіне, демократияға, социализмге көшуіне көмектесуге тырысамыз» (Шығармалар, 23-том, 62-бет) деп жазған болатын. Көсемнің бұл өсиеті орындалып отыр. Қазір Қазақстан, Қырғызстан және Түрікмен республикалары шығарған өнімдер көптеген шет мемлекеттерге жіберіледі. Біріккен араб республикасы, Алжир халықтық-демократиялық республикасы, Сирия, Мали және Гвинея мемлекеттері бізден көптеген өнеркәсіп өнімдерін алады. Ал Қазақстанның өзі дүние жүзінің елуден астам елдерімен сауда қатынастарын жүргізеді. Олар республика кәсіпорындарының өнімдерін жоғары бағалап, құшақ жая қарсы алады.

Қорыта келгенде, советтік шығыс халықтарының экономика мен мәдениет саласындағы теңдесі жоқ табыстары — Ұлы Октябрьдің жемісі. Бір кездегі бұратана ұлттардың қоғамдық прогресс жолындағы осындай таңғажайып табыстары социалистік құрылыстың капиталистік құрылыстан әлдеқайда артықшылығын бүкіл әлемге әйгілеп, езілген шығыс халықтарының назарын өзіне аударуда.

Ә. ЗҰЛХАРНАЕВ,
Ж. БОДАНОВ.

Қазақстанда жер-су мәселелерінің шешілуі

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін Қазақстанда ауыл мен деревняны өркендету жөнінде нақты шаралар жүзеге асырыла бастады. Ең алдымен жер-су қатынастарын реттеу ісі қолға алынды. Өйткені негізгі өндіргіш күші шаруалар бола тұрса да, патшалық Россияда жер-су мәселесі ешуақытта дұрыс шешіліп көрген емес-ті. Совет өкіметі орнаған алғашқы күндерден бастап-ақ Коммунистік партия аграрлық мәселеге өте қатты көңіл бөліп, жер-су қатынастарын шұғыл реттеу қажеттігін атап көрсетті. В. И. Ленин ұйымдастырған Коммунистік партияның басшылығы арқасында біздің елімізде аграрлық мәселе ойдағыдай шешілді де.

Совет мемлекеті алғашқы күннен бастап-ақ халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруға, еңбекші шаруалардың әл-ауқатын жақсартуға кірісті. Жерге жеке меншік жойылып, ол мемлекет меншігіне, бүкіл халық меншігіне айналды. Совет өкіметі помещиктерден 150 миллион гектар, кулактардан 80 миллион гектардан аса жерді тартып алып, ол жерлерді шаруаларға тегін пайдалануға берді. Жерді бөлу және пайдалану жөніндегі Совет өкіметінің шешімдері шаруалардың жер пайдаланудағы правосыздығын жойып, оларды өз еңбегінің, өзі терін төккен жердің қожасы етті, ал мұның өзі ауыл шаруашылығын өркендетуге берік негіз қалады.

Дегенмен Қазақстан сияқты көшпелі, жартылай көшпелі, сонымен қатар отырықшы халқы бар үлкен аймақта жер мәселесін дұрыс шешу сол кездегі басты, әрі күрделі міндеттің бірі еді. Ал оны орындау үшін алдымен ұйымдастыру жұмыстары қажет болды. Сондықтан партия және совет ұйымдары Қазақстанда жер-су реформасын бастар алдында оған үлкен даярлық жұмыстарын жүргізді. Шындығында мұндай маңызды мәселені шешуге тек директивалық нұсқаулар жеткіліксіз еді. Жер-жерге барып, шаруалармен әңгімелесіп, олардың мұн-мұқтажын жетік білумен бірге Совет үкіметінің аграрлық саясатын түсіндіру қажет болды.

Октябрь революциясына дейін Қазақстан халқының дені, яғни 90,3 проценті ауыл-селоны мекендеді. Ол кезде ауыл шаруашылығымен тек село халқы ғана емес, қала тұрғындарының да едәуір бөлігі айналысатын. Көшпелі, жартылай көшпелі казак ауылдарының бәрінде феодалдық және жартылай феодалдық қатынастар басым болды, ал негізгі отырықшы аудандарда феодалдық қатынастар дамып келе жатқан капиталистік қатынастармен ұштасып, астасып жатты. Ауылда феодалдар мен байлар, алыпсатарлар үстемдік етті. Оның үстіне самодержавиедің казак жерінде жүргізген отаршылдық саясатының зардаптары социалистік құрылысты, жер реформасын жүзеге асыруға кедергі болып отырды. Патша өкіметінің шеткері аймақтардағы, оның ішінде Қазақстандағы саясатының негізі қоныс аударып келген орыс шаруаларын жергілікті халықтарға қарсы қою болатын. Патша өкіметі байырғы тұрғын халықты (казактарды) сулы, құнарлы жерлерден ығыстырып, олардан тартып алған жерді қоныстанушыларға берді. Мұның өзі ұлттардың өзара өшпенділігін қоздыратын зұлымдық саясат еді. Патша өкіметі шеткері аймақтарда орыс шаруалары мен казактардан шыққан кулактарға сүйеніп, емін-еркін үстемдік етіп келді. Отаршылдар қоныс аударып келгендерге азын-аулақ жеңілдік беру арқылы казактарды оларға өшіктіруге, самодержавиедің зұлымдығы мен әділетсіздігіне соларды кінәлі етіп көрсетуге тырысты. Отаршылдардың ойынша, мұндай жағдайда орыс еңбекшілері мен казак халқының патша өкіметіне қарсы бірлесіп күресуі мүмкін емес еді. Бірақ патша өкіметінің бұл үміті ақталмады. Сөйтіп, патша өкіметі өзінің отаршылдық саясатында ұлттар арасында алауыздық туғызуға қаша тырысқанымен, одан нәтиже шығара алмады. Еңбекші халық үшін ұлттық алауыздықтан гөрі таптық мүдде жоғары еді. Орыс шаруалары казак еңбекшілерімен бірігіп, самодержавиеге, отаршылдық өкіметке қарсы күреске аттанды.

Қазақстан жерінде, әсіресе ауыл-селода Совет өкіметін орнатып, партия мен үкіметтің осы бағыттағы шараларын жүзеге асыруға еңбекші халықты жаппай жұмылдыруға алғашқы жылдары етек алған ұлтшылдық пиғылдар да елеулі зиянын тигізді. Әсіресе жер-су реформасын жүргізгенде ұлтшылдық бағыттың бел алып кетуіне жол бермеу партия, совет ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі болды. Ұлтшылдар барлық орыстар мен украиндарды, олардың әлеуметтік жағдайына қарамастан, Түркістаннан көшіруді талап етті. Оларға контрреволюциялық элементтер үлкен үміт артты. Олар ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен болып, Қазақстанды Советтік Россиядан бөліп алуды, сонан соң республикадағы советтік системаны біржола жоюды көкседі. Буржуазиялық ұлтшылдар казак шаруаларына үміт артты, оларға Совет өкіметін отаршылдықтың жаңа түрі деп ұғындыруға тырысып бақты. Буржуазиялық ұлтшылдар «тапсыз казак қоғамы» үшін күресті, коммунизм принциптерін казак халқы Россияның басқа ұлттарынан бұрын қабылдайды, өйткені оның күнделікті өмірінде казірдің өзінде коммунизм идеялары жүзеге асырылуда деп соқты. Олар Қазақстанда жер-су реформасының жүзеге асырылуына кедергі келтіріп бақты. Бұл реформаның ойдағыдай жүзеге асырылуы ұлтшылдардың патриархтық казак ауыл бәз-баяғы қалпында сақтау жөніндегі тәтті қиялын күйретіп жіберетінін түсінді.

Қазақстанда социализм құрылысының аса бір күрделі проблемасы — жер-су реформасын жүзеге асыру жұмысы осындай күрделі де қиын-қыстау жағдайда қолға алынды. В. И. Ленин айтқандай, бұл тап күресінің тағы бір шиеленіскей майданы болды, социализмнің экономикалық саласындағы күресте «кімді кім жеңеді?» деген тікелей сұрақ қойылды. «...Бұл күрес Колчак пен Деникинге қарсы күрестен де гөрі анағұрлым сұрапыл, анағұрлым қатты күрес болады... казірде біздің алдымызда тұрған міндеттен гөрі соғыс міндетін шешу қалай да оңай...» деп жазды В. И. Ленин 1921 жылы (Шығармалар, 33-том, 50-бет).

Міне сондықтан да социалистік революцияның жеңісін ауылда, деревняда одаң әрі өрістетуге үшін аграрлық өзгерістерді жүзеге асырудың үлкен маңызы болды. Қазақстанда жер үшін болған күрес ауыл-селоларда шиеленісе түсті. Байлар мен кулактар жергілікті жердегі совет органдарының әлсіздігін пайдаланып, мемлекетіміздің жер саясатына қарсы күресіп бақты. Коммунистік партия мен Совет үкіметі жер мен суды пайдаланудағы теңсіздікті жоя отырып, аграрлық реформа шараларын біртіндеп жүзе-

ге асыра бастады. Бұл реформаны жүзеге асыруда жұмысшы табы, қазақ кедейлері мен орыс шаруалары қол ұстасып күресті.

Қазақстан еңбекшілері партияның Орталық Комитетіне, Совет үкіметіне және В. И. Лениннің жеке өзіне хат жазып, патша өкіметі тартып алған жерлерді өздеріне қайтарып беруді өтініп сұрады. В. И. Ленин Қазақстандағы аграрлық мәселеге айрықша көңіл бөлді. Оның инициативасы бойынша 1920 жылы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының жанынан көшпелі аудандарда аграрлық саясатты жүргізу мәселесімен шұғылданатын арнаулы комиссия құрылды.

Жергілікті жерлердегі жағдайды жан-жақты зерттеп шыққан соң комиссия ол жөнінде партияның Орталық Комитетіне баяндалды. Орталық Комитет орыс патшасының отаршылдық саясатының қалдықтарын түп-тамырына дейін жойып, жергілікті халықтар арасындағы патриархтық-феодалдық қатынастардың сарқыншақтарынан біртіндеп арылту жөнінде қаулы қабылдады.

Коммунистік партияның осындай шешімдерін жүзеге асыруда Бүкіл россиялық Атырау Комитеті және РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Түркістан комиссиясы елауір жұмыс істеді. Бұл комиссия Қазақстандағы қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық жағдайды терең зерттеп, совет ұйымдарына аграрлық мәселені шешу жөнінде құнды кеңес берді.

1920 жылдың сентябрінде Түркістан республикасы Советтерінің IX съезінде жер-су реформасын жүргізу жөніндегі декрет жобасы кеңінен талқыланды. Республикадағы саяси және экономикалық жағдай туралы баяндамалар тыңдалды. Съезд делегаттары жер-су реформасын жүзеге асыру ауыл шаруашылығында социалистік құрылысты баянды ететінін айта келіп, ол жөніндегі декретті бірауыздан қабылдады. Бұл ретте РКП(б) Орталық Комитетінің жер мәселесі жөніндегі қаулысы негізге алынды. Атап айтқанда жер мен суды пайдалануға байырғы халықтың правосын қоныс аударып келген орыстармен теңестіру, байлар мен кулактардың шаруашылығын жою, отырықшылыққа айналысы келетін көшпелілерге жер бөліп беру, басқа да қажетті жағдайлар жасау мақсаты көзделді.

Қазақ халқының өмірінде Советтердің I Құрылтай съезінің шақырылуы үлкен оқиға болды. Ол революцияның барлық жеңістерін қорытындылап, Қырғыз (Қазақ) АССР еңбекшілері правосының Декларациясын жариялады. Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аграрлық мәселе жөніндегі қаулылары мен шешімдерін жинақтай отырып, съезд мыналарды атап көрсетті: жерге жеке меншікті жойып, оны еңбекшілер мемлекетінің қарамағына беру жөнінде РСФСР саясатын қолдану; Қазақ АССР-інің жер саясатында қазақ кедейлеріне, әсіресе жерін патша өкіметі мен россиялық буржуазия тартып алған шаруаларға ерекше қамқорлық жасау, сөйтіп қазақ еңбекшілерін отырықшылыққа көшіріп, олардың экономикалық және рухани дәрежесін арттыру.

Съезде жер-су реформасын жүзеге асыруға бағытталған негізгі шаралар атап көрсетіліп, шешім қабылданды. Қазақ АССР-нің территориясында бұл шараларды іске асырғанда жерге орналастырудың социалистік ережесінің жалпы принциптері негізге алынып, жергілікті тұрмыс және шаруашылық жағдайларына, жерді пайдалану ерекшелігіне қарай қосымшалар мен өзгертулер енгізілді.

Қазақстан Советтерінің съезі шаруашылықты жүргізудің социалистік формасын өтудің ең қолайлы жолы — ауыл шаруашылығын коллективтендіруге зор көңіл бөлді. Съезд сонымен бірге жергілікті тұрғындардың өз еркімен коммуналар, артельдер және басқа да бірлестіктер ұйымдастыру, селолық аудандарда жергілікті шикізатпен жұмыс істейтін советтік шаруашылықтар құру қажеттігін атап көрсетті. Сөйтіп осы арқылы екі үлкен мәселе шешілді. Біріншіден, адамдар жұмыспен қамтамасыз етілсе, екіншіден, бұл шаруашылықтар агротехникалық білімді насихаттаушы орын болды.

Жер-су реформасын жүргізудегі басты мәселенің бірін — мелiorациялық жұмыстарды дереу қолға алу қажет болды. Қазақстанның шөл далалы оңтүстік аудандарында суландыру жұмыстары мал өсіретін шаруашылық үшін де, егіншілікпен айналысатын шаруашылық үшін де өмірлік мәселе еді. Суландыру жұмыстары мемлекет қаржысы есебінен сол аудандар тұрғындарының күшімен жүзеге асырылуға тиісті болды. Сондай-ақ жер-су реформасының шараларын жүзеге асыру барысында шөлейт жерлердегі су қоймалары мен су көздерін көшпелі қазақтар тегін пайдалана бастады. Мұндай су көздерін қорғауды, күтуді мемлекет өз міндетіне алды. Жер-су реформасын жүзеге асыру негізінде жаңа су қоймаларын салу ұйғарылды.

Ауыл шаруашылығын күрт өркендетуге бағытталған жер-су реформасын жүргізген кезде шаруашылықты машинамен, еңбек құралдарымен жабдықтайтын пункттер ұйымдастырып, жөндеу мастерскойларының жүйесін ұлғайту мәселесі де шешілді. Сол сияқты жеке меншікті және коллективтік шаруашылықтар сортты тұқыммен қамтамасыз етіліп, ауылдар мен деревняларда үлгі-тәжірибе станциялары, мал шағылыстыру пункттері ұйымдастырылды. Шаруалардың жеке меншік диірмендері мемлекет бақылауына алынды.

Қазақстанда жер-су реформасының шараларын ойдағыдай жүргізу үшін ауыл шаруашылығының мамандары аса қажет болды. Сондықтан барлық совет ұйымдары кадрлардың есебін алып, басқа салада істеп жүрген ауыл шаруашылығы мамандарын ауыл-селоға қайтарды.

Қазақстанда жер-су реформасын жүзеге асыру үшін осындай бірсыпыра шараларды жүзеге асыруға тура келді. Сонымен бірге ауылдар мен деревнялардың өсуін, олар-

дың ұлттық және экономикалық тіршілігін социалистік негізде бүтіндей қайта құру мақсаты көзделді.

Совет өкіметі реформаны жүзеге асыру арқылы Россия мен оның шеткері аймақтарының экономикалық өсуіне күмәнданушылардың күдігін жоққа шығарды. Интервенция жылдары мен азамат соғысы кезінде Совет өкіметін құлата алмаған барлық контрреволюцияшыл элементтер ол экономикалық жағынан дами алмай әлсіреп, құлайды деп дәмеленуші еді. Совет өкіметі жауларының бұл үмітінің де күлі көкке ұшты. Өмірдің барлық саласында — саясатта да, экономикада да, мәдениетте де, тұрмыста да Совет мемлекетінің ілгері қарай қарыштап дамуына ешкім кедергі жасай алмады. Ол шаруашылық құрылыста сеніммен алға баса берді. Оған мысал ретінде жер-су реформасының ойдағыдай жүргізілгенін айтсақ та жеткілікті.

Қазақстандағы аграрлық мәселенің ерекшелігіне қарай жер-су реформасын жүргізуге жауапты совет ұйымдарына реформаның мерзімін, формасын анықтау оңайға түскен жоқ. Оны жүзеге асыру тәсілі Қазақстанның түрлі аудандарында санқилы болды. Ол егіншілікпен айналысатын отырықшы шаруашылықтарда ойдағыдай жүзеге асырыла бастады, одан соң жартылай көшпелі және көшпелі шаруашылықтарда жүргізілді.

1921 жылдың 19 апрелінде Ақмола, Торғай, Семей, Орал губернияларының жерін қазақ халқына қайырып беру жөнінде декрет жарияланды. Мұның өзі қалың қазақ еңбекшілерінің Совет өкіметіне деген сенімін бұрыштыдан да арттыра түсті, оларды жаңа тұрмыс орнату жолындағы күреске жігерлендірді.

Партия ұйымдары ауылдар мен деревня үшін қажетті мамандар даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашып, реформаның мәнін қалың көпшілікке түсіндіру үшін жүздеген партия, совет қызметкерлерін жергілікті жерге жіберді. Олар жергілікті коммунистер мен активистерге сүйене отырып, Қазақстанның барлық аудандарында бірдей жер-су реформасын жүзеге асырды. Бұл жөнінде Оңтүстік Қазақстан партия ұйымдарының жұмысы айтарлықтай болды. Тек Жетісудың өзінде ғана қазақтар мен өзге де халықтарға (үйғырларға, дүңғандарға) 470 мың гектардан астам жер қайырып берілді.

Реформаның барысында қазақтарға өз жерінің қайтарылып берілуі көшпелілердің мал шаруашылығымен бірге егіншілікпен айналысуына мүмкіндік туғызды. Талдықорған уезінің өзінде ғана Советтерге мыңнан астам шаруашылықтардан егін егуге жер сұраған өтініш түсті. Ең алдымен бұрын жерді байлардан жалға алып пайдаланып келген кедей шаруаларға жер беру мұқият ескерілді.

Жер мен су көздерін бөлу мәселесімен уездердің жер бөлімдері айналысты. Олар жерді болыстық атқару комитеттеріне бөліп берді. Ал болыстық комитеттер шаруашылықтардың ыңғайына қарай жерді ауылдар мен деревняларға бөлді. Кедейлердің коллективтік шаруашылықтары мен советтік шаруашылықтарға жер-су көздерін бөлгенде шұрайлы жерлер берілді.

1922 жылдың 26 августында Жерді пайдалану туралы негізгі заң күшіне енді. Бұл жер-су қатынастарын жетілдірудегі тағы бір жаңа қадам еді. Жаңа заң бойынша ауылдар мен деревняларға жерді ұйымдасып, коллектив болып (артель, ТОЗ, коммуна) пайдалануына право берілді.

Осының нәтижесінде қазақ кедейлері мен орыс, украин кедей шаруалары совет ұйымдарымен бірлесіп отырып, ауыл мен деревняны әлеуметтік жағынан қайта құруға күш салды. Сөйтіп ғасырлар бойы жерге қолы жетпеген байырғы халықтар жерге ие болып, шаруашылықты жүргізудің прогрестік формаларын игере бастады. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының сарқыншақтары батыл жойылды. Қазақ аулына, үйғырлар мен дүңғандардың қыстақтарына социалистік құрылыс нышандары ене бастады. Қазақ халқының социализмге өтуіне әлеуметтік-экономикалық ажы шарттар жасалды.

Г. ЖҮСІПБЕКОВА.

ПУГАЧЕВ КӨТЕРІЛІСІНЕ ҚАЗАҚТАР ДА ҚАТЫСҚАН

Қазақтардың Пугачев көтерілісіне қатысуы жайындағы мәселе әр жерде айтылып, азды-көпті жазылып жүргенімен Қазақстан тарихында әлі терең зерттеліп, сыр-сипаты толық ашыла қоймаған мәселе еді. Бекмаханованың жақында «Қазақстан» баспасынан шыққан монографиясы* осы олқылықтың орнын толтыруға жасалған игі қадам деуіміз керек. Автор XVIII ғасырдың 70—80 жылдарында Кіші жүз бен Орта жүзді қамтыған отаршылдыққа қарсы қозғалысқа тамызық болған Е. Пугачев көтерілісіне қазақтардың қатысуын, күрестің қозғаушы күші мен сипатын, қазақтар қозғалысының Пугачев орталығымен идеологиялық және ұйымдық байланысын, сондай-ақ көтерілістің нәтижесін өз еңбегіне өзекті арқау етіп алады.

Езілген жұртты дүр сілкіндірген сол бір дүбірлі жылдарда қазақ даласындағы оқиғаның қалай өрбігенін, қолына қару алып, көтеріліске шыққан халықтың күрес әдісі мен талап-тілегінің қалайша өзгеріп отырғанын нақты деректерге сүйене отырып, барынша дәл көрсетумен бірге автор шаруалар соғысына қатысқан Кіші жүз, Орта жүз қазақтарының неліктен көтерілгенін де, оның неліктен жеңіліп қалғанын да ашып береді.

Шынында көтеріліске себеп болған не? Оған басты себеп — патша өкіметінің озбырлық, отаршылдық саясаты. Патша ағзам қол астындағы «бұратана» халықтарды, әсіресе тіршілік-тынысы мал бағумен байланысты қазақтарды жазғы шүйгін жайылымынан, қысқы жайлым қонысынан қуып, қанаушылық бұғауында ұстай берді. Осындай қиынқыстау шақта Пугачев жасақтарының жауынгерлік қимылы езілген елді елең еткізіп, еңсесін көтеріп тастады. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары да қолына қару ұстап, көтеріліске шықты. Әсіресе кітапта қазақ ауылының экономикалық-әлеуметтік хал-жағдайы, олардың Жайық бойын жайлаған қазақтармен, қалмақтармен қарым-қатынасы, жер мәселесі жақсы көрсетілген.

* Н. Е. Бекмаханова. Көктемір туралы аңыз. Орыс тілінде, «Қазақстан» баспасы, 1968 ж.

Бұрын бірсыпыра тарихшылар шаруалар соғысы жылдарында Қазақстанда халық қозғалысы онша өріс ала қойған жоқ деген пікірде болатын. Н. Бекмаханова мұндай пікірдің үстірт, тіпті қате екенін дәлелдейді. Автор шаруалар соғысы жылдарындағы қазақ халқы күресінің Пугачев әскерімен байланысты болған-болмағанына қарамастан, патшаға, отаршылдық саясатына қарсы жүргізілген күрес екенін тарихи деректерге, нақты документтерге сүйене отырып дәлелдеген. Әйтсе де 1773 жылдың сентябрі мен 1774 жылдың марты аралығындағы Пугачев жарлығынан кейінгі қозғалыстың екі бағытта — халықтың өз бетінше әрекет етуімен және таққа таласқан «шынжыр балақ, шұбар төстердің» бастауымен өрбігендігін баяндайтын кітап беттері сәтті. «Бұл қозғалысқа себеп болған және қалың бұқара тарапынан қолдауды қамтамасыз еткен хан жасауылдарымен, патша өкіметімен арадағы қақтығыстар емес, қайта жер мәселесі еді» деген автордың пікірі әбден дұрыс.

Осыған орай монографияда көтерілістің әр кезеңіне қазақтардың қатысуы жөніндегі тарихи деректер де жаңаша талданады. Мәселен, автор шаруалар соғысы жылдарындағы көтерілісшілер күресінің жаңа формасын ашып көрсетеді. Қазақтар шағын бекіністермен бірге Орынбор, Орск, Гурьев, Жайық-қала сияқты ірі, берік қамалдарды қоршап, оларға ұйымдасқан түрде шабуыл жасайды, көтерілісшілер талай күн табан тіресіп, патша әскерлерімен шайқасады; бірнеше мың адамнан құралған қарулы қазақ жасақтары ұйымдасқан түрде соғысады, кейде олар 1773 жылы күзде Пугачев пен оның серіктері құрған көтерілісшілер әскерінің Мемлекеттік әскери коллегиясының құрамында қимыл жасайды. Қазақ жасақтарының бір қатары Андрей Овчинников басқарған пугачевшілардың ерекше жорық кеңсесіне бағынады.

Кітапта архив деректері мол пайдаланылған. Солардың бірсыпырасы бұрын бимәлім болып келген соны материалдар. Әсіресе Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Пугачев қозғалысына қатысуы

жөніндегі құнды мәліметтердің ғылым қорына тұңғыш қосылып отырғанын атап өткен жөн. Автор көтерілісші қазақ отрядтарының қару-жарақтары, тактикасы жайлы, 1775 жылдың көктемі мен жазындағы қайғылы оқиғадан кейінгі күрестің жаңа сипаты болып көрінетін Көктемір қозғалысы туралы да көпшілікке белгісіз талай-талай тамаша деректер тапқан. Сондай-ақ кітапта XVIII ғасырдың 50—70 жылдарындағы Орта жүздегі толқулар мен Орта жүз қазақтарының 1774—1775 жылдардағы көтерілісі туралы көптеген мәнді мағлұмат бар.

Монографияда ел арасында аңыз болып кеткен Көктемір қозғалысына көлемді орын берілген. Шынында мұның өзі дұрыс. Өйткені Көктемір есімі ел есінде «отқа салса, күймейтін, суға салса батпайтын» хас батыр, жауына жай оғындай тиер ер, тіпті жат көзге шалынбайтын сыйқырлы күш, көрінбес керемет несі ретінде сақталған. Автор сол аты аңызға айналған адамның 1775 жылы сентябрьде Кіші жүздің Табын, Тама руларынан шыққанын, оның не үшін күрескенін нақты тарихи деректерге сүйене отырып дәлелдейді. «...Көктемір қозғалысы 1775 жылдың күзінде басталды, ол Кіші жүз қазақтарының көтерілісін жазалау отрядтары қанмен басқан көктем мен күздегі қайғылы оқиғадан кейінгі күрестің жаңа формасы болды», дейді автор. Өте орынды. Неге десеңіз, ашынған халық әділеттікті табудың жолын күрестен іздеді. Дегенмен айта кетер бір жәйт—автор соны деректерге,

тың материалдарға қызығып, кітаптың III тарауын — Кіші жүз қазақтарының 1774 жылғы көтеріліске қатысуын тым шұбаланқы етіп, оқуға ауырлатып жіберіпті. Ұсақ-түйек фактілерді, ресми документтерден келтірілген үзінділерді тізберген.

Пугачевтың бастауымен қазақтардың шаруалар соғысына қатысуы жөніндегі проблеманы автор Россияны мекендеген халықтардың достығы, олардың ортақ жауға — крепостиктік құрылысқа, тайтық, отаршылдық қанауға бірлесіп күресуі тұрғысынан қарастырады. Автор қазақ халқы күресінің әлеуметтік-экономикалық себептерін талдап көрсетуге ұмтылған. Кітапта үстем тап өкілдерінің де көтеріліске қатысканы әңгіме болады. Бірақ олар өз басының қамын, өз табының мүддесін көздеді деген пікір айтылады. Ал сол сұлтандар мен хандарды, мырзалар мен шонжарларды халық көтерілісіне қатысуға итермелеген экономикалық мүдде қандай еді, саяси жағдай қандай еді? Автор бұл арасын ашып көрсетпейді. Сірә, бұл мәселені әлі де тереңірек зерттеп, толығырақ баяндау керек тәрізді. Сондай-ақ кітапта әртүрлі документтерден алынған үзінділер тым көп. Баспа орнының жіберген техникалық кемшіліктері де баршылық.

Жалпы алғанда Н. Е. Бекмаханованың бұл еңбегі Қазақстан тарихын зерттеуге қосылған бағалы үлес екенінде талас жоқ.

Э. ГЕРАСИМОВА,
тарих ғылымының кандидаты.

Тарихта Ұйымдарында

НАСИХАТШЫЛАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Шымкент облыстық партия комитеті насихатшылардың ғылыми-методикалық конференциясын өткізді. Оған аудандар мен қалалардан, колхоз-совхоздар мен өнеркәсіп орындарынан төрт жүзге тарта адам қатынасты.

Конференцияда облыстық партия комитетінің секретары С. Задин жолдас «Партиялық насихаттың лениндік принциптері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Шымкент педагогика институтының аға оқытушысы И. Д. Шайкиннің «Насихат жұмысындағы логика мен психологияның кейбір мәселелері», Қазақтың химия-технология институтының аға оқытушысы И. И. Функтің «Диалектикалық материализмді тану теориясы және оның партиялық насихаттағы мәні»,

педагогика ғылымының кандидаты К. Н. Нұрлыбековтың «В. И. Ленин насихат жұмысында педагогика элементтерін ескеру жөнінде» деген тақырыптарда жасалған қосымша баяндамаларды да конференцияға қатысушылар ықыласпен тыңдады.

Конференцияда шығып сөйлеген насихатшылар: А. Л. Моисеенко, Т. А. Бабаян, А. К. Туғанов, Ұ. Ахмамбетов сияқты жолдастар коммунистік насихаттағы теорияның өмірмен байланысы, оның жоғары идеялы, ғылыми негізделген, шыншыл да пәрменді болуы жөніндегі лениндік принциптерді іс жүзінде қалай қолданатындарын айтып, өз тәжірибелерін ортаға салды. Конференция коммунистер мен комсомолецтердің саяси оқуын ұйымдастыру әдістерін әлі де жетілдіре түсуге насихатшылар назарын баса аударды.

ЖАҢА ЛЕКТОРИИ

Жамбыл облыстық және қалалық партия активіне арналған лекторий өз жұмысын бастады. Алғашқы лекцияға жиналғандар В. И. Лениннің грампластикаға жазылған «Совет өкіметі деген не?», «Еңбек тәртібі туралы» деген сөздерін тыңдады. Ал Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші секретары Б. Садуақасов жолдас «Лениннің туы астында, коммунизмге қарай қадам баса берейік» деген тақырыпта лекция оқыды.

Бұл күндері ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің өмірі мен қызметі жөнінде, Ленин өсиеттерінің ойдағыдай жүзеге асырылып жатқандығы жайындағы лекциялар барлық аудан орталықтарында, ауылдар мен селоларда оқылуда.

БЮРО КОМСОМОЛ ЖҰМЫСЫН ҚАРАДЫ

Өткен жылы Павлодар облысы, Қачиры аудандық комсомол комитеті ВЛКСМ қатарына 955 жас қабылдады. Олардың ішінде өндіріс озаттары да аз емес. Ал Ленин комсомолы қатарында болып, өзінің өндірістегі, қоғам өміріндегі белсенділігімен көзге түскен 51 комсомолешке КПСС мүшелігіне кандидаттыққа өтуге кепілдеме берілді. Жалпы алғанда ауданда жастар арасындағы тәрбие жұмысы жақсарып келе жатқаны байқалады.

Жақында аудандық партия комитетінің бюросы жас түлектер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде аудандық комсомол комитетінің есебін тыңдады. Онда комсомол ұйымдары жүргізіп отырған игі істермен бірге жас ұрпаққа саяси-тәрбие беру саласында әлі де ағаттықтар бар екені, әсіресе

ВЛКСМ қатарын колхоз-совхоз өндірісінде істейтін жастар есебінен толықтыру ісінің ойдағыдай емес екендігі атап көрсетілді. Бюро «Байқоныс», «Бобров», Трофимов атындағы совхоздар мен «Коммунар», Киров атындағы колхоздардың партия комитеттеріне комсомол ұйымдарының жұмысына басшылықты жақсартуды қатаң тапсырды.

Аудандық комитеттің бюросы жастар арасындағы тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде нақты шаралар белгіледі.

КУРС ЖҰМЫСЫН АЯҚТАДЫ

Таяуда Қарағандыдағы партия қызметкерлерінің білімін көтеруге арналған бір айлық курс өз жұмысын аяқтады. Онда қалалық, аудандық партия комитеттерінің ұйымдастыру-партия жұмыстары бөлімдерінің елуден астам нұсқаушылары мен секретарьлардың көмекшілері оқыл, теориялық білімдерін көтерді.

Курске қатысқандар КПСС тарихынан, ғылыми коммунизм негіздерінен, партия құрылысы мәселелерінен, ауыл шаруашылық экономикасы жөнінен лекциялар тыңдады.

Бұл лекцияларды жоғары оқу орындарының оқытушылары, облыстық партия комитетінің секретарьлары мен бөлім меңгерушілері оқыды.

Тыңдаушылар жергілікті кәсіпорындарда, партия ұйымдарында болды. Олар Саран қалалық партия комитетінің, Тельман және Теміржол аудандық партия комитеттерінің ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарды жүргізу тәжірибесімен, Қарағанды синтетикалық каучук заводы партия ұйымының жаңа жағдайдағы жұмыстарымен танысты.

Сөйтіп курске қатысқан партия қызметкерлері теориялық білімдерін көтерумен бірге тәуір тәжірибелермен де танысуға мүмкіндік алды.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

УГО2665.

Зак. 18.

Тираж 44325

Қ. САҒЫНДЫҚОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ш. ЕСМҰРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, Қ. МЕНДІБАЕВ, Т. ЫДЫРЫСОВ.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, насихат және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03

4/VI-1969 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆, 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы. Алматы, Ленин проспекті, 4.